

ЖШС «Ақсана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін.

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

Д.А. Темирова.



«Ән-саз»

Перспективалық жоспар

«Аққу»

тобы.

2021-2022ж.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

«Аққу» Ортанғы топ

Мақсаты: Музыканың сипатын ажырату, салыстыру, әнді асықпай, сөздерін анық айтуға үйрету.

Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
Қыркүйек Менің балабақшам	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	2
	«Тату доспыз бәріміз»	2
	«Менің балабақшам»	2
	«Көңілді ырғақтар»	2
Қазан Менің отбасым	«Атамның киіз үйі»	2
	«Орманға саяхат»	2
	«Күз жомарт»	2
Қараша Дені саудың- жаны сау	«Кел, билейік»	2
	«Күз байлығы»	2
	«Біздің атай»	2
Желтоқсан Менің Қазақстаным	«Қазақстан – кең, байтақ елім»	2
	«Менің отаным»	2
	«Біздің Астана»	2
Қаңтар Табиғат әлемі	«Қыс өрнегі»	1
	«Жайлаудағы төлдер»	1
	«Құстар біздің досымыз»	2
	«Қысқы әуен»	2
Ақпан Бізді қоршаған әлем	«Әуенді – сиқырлы ормандағы кұртақандар»	2
	«Пойыз»	2
	«Бесік жыры»	2
Наурыз Салттар мен фольклор	«Наурызым, армысың»	2
	«Әуенді сандықша»	2
	«Көктем»	2
Сәуір Біз еңбекқор баламыз	«Шуақты көктем»	2
	«Ас атасы-нан»	2
	«Әнші балапан»	2
Мамыр Әрқашан күн сөнбесін	«Ағайынбыз, бәріміз»	2
	«Отан – ортақ үйіміз»	2
	«Әрқашан күн сөнбесін»	2
		54

Күні: 7-9. 09.2021ж,

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті.

Билингвалды компонент: Ойыншықтар – игрушки.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау.	Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келеді. Амандасады. Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С. Керімбаев, І.Шұғаев). Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Музыка тыңдау: «Би» (Е.Андосов). Ән үйрену: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) Музыка жетекшісі әнді мәтініне мән бере орындап, әуенін үйретеді. Әуенді-қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін	Ән ырғағына сай қимылды жасайды.

	биге үйретеді.	
Рефлексиялық - түзетушілік	Қорытындылау. Балаларды бағалау, марапаттау.	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді.

Игереді: іркілмейік, деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды.

Меңгереді: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауға.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 14-16. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз»

Мақсаты: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілігі: Көңілді балақайлардың суреті.

Билингвалды компонент: Достық - дружба

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Амандасады. Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай!	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Достық» (И.Нүсіпбаев, Е.Елубаев) - Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір- бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрету: «Тату доспыз бәріміз» (Е.Меңдешев, Ф.Оңғарсынова). Ән айтар алдында ережелерді еске түсіру. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенмен айтқызады. Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (А.Тоқсанбаев). Әуен ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар ережелерді еске түсіріп, оларды сақтайды. Қол ұстасып айналады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	Балалар қош, айтысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық, достық түсініктерін.

Меңгереді: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні:21-23. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу. Бізге тәртіп үйреткен, Ән салдырып билеткен, Әріптермен, суретпен Таныстырған біздерді Педагог тәтеміз. (О. Асқар)	Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) - Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? - Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Дастастық» (Р. Рустамов) Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп,	Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады. Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын

	өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады	шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау.	Балалар қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г. Сейділдаева.

Күні: 28-30. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»

Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Бақытты балалардың суреті

Билингвалды компонент: Көңілді ырғақ – весёлый ритм

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді. Камзол киген қынай бел Толған ою-өрнекке. Билеші деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке - Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан Көріп жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.	Балалар әуенмен залға келеді. Қайырлы таң, алтын күз! Қайырлы таң, Жер-ана! Қайырлы таң, туған жерім! Қайырлы таң, жан досым!
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай». Вальс – жұптасып, үдемелі айналуға өтетін би. Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі. Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды. Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту.	Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды.

	Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау. Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы) Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту. Ойын: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова, А. Асылбек). Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады. Әуенді-қимылды қозғалыс: Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату.	Дауыс тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады. Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық? - әнде не туралы айтылды? Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қорытындылау, бағалау.	Қамажай әнін тыңдадық. Жүн түту, ұршық иіру, киіз басу. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.

Игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.

Меңгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-7. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Атамның киіз үйі»

Мақсаты: «Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.»

Көрнекілігі: Атаның суреті

Билингвалды компонент: Ата - дедушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды қарсы әшенов, Ә. Тәжібаев) алып, «Марш» (Л.Хамиди) әуеніне, жүруді ұсынады. <i>Бір, екі, үш, төрт, Аяқты нық басайық Бір, екі, үш, төрт, Асулардан асайық,</i> деп әуен сипатын бере, ырғақты сезіне қозғалуларын бақылайды. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп, «Жайлау таңы» (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады. Балалармен «Жайлауда» атты әңгіме-сұхбат жүргізеді.	Әуеннің сипатын беруге тырысып, тізелерін көтере, нық басып жүреді. Екпіннің тез және жай түрін қимылме көрсетеді. Жайлау туралы әңгімеге қосылып, сұрақтарға жауап береді, қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<i>Атамызды қуантып, Жайлауға біз барамыз Құлыншақпен шабамыз, Бұған жетер шамамыз,</i> - деп «Құлыншақ» (Е. Тәнінің) екпіндеп құлыншақ шабысын келтіріп жүруді ұсынады. Залға ата киімін киген жетекші кіреді. Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Жетекші киіз үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті	«Құлыншаққа отырып», шаттана шауып, шеңбер бойымен жүреді. Екі қолдың жұдырығын түйіп, үзеңгіден ұстаған болып, қолдарын алға созады. Тізені серпе көтеріп, жеңіл жүгіреді. Атамен амандасып,

	көрсетеді. Киіз үйдің жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, көрпе, т.б.). Домбыраның сүйемелдеуімен ән айтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойны, шертіп ойнайтын екі ішегі бар, - деп мағлұмат береді. Ән үйрену: «Домбыра» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) балалардың ән сөздерін дұрыс, анық айтуын қадағалайды. Ойын ойнайық: «Киіз үй» Музыка жетекшісі балаларды ойынға шақырады. <i>Дөңселене тұрайық,</i> <i>Киіз үйді құрайық,</i> - деп ойынның мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, бақылайды.	кілемге жайғасып отырады. Киіз үй ішіндегі жиһаздарды, заттарды көріп, атап айтуға тырысады. Әнді зейін қоя тыңдап, қызығушылықтары артады. Әннің сипатын ажыратып, әңгімелейді. Жаңа әнді тыңдап, сөздеріне мән береді. Әннің авторлары туралы естіп біледі. Әуенді ырғақпен шапалақтап, екінін сезіне көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай заттарды көрдіңдер? - Қандай аспаппен таныстық? - деген сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды құлыншақ шабысымен топтарына шығарып салады.	Сұрақтарға көңілдене, зор ықыласпен жауап береді Қоштасып, «Құлыншақ» әуенінің ырғағымен шауып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды, таныс әуендерді ажыратуды.

Игереді: музыканы тыңдап, домбыра аспабымен танысады.

Меңгереді: домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді. Әнді жеке және хормен орындай алуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева

Күні: 12-14. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Орманға саяхат

Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы орман көрінісінің суреті.

Билингвалды компонент: Орман – лес.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орманның алыста екенін түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»-тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» отырады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Жетекші «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смаков) орындайды. Ән аяқталысымен жетекші балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отқан аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян Жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді.	Балалар әнді бар ынтасымен тыңдап, «пш-пш», «гу-гу» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, балалар қимылдарды қайталайды. Қоянды танығандарын айтып, оны қолмен ұстап, сипап көреді.

	«Қояндар биі» ойналып,балаларға өз еркінше секіруді ұсынады. «Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен аю шығады. Аю: Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде Бас қоямын ойланбай. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызығына тоймайық. Қоян, аю қуансын, Біз көңілді тойлайық. «Қояндар мен аю» ойыны.	Қоянша секіріп, қоянның қимылын жасайды. Балалар қуана аюмен амандасады. Аюдың қимылын қайталап, «қорбаңдап» жүреді. Балалар қояндар рөлінде ойынға көңілді қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік.	Балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді Өткенін айтып,балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады.Балалар қол бұлғап аюмен, қоянмен көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын көрсетуді(қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру,қорбаңдап жүру.

Ән –саз жетекшісі:Г.Сейділдаева.

Күні: 19-21. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күз жомарт»

Мақсаты: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктермен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.

Көрнекілігі: Күз мезгілінің суреті

Билингвалды компонент: Жомарт - щедрый

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Ән тыңдау: «Тамшылар» (М.Жәутіков) Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!» Бұл балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. «Өз жұбыңды тап!» ойыны да осылай ұйымдастырылады. «Музыка бояулары» ойынында балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минор ладтары мен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз.	Балалар қатармен кіреді, тұрады. Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшы қимылдарын жасауға талпынады. Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұруға тырысады. Балалар мұқият тыңдайды, отырады. Балалар еркін ойнауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға музыканың, әртүрлі бояулардан құралатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды. Ән тыңдау: - Е. Брусиловский «Би», - М. Глинка «Полька» - Қазақтың халық әні «Қамажай»	

	(өңдеген Н.Меңдіғалиев) Балалардың қолына түрлі түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Баяудан бірте- бірте көтеріледі – ақшыл жасыл. Көтеріңкі – жасыл. Жоғары дыбыс – қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген) Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов). Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді. Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген)	Желпуіш түстері арқылы музыканы, күй түстерін көрсетуге тырысады. Жоғары, төмен дыбыстарға арналған жаттығуды қайталайды. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Әнді тыңдайды, үйренеді. Би қимылдарын қайталап, айтуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- балалар, біз қандай музыка бояуларын кездестірдік? - Қандай би түрлерін көрдіңдер? - Сендер өте керемет қатысыңдар, рақмет. Сау болыңдар!	Көк, сары, жасыл, қызыл. Вальс, полька, марш, қазақ әнін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.

Игереді: Музыканы тыңдап, түстері арқылы табуды.

Меңгереді: «Кел, билейік» би элементтерін жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева

Күні: 26-28. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі: Бишілердің суреті.

Билингвалды комп: Би - Танец

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді. <i>«Келіңдер, келіңдер, Шеңбер құрып беріңдер!»</i> - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді. <i>«Қызыл, жасыл, сары, көк, Орамалды алайық, Қолды көкке созайық, Қозғап, қозғап қалайық!»</i> - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды.	Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады. Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді. Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады. Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: <i>«Орамалды аламыз, Сандықшаға саламыз»</i> , - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп:	Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі. Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды сандықшаға салуға тырысады. Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды.

	- Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды. - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен жетекші Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. «Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді».	Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ: - балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады	Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 2-4. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Күз байлығы

Мақсаты: Күш салмай ән айту,хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек,сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі: «Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар

Билингвалды комп: Күз байлығы- осенни богатства.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды амандасу жаттығуын жасап қарсы алу. Ө.Байділдаевтың «Көңілді би» шығармасымен балаларды қарсы алады, жүреді, әртүрлі ырғақты қимыл жасап үйретеді. -Балалар,біз өткен жолы «күзгі орманға» барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз «Бақша сыйын» тамашалаймыз. «Жеміс бағында»дейтін әдемі өлеңді суреттен оқып көруге шақырамын. -Балалар,жемістер қай кезде піседі? -Қандай жемістерді білсіңдер?	Балалар амандасу жаттығуын қосылып әндете айтуға тырысады. Қимылдарды қайталап, айтуға тырысады. Балалар ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді. Жемістер жазда,күзде піседі. Алма,алмұрт,жүзім,өрік,сары өрік.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Жеміс бағында» (Ж.Қалжанова)өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады. Екінші рет суретке қарап,әнді балаларға қайталапғайтуды ұсынады. Енді «Бұл қай кезде болады? «Күз» әнін (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов)есімізге түсірейік. Дидактикалық ойын: Қоңыраулардың дыбысын ажырат. Тыңдату. -Айтыңдаршы, балалар қандай дыбыс естідіңдер.	Балалар тыңдайды. Суретке қарап,көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап,есіне түсіруге тырысады. Балалар берілген дыбыстарды тыңдап ажыратуға тырысады. Жіңішке кішкенай қоңырау,орташа-орташалау қоңырау,

	Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін, дыбысын ажыратуды түсіндіреді. Ән үйрену: «Жаңбыр» (Ө.Телгозиев, Қ.Мүсірепов) Би: «Аңдар» биі. «Кел билейік» биін қайталап айту.	жуан дыбыс-үлкен қоңырау. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар қасқыр мен қояндар қимылын жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ойын: «Саусақ сезімін оят» дорбаның ішіне салып алмұрт, қара өрік, сары өрік салып қояды. Балалар қарамай, қолмен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табуы керек. -Балалар, бүгін қай мезгілге арналған әнді айттыңдар.? -Қандай ойын ойнадыңдар.? -Сендер өте жақсы қатыстыңдар. -Сау болыңдар!	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Күз мезгілінің әні. Қоңыраулардың дыбысын ажыратуды. Балалар қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың сабырлы, мұңды, ширақ, сергек сипатын ажыратуды.

Игереді: қоңыраулардың дыбысын ажыратуды, әнді суретке қарап көрсетіп есте сақтауды.

Меңгереді: би қимылдарын ажыратуды, сюжеттік рөлдерде ойнауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділділдаева.

Күні: 9-11. 11.2021ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:Музыка

Тақырыбы: «Біздің атай»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білуі. Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды отбасы мүшелеріне жеткізуге білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға үйрену.

Көрнекілігі: отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар, құлыншақтың суреті.

Билингвалды комп: Менің атам- мой дедушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка бөлмесіне «Марш» (Е.Андасов) музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізу. Шапқылауға тоймайды Жүйрік құлын бұл неткен Тыным таппай ойнауды Өзіне кім үйреткен. (Е.Ескендіров)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, шеңбер бойымен жүреді. Шаттық шеңберінде жылы лебіздерін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, бұл өлеңде не жайында айтылып отыр (фланеграфқа шауып келе жатқан құлыншақтың суретін ілу). -Құлын қай жануардың төлі. Жауап беруге көмектесу. Құлыншақ күні бойы шапса да шаршамайды. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (Ж.Тұрсынбаев) -Балалар, көздеріңді жұмып, тыңдаңдаршы, нені елестеттіңдер. Дұрыс,	Өлеңді тыңдап, музыка жетекшісінің сұрақтарына жауап береді. Музыканы тыңдай отырып, алған әсерлерін білгендерінше жеткізуге тырысады. Әнді ар ынталарымен тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Әнді үйреніп әуенімен қосылып

	аттың шабысын. Ат (жылқы) қайда өмір сүреді, қалада ма, әлде ауылда ма. Жылқыға көбінесе аталар күтім жасайды. Енді сол аталар туралы ән үйренейік. Ән үйрену: «Біздің атай» (К.Қуатбаев, Ә.Дүйсенбиев). -Атаның қолынан бәрі келеді: егін де егеді, мал да бағады, үй де салады. Ол кісіні барлығы жақсы көреді. Ән көңілді атаға арналған. Сендердің аталарың бар ма? Аталарың сендерді қалай атайды? Әннің мәтінін тыңдаған соң, әуенге қосылып айтуды үйренеді.	айтады. Өз аталары туралы айтады. Ойыншық ағаш атқа мініп, аттың шабысын салып жарысады. Балалар ойынды аса құлшыныспен ойнайды. Оларға атқа шапқан ұнайды. Би элементтерін дәл қайталауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Біз бүгін қандай жануар туралы музыка тыңдадық. -Құлыншақ қай малдың төлі. Сабақты қорытындылау, мадақтау	Құлыншақ туралы. Жылқының төлі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ата туралы үй жануары жылқының төлі құлыншақ туралы.

Игереді: қамқор, бағбан, ұста сөздерінің мағынасын.

Меңгереді: аттың шабысын салып жарысу дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдакева.

Күні: 16-18. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қазақстан – кең, байтақ елім»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: Қазақстан рәміздерінің суреті, сәулетті қалалардың суреті.

Билингвалды компонент: Кең байтақ – широки край.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Қазақстан» (Қ.Есмұратов, Х.Балшабеков) Әнін ойнатып, балаларды көңілді қарсы алады. Балаларға қолдарына жалаушаны таратып беріп, әуенді- қимылға шақырады. Босқа қарап тұрмаймыз, Ән айтамыз, жырлаймыз Жалаушаны көгілдір Оңды – солды бұлғаймыз. Біздің еліміз өз гербі,туы, гимні бар егеменді ел.	Балалар қуана келісіп, жалаушаларды алады, дұрыс Ұстауға талпынады. Рәміздердің суретін көріп ту, герб, гимн туралы тыңдап, әңгімелейді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Біздің Қазақстанымыз кең – байтақ жері бай өте үлкен мемлекет. Әдемі қалалары бар, табиғаты сұлу, таулары, өзендері көрікті. Ән тыңдау: «Қазақстан» (С.Мұхамеджанов,Ғ.Жұмабаев) - Әннің сипаты қандай? - Әнде не туралы айтылады? Сендерді Қазақстанымызды аралап, танысуға саяхатқа шақырамыз. Пойызбен барамыз. «Пойыз» (Ж.Тұрсынбаев, А. Асылбек) әннің	Суреттерді тамашалап, қызығушылық тарын артады. Әңгімені қызыға тыңдайды. Әнді бар ынталармен тыңдайды. Көңілді пойызға жайғасып

	ырғағымен вагондар қозғалады. Мен,паровоз,от алам. Астанаға бет алам, Пуп-пуп, пыш-пыш. Міне Түркістан қаласы! – деп қабарлайды. Үнтаспадан «Түркістан» әні (Р.Рымбаеваның орыдауында) естіледі. Қаладан көп өтеміз, Астанаға жетеміз. Пуп – пуп, пыш –пыш. Саяхат әрі қарай жалғасады. - Міне, Астанаға да жеттік. (Суреттер көрсетіледі) Көшелері қандай әдемі! Биік үйлері көп екен. Ал мынау жарқырап тұрған «Бәйтерек» кешені, - деп таныстырады. Біз көңілді баламыз, Ойнап асыр саламыз. Ән де айтып, көңілді, Би де билей аламыз. Би: «Кел, билейік» биін билеуге шақырады.	отырады. Паровоз дауысын салып, көңілденеді. Түркістан қаласының суретін көріп, тамашалайды. Әнді тыңдап әсерленеді. Көңілді пойызбен саяхаттарын жалғастырады. Қала суретін тамашалайды. Астананың сәулетті көшелерінің суреттеріне таңырқай қарайды. Би қимылдарын бірге жасауға, ырғақпен қозғалуын әрекет етеді.
Рефлексиялық – түзетушілік	- Қандай рәміздерді білесіңдер? - Қай мемлекетте тұрасыңдар? - Қандай қалаларға бардық? - Кімге қай қала ұнады? – деген сұрақтар арқылы оқу іс- әрекетін қорытындылайды.	Балалар естіп білгендерін, көргендерін айтып жауап береді. Қуанышты күйде қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді сезіне тыңдауды, мәтінін әңгімелей білуді.

Игереді: жалаушалармен еркін жаттығулар жасауды, ойын саяхатын белсене қатысуды, ән әуенін, ырғағын шапалақпен келтіруді.

Меңгереді: мемлекеттік рәміздермен танысып, Қазақстан туралы мәліметтерді ұғынуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 23-25. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің Отаным»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттғу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу.

Көрнекілігі: Еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер.

Билингвалды компонент: Менің Отаным – Моя Родина.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. <i>Бір, екі, үш!</i> <i>Бойға жинап күш,</i> <i>Ағалардай Отанға,</i> <i>Ұлан болам мен ертең!</i> Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.	Әуен екпінімен нық басып, ырғақты сезіне жүруге талпынады. Тізелерін көтере, мақтанышпен жүріп өлең жолдарын қосыла айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді. «Жалаушамен би» (Е.Брусиловский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды. Қалалардың еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке қарап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. <i>Жайнаған сансыз қаласы,</i> <i>Жайқалған жомарт даласы,</i> <i>Ел-Отан біздің кең-байтақ</i> <i>Отанның біздер баласы.</i> (Қ.Шаңғытаев)	Жалаушаларды ұстап, 4-5 қатарға тұрады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Жалаушаны желбірте жоғары көтереді, оңға, солға бұрылып, бірге қимылдауға тырысады. Балалар жатқа білетін тақпақ,

	Балалардан Отан туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап, белсене қатысқан балаларды мақтайды. - Кең-байтақ Отанымыз туралы ақын ағаларымыз осылай жырлайды. Ән тыңдау: «Отан-ортақ үйіміз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы). - Бұл әннің көңіл күйі қандай? - Ән мазмұнында не туралы айтылады? - Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе? - деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік ұғымын кеңейте түседі. Ән үйрену: «Менің Отаным» (Ө.Байділдаев, Б.Ысқақов). Әнді орындап сипатын мәтінін әңгімелеуге ықпал етеді. - Ән не туралы? - Сендерге ән ұнады ма? Бірге айтуды ұсынады. Қысылып еш саспайық, Қызық ойын бастайық! Ойын: «Тақия тастамақ»	өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды. Әнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады. Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтап дауыстарын соза әндетеді. Тез жүгіріп, ойында жеңімпаз атануға тырысады.
Рефлексиялық – Түзетушілік	Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. - Туған жерің қандай? - Қай қалада тұрасың? - Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Қызығушылықтары артып, көтеріңкі көңіл күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманы сезіне тыңдап, әнді табиғи дауыспен орындай білуді.

Игереді: әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды

Меңгереді: әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 7-9. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біздің Астана»

Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. әуеннің ырғақ екіпінін сезіне білуге, салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету.

Көрнекілігі: «Астанам» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті.

Билингвалдықomp: Менің Астанам – Астана моя

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада «Астанам» әні орындалып, жетекші балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз әсем қала Астананы аралап қыдырайық. Қала өте үлкен. Сондықтан да көлікке отыруды ұсынамын. Ал ондай болса бірінші көгілдір экранға назар аударыңдар. (слайд көрсету) Қандай көлікке отырамыз, жұмбақтың шешуін табыңдар: <i>Дыз- дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не ал кім біледі?</i> (Троллейбус) Балаларға троллейбус макетіне жалғастыра қойылған орындықтарға отыруын ұсынады.	Балалар әуен ырғағымен кіріп, «Сүйікті Астанам» атты сурет көрмесін немесе слайдты тамашалайды. Астана туралы білетін тақпақтарын айтады. Қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелейді. Жасырылған жұмбақ шешеуін табуға тырысады. Троллейбустан орын алып, жайғасады. Жүргізуші тағайындылады. Суреттерге слайдқа қарап әңгімелеуге, көргендерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Бәрі: <i>Дыз дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді.</i> Бип-бип! Міне циркке де жеттік. (Суретін көрсетеді). -Циркте не көруге болады? Сендерге цирк ұнады ма? Бізде сүйікті қаламыз туралы ән тыңдайық.	Көлікке қайта отырып, көңілді әндетеді. Суретті тамашалайды. Әнді тыңдап, түсінгенін,

	Ән тыңдау: «Астана» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). -Әнде Астана қаласы туралы не айтылған?-деп, балаларды әңгімеге тартады. -Қала көшелерін аралап, қызықтадық. Енді көңілді әнге кезек берейік. Ойын: «Жұбыңды тап!» (орыс халық әуені). Ойынды 6,8 жұпқа бөлініп ойнайды. Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді, әуеннің басталуы мен аяқталуына сай бірге қимылдауларына мән беріп қадағалайды. -Енді троллейбусқа отырып, бақшамызға оралайық,-деп көлікке отырады. Бақшамызда арайлы, Күн шуағы тарайды. Апайлар мен балалар, Қол бұлғап бізге қарайды.	мазмұнын айтады. Ұлдар өздеріне жұп тандап, қыздарды ойынға шақырады. Музыка ырғағын тыңдап, бірге қозғалып, ойын шартын сақтауға машықтанады. Троллейбусқа отырып, әндетеді.
Рефлексиялық – түзетушілік	-Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма? -Қандай көлікке отырдық? -Қайда бардық? -Нелерді көрдік? Жауаптарын тыңдап, балаларды мадақтайды.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, қалаға жасаған саяхатты естеріне түсіреді. Қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен екпінін сезіну, әнді сипатына сәйкес айту, әуенді таза айта білуді.

Игереді: музыканы тыңдай отырып, көлікте жүруді әуенге сәйкес қимыл жасауды, түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

Меңгереді: сүйікті қаласы туралы, сәулетті жерлері туралы біледі, әңгімелей алады, әнді нақышына келтіре айтуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева

Күні: 14.12.2021ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қыс өрнегі»

Мақсаты: Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағыландыру.

Көрнекілік: « Қысқы ойындар» суреттері, Қыс табиғатының суреттері.

Билингвалды компонент: Қыс табиғаты. Ауа, су, күн, жұлдыз, жел, бұлт.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық- Қозғаушылық	Балаларды көңілді қарсы алу. Амандасу. Музыка залына марш әуенімен кіреді. Шеңбер бойымен жүріп, жаттығулар жасайды. (жүреді, секіреді, айналады, аяқ ұшымен жүреді т. б).	Балалар залға кіреді, амандасады. Музыкамен жүреді, жаттығулар жасайды.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Балалар бүгінгі оқу қызыметің тақырыбы « Қыс өрнегі» деп аталады. Қыста табиғат өте сұлу, күн суық, айналаны қар басып, мұз қатып, қырау басады. (суретпен жұмыс жүргізу). Бүгінгі оқу қызыметі жұмбақ жасырудан бастайық. Ақ сақалды атаны ай, Мінезінің шатағы ай! (Қыс) Қол созсаң, ақ күміс Алақанға толады. Ашып- жұмсаң, із- түссіз Лезде жоқ болады. (Қар) Балалар қыс мезгілі барлық адамға ұнайды. Табиғат ауасы таза, жақсы демалып, таза ауа жұтасың. Ауладағы немесе көшедегі ағаш, шыршалары қар басады.Балалар қандай қысқы ойындарды білесіңдер? Балалар аулаға шығып қармен қандай ойындар ойнауға болады?	Балалар Суреттерді қарап, әңгімелеуге тырысады. Жұмбақтың шешуін табуға тырысады.

	(Аққала жасау, Шаңғы тебу, Қар атысу, Шырша безендіру) т. б. Міне осындай көптеген ойындар бар. Осы ойының біреуін тандап ойын ойнайық. Ойын: «Шаңғы тебу» Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақтармен қозғалып, Жаттығуды бастаймыз. Ойының шарты: Балалар Екі топқа бөлініп, Аяқа шаңғыны байлаймыз. Белгіленген мәре болады сол мәреге кім тез немесе бірінші жетсе сол жеңімпаз болады. Ойынды бастаймыз. Әуенді қимыл: « Көңілді полька» (И. Штраус) орындалып, би қимылындарын көрсетіп, қайталауларын сұраймын.	Балалар ойын түрлерін жетекшімен бірге айтуға тырысады. Балалар ойынға белесене қатысады Балалар ойынды тез және жылдам ойнауға тырысады. Екеуден қол ұстасып, жеңіл секіреді, айналады, отырып тұрады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Қыста ауа райы қандай болады? -Қыс мезгіліндегі қандай ойындар ойналады? -Сендерге ойын ұнады ма? Мақтап мадақтау. Осымен бүгінгі оқу қызыметі аяқталды. Сау болыңдар балалар. Марш пен шығады.	Қыста суық, аяз болады. Балалар өз ойларын айтып, жауап беруге тырысады. Балалар көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді

Игереді: Әуенге ілесе би қимылдарын еркін жасауды.

Меңгереді: Ойынға белсене қатысуды. Жұмбақ шешімін табуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 21-23. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:«Жайлаудағы төлдер»

Мақсаты: музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу.

Көрнекілігі: бұзау, қозы, құлыншақ.

Билингвалды комп: Төлдер – детенуша животный.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді қарсы алады. Амандасу жаттығуы айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді. Үнтаспада орындалған М.Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.	Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге өз орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға шумақтың қайырманың қимылдарын білуге дағдыланады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Б.Дәлденбай өңдеген «Хайләйлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады. <i>Құлындарым кісінен, Боталарым боздайды. Бұзауларым мәңірен, Қойым ерте қоздады.</i> -Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады. Дидактикалық ойын: «Анасын тап!» <i>Ән салайық, шырқатайық, Әуеніне тамсанайық Ойыншықтар әнін біз Үйренейік, айтайық.</i>	Жайлауға ұлдар мен қыздар қол ұстасып, ауыспалы адыммен жүріп билеп барады. Шығармаларды отырып тыңдайды. «Ойыншықтар» әнін үйренеді. Қыздар «Шөжелерім» биінің ырғақтарын жасай білуге талпынады, бас-қолдарын қимылдатады. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері

	Би: «Шөжелерім» (Қыздарға), «Тұлпарым» (ұлдарға, «Б.Бисенова жинағынан») биін үйретеді («Билеп үйренейік» жинағында үлгілері көрсетіледі). Қимылды ойын: «Кімге қай төл ұнайды?»Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады.Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп,сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді.Бұл ойынды қайталап үйретіп,төлдер жарысын өткізуге болады. Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып,белгіні айналып келіп орнына тұрады.	көтеріледі,эмоциялар ы білінеді. Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп,даусын, қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалардан қайда барғанын сұрайды. -Хайләйлім шығармасының композиторы кім? -Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар? -Бүгін қандай ән үйрендік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.	Жайлауға бардық Композиторын бірнеше суреттің ішінен тауып айтуға тырысады. Сабырлы, жігерлі, көңілді «Шөжелерім» «Тұлпарым».

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп
айтуды.

Игереді:музыканы тыңдап,ойын арқылы төлдерді табуды.

Меңгереді:музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, «Шөжелерім»,
«Тұлпарым» биін билеуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 28-30. 12.2021ж

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз»

Мақсаты: вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру.

Күйші композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: құстардың суреті, ойыншық құстар, құстарға ұя жасау.

Билингвалды компонент: Құстар - птицы

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады. Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық. Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады.	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады. Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді. Бір орында айналады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	-Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады. Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады. Тұмсығын ояды, Ағаш құртын жояды. Көктемгі тоғайға серуенге шақырады. «Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.	Жұмбақтардың жауабын ойлана қызыға шешіп табады. Шешуі: Бұлбұл Шешуі: Көкек Шешуі: Тоқылдақ Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.

	Тоғай, тоғай, көк тоғай, Көк тоғайда көп торғай, Тоғай іші қапырық, Демалайық отырып- деп,балаларға отырып , жайғасуларын сұрайды. Ұнтаспадан құстар даусы естіледі («Табиғат үндері» жинағынан). Құстар дауысын ажыратуларын сұрайды. Музыка тыңдау: «Көкек» (Х.Мұхамедова,А.Рахмат,аудар ған М.Әлімбаев)әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. Би: «Аққу» күйі (Н.Тілендиев) ұнтаспада немесе домбыра аспабында орындалады.Күйдің көркемділігін,үндестігін, сезініп, түсінулеріне ықпал етеді. «Аққу» күйіне қыздарға би қимылдары үйретіледі. «Аққу» биінің («Билеп үйренейік»жинағынан) элементтерін көрсетеді	Отырып демалуға жайғасады.Құстар үнін естіп елеңдейді,қызығушы лықпен тыңдайды. Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады. Әнді тыңдап, көкектің даусына бірге қосыла әндетеді. Өздері көрген, білетін құстары туралы әңгімелейді. Аққу құсы туралы біліп,суретін көреді. Күйді тыңдап,әсер алады,қызығушылық тары оянады.Би элементтерін нәзік,баяу көрсете,мәнерлеп билеуге талпынады,үйренеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Қандай құстың даусын ұнатасың? -Сенің ауланда қандай құстар бар? -Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?	Қойылған сұрақтарға жауап беріп,құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу,күйші-композитор

Н.Тілендиев туралы түсінік алу.

Игереді: құстар туралы біліп, мағлұмат алады. «Аққу» биінің элементтерін игереді.

Меңгереді: әннің музыкасын әндете айтуды,дұрыс тыныс алуды,өз мәнінде нақышына келтіре отырып орындауды,құстардың дауысын ажыра білуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 4-7. 01.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу.

Көрнекілігі: Қыс көрінісінің суреті.

Билингвалды комп.: Қысқы әуен – Зимняя мелодия

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Балаларды көңіл күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады. <i>Міне сұлу шыршамыз, Қуанамыз баршамыз. Әсем сұлу жұлдызша, Жарқырайды құлпыра. Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса, -</i> Деп шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақырады.	Балалар залға тізіле кіріп амандасады. Балалар кішкентай шыршаға тамсана қарайды. Балалар шырша басына қарап қуанады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Кәне, балалар, мен сендерге «Шыршамызға арнаймыз» әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е. Тиличеева , сөзін жазған Г.Абдрахманова). Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады) Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (музыкасы Г. Филаровский сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, жетекші ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды.	Балалар әнді тыңдайды. Балалар шырша түбінде отырған қояндар мен түлкіге қарайды. Музыкасын тыңдап, ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды.

	Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусақ театрын көруге шақыру. (Халық әні «Хайләйлім», музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). «қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертедегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу. Мысалы, Тышқан, Бақа қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.	Балалар театр кейіпкерлеріне қызыға қарайды. Үстел үсті театрына қызыға қарап тыңдайды. Әнді тыңдап, ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосылып айтуға тырысады. Тышқан, бақа, т.б. қимылдарын қайталауға талпынады. Балалар жеңіл, аяқ ұшымен әуенге ілесіп жүгіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Сөйлейтін бубен» ойыны. Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаларға «Жарай-сың», «ө-те жақ-сы» деп жетекшісі бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауыстары мен қимылдарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. Қоштасады.	Балалар барлық кейіпкерлерді аянышын қорқынышын, қуанышын сезіне қабылдауға талпынады. Балалар ойынға қызыға қатысады, ырғақты сезіне біледі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды

Меңгереді: аңдар жүрісін секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 11-14. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әуенді- сиқырлы ормандағы құртақандар»

Мақсаты: тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемедей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылыққабілетін дамыту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.

Көрнекілігі: жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар, қоңырау, бубен, маракас, металлофон.

Билингвалды компонент:Жәндіктер- насекомы.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады. «Табиғат құбылысы» (үнтаспадан тыңдатады). Балаларға жауып тұрған қар ұшқындарын көз алдарына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен Жетекші жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді. - Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады, Орманға барамыз, Құртақандарды табамыз. Жылдам жүгіреміз, Адымдап жүреміз, - деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады	Балалар залға кіріп, бірінің артынан бірі тізіліп тұрады. Балалар вальс ырғағымен жүреді, қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады. Балалар музыка әуенімен, көз алдына жауып тұрған қарды елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға, және алақанымен қағып алуға тырысады. Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, адымдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ» (Е.Тиличеева). жаттығуды айтқызады, үйретеді. Балаларды	Балалар дауыс жаттығуын тыңдай жүріп айтуға талпынады.

	отырғызып, демалуын сұрайды. Ән үйрету: «Қыс» (Б.Жүсібалин, А.Асылбек) Балаларға әнді жаттатып үйретеді. Әуенді-қимылды қозғалыс: «Қоңыраулармен билейміз». Балаларды жеке жеке шығарып айтқызады. 1-бала: Келіндер, келіндер, Бізбен ойнап көріңдер. 2-бала: Келіндер, келіндер, Бізбен ойнап көріңдер. 3-бала: Шапалақтап қағыңдар, Айналыңдар, билеңдер. 4-бала: Топылдатып аяқты, Кезек-кезек соғыңдар!	«Қыс» әнін еркін қайталап айтуға тырысады. Балалар жеке дауыспен айтуға талпынады. Бірге қол шапалақтауға тырысады Балалар музыканы тыңдап, қимылдарды қайталауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ойын: «Шаңғы тебеміз» (Е.Тиличеева). Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақпенен қозғалып, Жаттығуды жасаймыз. - Бүгін бізге кімдер келді? - Сендерге аспапта ойнаған ұнады ма? Балаларды мадақтайды.	Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын барысында әуенді, ырғақты сезінеді. Құртақандар ұнады. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы сезіне тыңдауды, ән айтуды.

Игереді: музыкалық аспаптарда ойнауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ ұруды, аяқ топылдатууды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 19-21 .01.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Пойыз

Мақсаты: Өртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: Пойыздың суреті

Билингвалды компонент: Пойыз – поезд

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа пойызбен барамыз. Қоңыр қонжық орманда тұрады. Кәне бәріміз пойызға мінеміз. «Пойызға біз барайық , Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға»- тізбектелген орыдықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	«Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш,пух-пух, Ән айтып біз қостайық», - деп. «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смақов) - Ал,балалар міне бізде орманға келіп жеттік. Пойыздан түскенде бізді ойыншық қоян қарсы алады. Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын, - дейді. Балалар қоянша секіріп,қимыл жа-	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы оманды» аралайды. Балалар қоянды көріп қуанады. Қоянды ұстап, сипап көреді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады. Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады.

	сайды. Ән тыңдау: «Сұр қоян» (А.Филипенко, Қ.Ұбанұлы) Ән айту: «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, Үйшіктен Жетекші ойыншық аюды алып шығады. Аю: «Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай». (А.Асылбек) -Сәлеметсіңдер ме, балалар Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап қимыл жасайды.Музыка жетекшісі балалаға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмын Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансын, Тату болып жүрейік.»- деп «Қояндар мен аю»ойынын ұйымдастырады.	Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбаңдай» жүреді,бір орында айналады. Әуеннің ырғағына сай қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып жолға шығатындарын айтты. Саяхаттың аяқталғанын,бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып»,жолға шығады. Қуанып қол шапалақайды.Қол бұлғап,қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз,пойыз туралы ұғынып білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу,бірге қуану,риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту,қайталау.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 26-28. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Бесік жыры

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.

Көрнекілігі: Қуыршақ, қуыршақтың төсегі.

Билингвалды компонент: Бесік жыры – колыбельная музыка

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залымен марш әуенімен кіреді. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне сәттілік тілеп, қолдарының жылуына береді. Қуан, шаттан , балақай! Жарқырайды аспанда күн, алақай! Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп, Тілейік бақыт баршамызға осындай. Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі. Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Біз келгенде, күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба, қуыршақ? Р.Тышқанбаев	Балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	- Бүгін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, күлмейді, жүгірмейді. Бірақ сендер не істесеңдер де, тамашалап қарайды. Әндеріңді тыңдап, билеріңді қызықтайды. Анасы бөпесін бесікке жатқызып ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан. Ән тыңдау: «Әлди, әлди, бөпем-ай» (Б.Аманжол)	Балалар Айгүл қуыршақпен амандасады. Бесік жырын тыңдайды.

	Ән үйрену: «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Ал біз анамызға арнап ән айтамыз. Ойын: «Кешікпе» Әуенге ілесіп, балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отырып қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтеп, Өнер көрсетеді. Би: «Сайыс би»	Бұл ән қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады. Би қимылдарын бірге жасап үйренеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Қуыршақ Айгүл балаларға рахметін айтады. Балаларды мақтау, мадақтау.	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ананы қастерлей білуді.

Игереді: Әнді тыңдай отырып, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

Меңгереді: музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 2-4. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Наурызым – армысың!»

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт – дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.

Көрнекілігі: Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер.

Билингвалды компонент: Салт-дәстүр – традиция

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды ұнтаспада орындалған «Сарыарқа» күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін айтады. Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда жүрсең жол болсын!	Балалар залға келеді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, наурыз- жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурызкөже даярланады. Жұрт бір-бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салады би билейді. - Сендер наурыз туралы не білесіндер? - Қандай ұлттық ойындарды білесіндер? Жетекші музыка тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау: «Қамажай» Ән үйрену: «Наурыз» (А. Досмұғамбет, Ж.Мұхамеджанов) Әнді айтып болған соң әже балаларды	Балалар әжеге наурыз туралы өздерінің білгендерін айтып беруге тырысады. Балалар музыка тыңдайды.

	ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады. Ойын: «Сылдырмақтар» (С.Майкапар) Балалар музыкаға ілесіп, залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді. Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарынан тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты жасырып, жайлап әжеге жақындайды. Музыка соңында әже балаларды куады, балалар қашады. Би «Қамажай» Әнге ілесіп, әже би қимылдарын көрсетеді. Қыздар қайталайды: қолды білезік буынынан бұрау, жүн сабау, айнаға қарау.	Ойынды қызығып, ойнай білді. Сылдырмақты әуенге ілесіп, сылдырлатуға тырысады. Ойын соңында әжеден қашады. Қыздар әже көрсеткен қимылдарды жасауға талпы- нады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Әже балаларға риза болып, рахмет айтып, мақтайды.	Әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт – дістүр туралы

Игереді: Наурыз, наурызкөже туралы түсініктіреді.

Меңгереді: Қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды меңгерді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 9-11. 02.2022ж.

Білім саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Әуен сандықша»

Мақсаты: түрлі сипаттағы музыканы тыңдатып айтқызу. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажаратуға үйрету. Аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.

Көрнекілік: ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар.

Билингвалды компонент: сандықша, полька, вальс, марш.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көңілді музыкамен қарсы алады. «Серуендейміз, демаламыз» (М.Красев) Көңілді музыка әуеніне қыдыруға шақырады. Қол ұстасып, зал ішінде еркін журу. Әуен соңында шеңбер бойымен тұруды сұраймын. Ал, кәнекей, тұрайық, Шеңбер құрып тұрайық. Ғажайып сандықшаны көрсетеді. Аспаптарды алайық, Біз оркестр құрайық,-деп «Барабаншы» (М.Красев) әуеніне аспаптарда ойнауға үйретмін.	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға келеді. Амандасады Шеңбер құрып тұрды. Ғажайып сандықшаны қызыға ашып, ішіндегі музыкалық аспаптарға атайды.(барабан, бубен, қоңырау)
Ұйымдастырушылық-іздігі	-Жарайсындар балалар! Аспаптарды жинайық, Отырып демалайық! -Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі. Сандықшаға құлақ тосып тындайды, онда тапсырма берілгенін айтады. «Әуенді тындап, ажырат»-деген тапсырма ұсынады. Әуенді-дидактикалық ойын: «Ырғағын ажыратады», «Итальяндық полька» (С.Рахманинов), «Бесік жыры»	Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдады. Сандықшаның әсем әуен тыңдады. Әртүрлі сипаттағы жанрларды тындап, ажыратады.

	(Халық әні), «Жалаушамен жаттығу» (Е.брусиловский) музыкалары ойналып, ырғағын ажыратуға тапсырма береді. Дауыс жаттығуы: «Сағат пен елек» Айтылып балалардың дауыс ырғағы байқалады. Ғажайып сандықшаны қолына алып келесі тапырмана айтады. Мен өнерпаз баламын, Шырқап әнге саламын. Өскенде ертен –ақ, Әнші, биші боламын Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» (Е.Хасенғалиев, А.Асылбек). Шарты: Қуыршақтарды жай, ақырын, ашықжарқын дауыспен әндете тербетуін сұраймын.	Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді. Тапсырманы орындайды. Қуыршақтарды алып жайғаса отырады. Әнді жай, ақырын, ашықжарқын дауыспен әндете айтады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Би: «Біздің ойыншықтар» Би қимылдарының дұрыс жасауын көрсетемін. -Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар берді? -Әуені қандай екен? -Бүгін сендерге не ұнады?	Қалаған ойыншықтарын алып, қатарласа тұрып, би қимылдарын жасайды. Балалардың еркін жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түрлі сипаттағы әндерді орындауды, музыкалық шығармаларды сезінуді, әнді сезіне айтуды.

Игереді: сылдырмақтар, бубендер, қоңырау аспаптарында әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимылдар жасауды.

Меңгереді: әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді, ырғақтарын сезіне би қимылдарын жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 16-18. 02.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көктем»

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту.

Көрнекілігі: көктем көріністерінің суреттері.

Билингвалды компонент: Көктем - весна

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберіне тұрғызады. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Келіп шыққан күнге, Күніміз жарық болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! Көктем, көктем,көктемде Құстар келіп жеткенде, Біз қуанып қаламыз, Әнмен қарсы аламыз. Көктем көріністері бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жыл мезгілі бейнеленгенін сұрайды.	Балалар көңілді әуенмен кіреді. Шаттық шеңберін жасап, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады. Көктем» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). -Балалар, қазір қандай жыл мезгілі? -Көктемде қандай құбылыстар болады? -Қар,мұз қай кезде ериді? Ағаштар қай кезде бүршік атады? Сендер тағы қандай құбылыстарды байқадыңдар?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Көктем Көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік атады. Сұраққа толық жауап беруге тырысады.

	-Дұрыс айтасындар,күн жылиды, мал төлдейді, жауын жауады. Ән үйрену: «Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек). Музыка жетекшісі әнді нақышына келтіріп орындап береді. Алдымен мәтінін қайталап, содан кейін әніне қосып айтады. Жетекші балалардан ән не туралы екенін сұрайды. Ән көңілді,жеңіл орындалады.	Балалар жаңа әннің не туралы екенін түсініп,әуенін секе сақтауға тырысады.
Рефлексиялық -түзетушілік	-Сонымен,бүгін қандай жыл мезгілі туралы сөз болды? Балаларды мадақтайды,қоштасады.	Көктем туралы. Көңілді әуенмен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктем құбылыстарын айта біледі.

Игереді: бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

Меңгереді: Әнді нақышына келтіріп орындауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 23-25. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Билингвалды компонент: Көктем – весна.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарёва) әуен ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ Бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, Алуан гүлдер жайнап тұр екен!-	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді.

	Деп балалардың назарын аударуға тырысады. <i>Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып! –</i> Деп демалуға жайғастырады. <i>Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде. Гүл тереміз алуан Шығып алып бөктерге, - деп</i> «Көктем» әнінің (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады.	Кілеме жайғасып отырады. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Көктем келіп шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай, Құстар сайрап, Бақтар жайнап, гүл атты! - Балалар, сендерге бақ ұнады ма? -Құстар қалай әндетеді екен? - Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.	Балалар қуанып, қол шапалақайды. Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді. Балалар рақмет айтып, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналу, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 2-4. 03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ас атасы - нан»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша ат.

Билингвалды компонент: Нан – хлеб

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кеңес» күйі ойналып, Жетекші балаларды қарсы алып, ауылға тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздарға асатаяқ ұстатылады. Ұлдар ат шабу биін көрсетсе, қыздар асатаяқ биін көрсетеді.	Балалар күйді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйренеді. Ұлдар қуана атқа мініп, қыздар аспаптарды алады. Қыздар залдың екі жақ шетінде тұрып, асатаяқты келтіре ойнайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Үнтаспадан «Ғажап көбелек» әні орындалады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды. Дауысымыз ашылды, Бұл-бұлдай сайраймыз. Көңілді ән айтып, Жадырап жайнаймыз. Ән айту: «Домбыра» (Ж.Тұрсынбаев)	Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып, әңгімелейді. «Дығы-дығы, дың-дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді. Көңілді әнді айтып шаттанады

	Ойын: «Тақия тастамақ»,»Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Би: «Асатаяқпен би» «Кел,билейік» билері қайталанады. Балаларға теледидардан далада өсетін гүлдермен таныстырды. Суретте гүлге қонып тұрған көбелектің суретімен таныстырды.	Ойынды қызыға ойнап,белсене қатысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды. Гүлге қонған көбелектің қимылын бимен көрсете алды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай ән, күйлер тыңдадыңдар? - Қандай би биледіңдер? - Қандай ойын ойнадыңдар? - Қандай гүлдермен таныстыңдар?	Қойылған сұраққа жауап беруге тырысады. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

Игереді: Гүлге қонған көбелектің қимылын билеуді игерді.

Меңгереді: ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды.

Ән-Саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 9-11. 03.2022ж.

Білім саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әнші балапан»

Мақсаты: тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету.

Көрнекілігі: Балапанның суреті.

Билингвалды компонент: Балапан – цыпленок.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау,жүірту,би қимылдарынан үзінділер жасату. Балалар мына суретке көңіл бөліндерші, суретте нені көріп тұрсыңдар. Бұл балалапан кәдімгі балапан емес, әнші балапан. Кәне балалапаннан ән сұрайық. Балала балапаннан ән сұрамай тұрып, балапан туралы тақпақ айтып беіндерші. Балапан ау, балапан, Айтқанымды ұқпайсын. Жем берейін өзіңе, Ақылды болып тұрғайсың.	Балалар көңілді әнмен залға кіреді. Амандасып шаттық шеңберін жасайды. Балапанның суретін. Балалардың тақпағы.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Ән тыңдау: «Әнші балапан» (сөзі:Қ.Қалыбеков, М. Омаров) Музыканы естіп, балапанның қимылын жасайды. Ән үйрену: «Әнші балапан» Бұл ән көңілді ме, немесе баяу ма? Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп,қайталату. Әуенді – қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді» жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып,әуенге қосылып ән айтуды ұсынады.Содан кейін биге үйретеді. Әнді үйренеміз.	Әнді тыңдайды. Би билейді. Көңілді

	Әнші балапан. Білім, ғылым, өнерге, Қанат қағар кездерің. Ата салтын ертеңге, Жеткізетін өздерің. Қ – сы Әнші, биші, әнші, балапан. Әнші, жыршы, күйші, бала – балапан. Әнші, биші, әнші, балапан. Әнші, жыршы, күйші балапан.	Балалар ән айтып үйренеді. Балапанның қимылын салып, билейді.
Рефлексиялық- Түзетушілік	Қорытындылау. Балаларды бағалау, марапаттау.	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді айта отырып, қимыл жасай білуді.

Игереді: Балапанның қимылын жасауды игереді.

Меңгереді: Әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 16-18. 03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан, Дос бауыр көп, туысқан. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е.Өтетілеуұлы)	Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ, орыс, өзбек, тәжік т.б. Бірақ бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек. Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М.Әубәкиров, Ә. Дүйсенбиев) - Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған?	Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді. Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді. Балалар «ортақ» деген

	Бәріміз тату, дос болсақ,су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. Би: «Биге шақыру» (орыс халық әні) Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылайша бәрі түгел биге шығады.	сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады. Балалар бір – бірін биге шақырады. Қимылды бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды марапаттау.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 6-8. 04.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Отан - біздің үйіміз»

Мақсаты: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіне арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу.

Көрнекілігі: Қалалардың көрнекі жерлерінің, еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер. Түрлі түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Отан – Родина

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. Бір, екі, үш! Бойға жинап күш. Шынығамыз таңертең Ағалардай Отанға Ұлан болам мен ертең! Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.	Әуен екпінімен нық басып, ырғақты сезіне жүруге талпынады. Тізелерін көтере, мақтанышпен жүріп, өлең жолдарын қосыла айтады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді. «Жалаушамен би» (Е.Брусиловский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды. Қалалардың, еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке қарап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. Жайнаған сансыз қаласы, Жайқалған жомарт даласы, Ел-отан біздің кең-байтақ	Жалаушаларды ұстап, 4-5 қатарға тұрады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Жалаушаны желбіретсе жоғары көтереді, оңға, солға бұрылып, бірге қимылдауға тырысады. Өздері білетін қалалар немесе өзі туған ауыл, қала туралы әңгімелейді.

	Отанның біздер баласы. (Қ.Шаңғытбаев) Балалардан Отан,туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап,белсене қатысқан балаларды мақтайды. Отан-менің ата анам, Отан-досым,бауырым. Отан-өлкем,астанам, Отан-туған ауылым. Ән тыңдау: «Отан-ортақ үйіміз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы). -Бұл әннің көңіл күйі қандай? -Ән мазмұнында не туралы айтылады? -Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе?-деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік-ұғымын кеңейте түседі. Даусымыз әдемі, Шықсын созыла Әндетейік енді біз. Бірге қосыла! Ойын: «Тақия тастамақ».	Балалар жатқа білетін тақпақ,өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды.Тақпақты қайталап айтады. Әнді ықыласпен тыңдап,әсерленеді.Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады. Тез жүгіріп,ойында жеңімпаз атануға талпынады.
Рефлексиялық-ізденістік	Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. -уған жерің қандай? -Қай қалада тұрасың? Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Қызығушылықтары артып,көтеріңкі көңіл күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманы сезіне тыңдап,әнді табиғи дауыспен орындай білуді.

Игереді: әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды.

Меңгереді: әнді тыңдап,мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 4-6. 05.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Бейбітшіліктің суреті

ә күн - солнце

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Ақ кептерлер» (М.Мақатаев, Н. Тілендиев). Ән үйрену: «Әрқашан күн сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.

Рефлексиялық-түзетушілік	Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	
---------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:


Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева

ЖШС «Ақсана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
 Д.А.Темирова.



«Ән-саз»

Перспективалық жоспар

«Балапан»

тобы.

2021-2022ж.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

ЖШС «Ақсана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін.

«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

Д.А. Темирова.



«Ән-саз»

Перспективалық жоспар

«Аққу» ересек тобы.

2021-2022ж.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

«Балапан» кіші топ

Мақсаты: Музыканы тыңдауға, ынтазарлықты, шығармада берілген көңіл-күйді, әуенді есту, сезіну, әнді табиғи дауыспен орындау.

Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
Қыркүйек «Менің балабақшам»	«Бақшаға барамын»	1
	«Көңілді достар»	1
	«Қуыршақ»	2
	«Сылдырмақ»	2
Қазан «Менің отбасым»	«Менің отбасым»	1
	«Кәне қызық ойын бар»	1
	«Жау, жаңбыр»	2
	«Күзгі қойма»	2
Қараша «Дені саудың- жаны сау»	«Мерекелік ән мен би»	1
	«Жемістер бағында»	1
	«Әй- әй ата»	2
	«Көңілді би»	2
Желтоқсан «Менің Қазақстаным»	«Орманға саяхат»	1
	«Гүлжазира - Қазақстан»	1
	«Отаным»	2
	«Жасыл шырша жанында»	2
Қаңтар Қызықты қыс мезгілі	«Әдемі көбелек»	1
	«Төлдер»	1
	«Торғайлар»	2
	«Қысқы әуен»	2
Ақпан «Бізді қоршаған әлем»	«Күн мен жаңбыр»	1
	«Пойыз»	1
	«Ғажайып сылдырмақтар»	2
	«Балдырғандар»	2
Наурыз «Салттар мен фольклор»	«Не қалай дыбыстайды?»	1
	«Тауық пен балапандар»	1
	«Ауылдағы той»	2
	«Шуақты көктем»	2
Сәуір «Біз еңбекқор баламыз»	«Біз өмірдің гүліміз»	1
	«Бұл қай кезде болады?»	1
	«Мысық қашады, күшік қуады»	2
	«Қайсы екен қолымыз»	2
Мамыр «Әрқашан күн сөнбесін»	«Ағайынбыз бәріміз»	2
	«Әрқашан күн сөнбесін»	2
	«Доп»	2
		54

Күні: 7-9 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Бақшаға барамын»

Мақсаты:Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу. Бізге тәртіп үйреткен, Ән салдырып билеткен, Әріптермен, суретпен Таныстырған біздерді Педагог тәтеміз. (О. Асқар)	Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) - Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? - Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов) Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз	Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады. Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне карап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады.

	«Достастық» деп аталады	
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау.	Балалар қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 14-16. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Көңілді достар»

Мақсаты: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.

Қуыршақ кеіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру,
шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру

Көрнекілігі: Балалалардың суреті

Билингвалды компонент: Дос - друг

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұнтаспада «Кеш жарық» әні орындалады. Жетекші балаларды қорапқа салынған сылдырмақпен қарсы алады. Қарандаршы сылдырмаққа Сылдыр – сылдыр етеді, Қолымызға алып, ап. Ән шығардық билеп ақ. Деп ойынға шақырады.	Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп, шеңбер бойымен тұруға талпынады. Қолдарына сылдырмақты алып сылдырлатып көреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жетекші балалардан жан достарын сұрайды. Бір – біріне достарын айтады. Ән айту: «Бүлдіршіндер» әні Балалар көңілдене айта білді. Әуенді – ырғақты қимыл. «Биге шақыру» Жетекші бір баланы ортаға шақырып, өзіне сыңар іздетеді. Қимылды ойынды қайталап ойнады. Балаларға қонаққа Түлкі келеді. Сәлемдесіп, өзінің өлеңін айтады. Мен сұлу түлкімін, Жәй өтпес бір күнім. Ішінде жүремін, Айғай-шу, күлкінің! - Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! «Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады.	Балалар өз достарын жасырмай айта білді. Әнді көңілдене айта білді. Әннің мәтінін жаттап, әуенмен айтуға тырысады. Бала қалаған досын биге шақырып, аяқтарын бірге топылдатады. Музыка тез ойнағанда бірге айналады. Музыка аяқталғанда, екеуі қайтадан екі баланы шақырады. Осылай балалар түгел биге қатысады. Түлкіні қуана қарсы алады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, қонақтармен қоштасып, шығарып салайық. - Балалар сендерге ән, ойындар ұнады ма? Балаларды мақтап, мадақтау.	Түлкімен қош айтыс-ды. Балалар шамасы келгенше жауап беруге тырысады.
---------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді тыңдап, мазмұнын түсіну, қимылмен көрсете білу.

Игереді: Музыканың сипатын ажыратуды, ырғақты сезіне еркін қимылдауды.

Меңгереді: Өз еркінше кейіпкерлердің жүрісін, қимылын салуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 21-23. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қуыршақ»

Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті

Билингвалды компонент: Ойыншықтар - игрушки

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті-басы лас. Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов) Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Қуыршақты қызықтайды. Балалар өленді тыңдап, не туралы екенін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Музыка тындау: «Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы). Бесік жыры қай кезде айтылады? Оны орындағанда қалай отыру керек? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі. Баланы ұйқтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жәй тербетеді. «Кір қуыршақ» әні (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу. Әнді айта отырып, балаларға адамершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру.	Балалар музыка тыңдай отырып, тыныштық сақтауға тырысады. Әнді әуенмен дұрыс орындауға тырысады.

	Әрқашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек. «Бала уату» ойыны. (Е.Өміров). Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады. Әуен ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтарды қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады.	Балалар шеңбер бойымен тізелерін бүгіп, көздерін жұмады. Көздерін ашқанда алдында ойыншық тұрған бала ортаға шығады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.	Балалар қол бұлғап қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді барынша таза айтуды.

Игереді: *бала уату, қуыршақ, бесік жыры* деген түсініктерді.

Меңгереді: шеңбер жасап отыруды, көздерін жұмып, музыка әуенін тыңдай білу дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 21-23. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Сылдырмақ»

Мақсаты: Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.

Көрнекілігі: Сылдырмақтың суреті

Билингвалды компонент: Сылдырмақ - Погремушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыка үнімен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, т.б. Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. (Н. Әлімқұлов)	Балалар музыка әуенімен залға келіп, жүреді, жүгіреді. Серіппелі тізе бүгеді. Өлеңді тыңдайды
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Күз – жомарт» (Д.Ботбаев, Е.Өтетілеуұлы). Ән шумағы жай орындалады, ал қайырмасы өте көңілді, жылдамырақ орындалады. Ән айту: Өткен сабақта айтылған әдерді қайталау. Музыка жетекшісі әнді балалардың естеріне түсіре отырып орындайды. Ән ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. «Шар» әнін ортаға шеңберде тұрып, қимыл жасап айту. Ән үйрену: «Сылдырмақ» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің	Балалар музыканы тыңдайды. Шумағы мен қайырмасы арасындағы айырмашылықты ажырата тыңдауға тырысады. Өткен сабақтағы әнді еске түсіріп, орындайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек-кезек көтеріп, аспанда қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтінін қайталайды. Әуеніне қосылып, бірінші шумақтан соң

	сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Түгел шумақты үйреткен соң, «Шақ-шақ-шақ» деген жерде қолмен ұрады. Әнді түгел үйреніп болған соң, сылдырмақты таратады. Сылдырмақты ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Бәсең жерінде жай ұрып, ширақ жерінде қатты қағу. Бубенның, сылдырмақтың, барабанның дыбыстарын ажырата білу. «Сылдырмақпен ойын» (Б.Дәлденбай). Шеңбер жасап, қолдарына сылдырмақ алады. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.	сылдырмақты жай соғып, екінші шумақта қатты соғады. Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, сылдырмақты жасырып, аяқтарын топылдатады.
Рефлексиялық – түзетушілік	- Сонымен, қазір жылдың қай мезілі? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Қандай ән айттық? Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: Музыкамен сылдырмақты жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгереді: Әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 28-30 . 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Дыбыстаудың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.

Көрнекілігі: Отбасының суреті

Билингвалды компонент: Отбасы - Семья

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Жауап беруге мүмкіндік жасау. Мамам, папам деген сөздерді алдымен айтқызып, әже, ата сөздерін айтуға жетелейді.	Балалар музыка залында күтіп отырған әженің айналасына жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің не туралы екенін айтасыңдар. Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (музыкасын жазған Ә.Бейсеуов, сөзін жазған Н.Арынова). -Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма? Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Өткен сабақта үйреткен «Кәне, қызық ойын бар» әнін қайталау. Әже балаларға жаңа ән ала келген екен. Жаңа ән: «Топ-топ, балақан» (музыкасын жазған М.Арынбаев, сөзін	Балалар әнді тыңдап, не туралы айтылғанын айтады Өркім өз әжесі туралы айтады Өткен сабақтағы әнді қимылмен жасайды Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айтуға тырысады.

	жазған А.Асылбек) әні орындалады. -Ән кімдер туралы айтылған? Әже әнді алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдатып, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды. «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде – екі қолды аспанға көтереді. «Айна» ойынын ойнау. Қазақтың халық әні «Қамажай» (өндеген К.Қуатбаев) Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басу, ұршық иіру, айнаға қарау қимылдарын көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. Ойынды балалар жалғастырады.	Қайырмасында аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды. Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, әнді аяқтайды Балалар әженің көрсеткен қимылдарын: жүн сабауды, ұршық иіруді, айнаға қарауды қайталайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Әже балалармен қоштасып, әже балаларды мақтайды, марапаттайды.	Әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін біледі.

Игереді: отбасы деген түсінікті.

Меңгереді: би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-7. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар»

Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын әрекеттерімен көрсетеді. Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Ойын - Игра

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Моивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдарды нақты, дәл жасауға талпыну.	Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, мына суреттерге қарандаршы, кімдерді көріп тұрсыңдар? - атқа мінген адамдар, ат шабысын көріп тұрсыңдар. Музыка тыңдау: «Төрттаған» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай). - аттың шабысына ұқсай ма? Аттың шабысын көз алдарыңа елестетіңдерші. Аттың төрт аяғының шабысын музыка тілінде беруге тырысады. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында денені түзеп, басты тік ұстап, қатты айғайламай, әуенді дұрыс айтуға тырысу. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп, мәтінін анық, толық айту. Ән үйрену: «Кәне, қызық ойын бар» (эстонның халық әні, өндеген А.Ромере, аударған И.Сапарбай)	Балалар суретке қарап, жауап беруге тырысады. Музыка тыңдайды. Сұраққа жауап беруге тырысады. Аттың шабысын музыка тілінде түсінуге әрекет жасайды. Өткен сабақтағы әндерді айтады. Балалар әннің мәтінін айта

	Әннің мәтінін жаттап, әуенін үйрену. Әуенді айта отырып қимыл жасау. Қайырмасында қолдарын буыннан қозғалтып, орындарында тұрып айналу. «Қолымызды жаяйық, құстай қанат қағайық» деген жерінде қолды жайып, қанат секілді қағу керек. Қимылдарды бірдей жасауға үйрету. «Атжарыс» ойыны. «Төрттаған» музыкасымен балалар жарысып ойнайды. Екі-екі баладан жарысады, кім бірінші болып мәреге келсе, сол бала жеңіске жетеді.	отырып, мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар таяқты ат етіп мініп шабады, жарысады. Тезірек мәреге жетуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылап, балаларды мақтайды, мадақтайды.	Қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнмен қосылып қимыл жасауды.

Игереді: төрттаған, атжарыс деген ұғымдарды түсінуді игеруді.

Меңгереді: аттың шабысын, атқа отырып шабу дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 12-14. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жау, жаңбыр»

Мақсаты: Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру. Музыканы тыңдау, естесактау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.

Көрнекілігі: Жаңбырдың суреті

Билингвалды компонент: Жаңбыр – дождь

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру.	Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді, қатарға тұрады. Әуеннің сәлем, келеміз, алақай сөздерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға « Күн мен жаңбыр » әнін (Г. Абдрахманова) қайталату. Зал іші күз мезгілі бейнеленген және Күннің жарқырап күліп тұрған суреттерімен безендіріледі. Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы «тырс-тырс» деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдатуды естеріне түсіреді, үйретеді, қайталатады. Әнді еркін айтуды сұрайды. « Күн мен жаңбыр » ойыны («Ақ желкен»). Ұнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталанады.	Балалар әуенді есіне түсіреді. Күз, Күн, жаңбыр, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға тырысады, талпынады. Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды. Күн күркірегенде қолшатыр астына тығылады. Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, сеіруге, бір орында айналуға машықтанады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер? - Сендер жақсы ән айтып, билеп бердіңдер, - деп мақтайды. Қоштасады.	Балалар қоштасады.
---------------------------------	--	--------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғуды.

Меңгереді: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 19-21. 10.2021ж

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Күзгі қойма

Мақсаты:Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажыау. Музыкаы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбысарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.**Көрнекілігі:** Күзгі қойманың суреті

Билингвалды комп:Күзгі қойма- осеннее хранилище

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу. - Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық,ертегімізді бастайық.	Балалар әнді есіне түсіріп, қо сыла айтуға тырысады. Шығарманы тыңдауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік Балаларды үш топқа отырғызу. (Қояндар, кірпілер,қарғалар) «Балалар биі»(муз. А.Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу, қимылдату. Ән айту; «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз», 1-жаттығу ырғақтарын көрсету. Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны қысқа қайырып,төрттік нотада тұрып қалып, қолдарын жоғарыға көтереді. 2-жаттығу қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады. 3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді. Тағыда бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғары,	Қоян, қарға , кірпі. Балалар дауыс-қимыл жаттығуын қайталайды. Қояндар секіреді. Қолдарын Жоғары созып көрсетеді. Қояндар орнына барып отырады. Кірпілер тізерлеп кіреді, айналып жүреді, кетеді. Қояндар, қарғалар, кірпілер Жаттығуды бірте-бірте жоғары,

	бірте-бірте төмен айтқызып үйрету. 4-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (.Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады. Аю,аю, аюдың Ақылы көп басында Ынтымақпен аңда жүр Тірлігін жасап қасында, Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді. Алманы кім түсірді? Алманы кім ұстап алды? Аю: Бәріңдер, бәріңдер, Бірдей бөліп көрейін, Бәрің де, бәрің де, Тату-тәтті жүріңдер. «Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады. Қолын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады.	Бірте-бірте төмен айтып Аюды шақырады. Балалар Бірінші қатты дауыспен, екінші бәсең дауыспен айтады. Балалар жемістер мен көкөністерді ұстап ажыратуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, өте кермет ойнадыңдар, «Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды.	Балалар жемістерді алып қуанады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте – бірте көтеруді біледі.

Игереді: Музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді игеруді.

Меңгереді: Аю болып қорбаңдап жүруді, қоян болып секіруді, кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 2-4. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»

Мақсаты:Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету.

Көрнекілігі: Бишілердің суреті

Билингвалды компонент:Мереке - Праздник

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залына қолдарына жалауша алып, көңілді маршпен кірген балаларды қарсы алады.Атша шабуға үйрету. Он аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын айту, қимылмен көрсету. Аттың шабысын салып жүгірту.	Балалар залға маршпен кіреді. Аттың шабысын салып көрсетеді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, біз аттың шабысын Салдық.Сендер кішкентай Адамсыңдар,яғни баласындар. Ал аттың кішкентайын құлыншақ дейді. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (муз. Қ.Шілдебаев,И.сапарбай) -Құлышақ өздеріңдей балалардың досы әрі серігі. Ән айту: Өткен әндерді қайталау. Дауысты қатты айғайламай шығару. Ән үйрену: «Мерекелік ән мен би». Әннің мәтінін үйрету. Жалаушалармен жаттығу жасату. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру,қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп,денені оңға,солға иілу. 3.Жалаушаны ұстап жүру. Келесі сабақта қимыл түрлерін ауыстыру.	Балалар музыка тыңдайды. Құлыншақ туралы әңгімелейді. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіреді. Балалар Жетекшіге қарап,көрсеткенін қайталап, бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық-	- Бүгін қандай ән айтылды,ән	Ия, ұнады.

түзетушілік	ұнады ма? - Қандай малдың төлі туралы ән тыңдалды? Қорытындылау, мақтау, мадақтау.	Қоштасады.
-------------	--	------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Мерекелік көңіл күйді сезінуді.

Игереді: Мерекелік жалаушаның түсін ажыратуды.

Меңгереді: Жалаушалармен қимыл жасау дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 9-11. 11.2021ж

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:Жемістер бағында

Мақсаты:Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады,музыкаға деген сезімін ояту.

Көрнекілігі: алма ағашы, алма, аю, қоян, кірпі, қарға жылжымалы суреттер, жемістер.

Билингвалды компонент: Жемістер – фрукты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен көңілді амандасу. Балалар, келіндер, Ертегі тыңдап көріңдер! («Алма» В.Сутеева) - Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жемістер жиналады. - Күздің соңында ағаштардың бәрі босаған, ал мына ағаштың басында жалғыз алма қалыпты. Қоян секіріп, алмаға жете алмайды. Содан кейін ұшып бара жатқан Қарғаға: «Маған алманы алып бер!» - деп бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда жерге түсіріп алады. Алма жорғалап барып жатқан кірпінің үстіне түсіп, оны Кірпі алып кетеді.	Балалар залға бірінің Соңынан бірі кіріп, қатарға тұрады. Амандасады. Көргендерін айтады: Қоян келді. Қарға ұшып Келе жатыр. Кірпі алманы алып кетті.
Ұйымдастырушылық-іздеістік	Ал, балалар ,жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер,- Деп Г.Абдрахманованың ертегіге арнап жазылған «Алма, саған ризамыз дөңгелене қоршаймыз» әнін орындау. Балаларды шеңбермен алып жүру, қимылын көрсетіп, әнді айтуға үйрету. - Балалар, алманы алуға не келді? - Онда қоян болып секірейік. - Одан кейін не келді?	Балалар шеңбермен жүріп, музыканы тыңдайды. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын қайталайды. Қоян келді. Қоян болып секіреді. Қарға келді. Қарға болып қанат қағады.

	- Кәне, кәне, ұшайық, қанатымызды қағайық. - Тағыда не келді? - Алманы қайсысы алып кетті? Музыка тыңдау: «Күз»(С.Кибирова) Балалар, ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап, не болғанын білейік. Бұл шығарма өте баяу, созыңқы, нәзік екен. Сөйтіп, Кірпі алманы алып бара жатса, Қоян мен Қарға жібермей «Менікі, менікі», -деп аласыпты. Осы кезде алдынан Аю шыға келіпті. - Мені оятып жіберген кім, а-а-а?! - Балалар, кәне бәріміз орнымыздан тұрып, Аюмен бірге қорбаңдап жүріп ән айтайық. Музыка тыңдау: «Қоңыр аю қорбаңбай»(Муз.Б.Дәлденбай) Аю ойланып алманы бәріне бөліп береді. Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз.	Кірпі келді. Алма Кірпінің үстіне түсті. «Алмаға таласып жатыр» деп айуға тырысады. Балалар Аюға алманың оқиғасын айтып береді. Ойнаймыз.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Қандай жеміс жетпейді?» ойынын ойнайды. Бұл есте сақтау қабілетіне арналған ойын. - Балалар, ойынға өте жақсы қатыстыңдар, келесі келгенде жемістердің бәрін естеріне түсіріңдер. Жарайсыңдар!	Алма, алмұрттарды балалар көріп, келесі ойнағанда есіне сақтап қалуға тырысады. Қош айтысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, әңгімелеп айтуды.

Игереді: музыка әуенімен Аю, Қоян, Қарға қимылдарын жасауды, жемістерді ұстауды.

Меңгереді: Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні : 16-18 .11.2021

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әй –әй ата»

Мақсаты: Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілігі: домбыра аспабы, арқан.

Билингвалды компонент: аспап – инструмент

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка әуенмен қарсы алу. Шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасу, музыка әуеніне сай қимылдар жасау. Күй ойналып, ішке ата кіреді, балалармен амандасып, келген себебін айтады.	Балалар музыка үніне ілесіп Залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, қимылдар Жасайды. Атаны қарсы алады
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Ата: Балалар, бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үйренгендеріңді көру үшін келдім. Ал балалар, мен сендерге құралақан келген жоқпын, өзім қолдан жасаған киелі домбырамды да, ала келдім. Бұл домбыра арқылы халқымыз қуанышпен, қайғысын бөлісіп отырған. Ата домбыраны шертіп көрсетеді. Музыка тыңдау: «Қосалқа» күйі (Даулеткерей) Бұл күйде қыздың әдемі жүрісін, сыңғырлаған сырғаларын бейнелеп отыр. Жетекші атаға балалардың әнін тыңдауды ұсынады. Ана туралы, әже туралы әндерін айтып береді. - Ата бүгін біз өзіңіз туралы ән айтуды үйренеміз.	Атаның әңгімесін тыңдайды. Балалар домбыра аспабымен танысады. Әрқайсысы ұстап, шертіп көреді. Балалар өткен сабақтарды үйренген әндерін естеріне Түсіріп айтады. Жаңадан ән үйренеді. Әннің

	Ән айту: «Әй-әй ата» (Муз.Ө.Байділда,сөзі Ж.Смақов.) Жетекші әнді орындап береді. Балалардан ән кім туралы екенін сұрайды. Алдымен мәтінін қайталап, әуенді бөліп үйретеді. Әуенді мәтінімен қосып айтады. Ата өзі туралы айтылған әнге алғысын білдіреді. - Рахмет,балалар, өнерлерің өрге сүйресін. Енді күштеріңді сынап көрейін. Өзіммен бірге арқан алып келдім. Бала кезімде арқан тартысып, күш сынасатын едік. Кәне, екіге бөлініп арқанды тартайық. «Арқан тартыс» ойыны	кім туралы айтылып отырғанын аңғарады. Балалар екі жаққа бөлініп, арқан тартысады. Бірін-бірі жеңуге тырысады.
Рефлексиялық – түзетушілік	Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады.	Атамен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың киелі аспабы домбыра туралы білулері керек.

Игереді: күй деген ұғымды игереді.

Меңгереді: арқан тарту дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі:Г.Сейділдаева.

Күні: 23-25. 11.2021ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді би»

Мақсаты:Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыкаы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау

Көрнекілігі: Балалардың билеген суреті

Билингвалды комп: Би – танец

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу. - Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық,ертегімізді бастайық.	Балалар әнді есіне түсіріп, қо сыла айтуға тырысады. Шығарманы тыңдауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік Балаларды үш топқа отырғызу. (Қояндар, кірпілер,қарғалар) «Балалар биі»(муз. А.Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу, қимылдату. Ән айту; «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз», 1-жаттығу ырғақтарын көрсету. Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны қысқа қайырып,төрттік нотада тұрып қалып, қолдарын жоғарыға көтереді. 2-жаттығу қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады. 3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді. Тағыда бір айналып, орындарына барады.	Қоян, қарға , кірпі. Балалар дауыс-қимыл жаттығуын қайталайды. Қояндар секіреді. Қолдарын Жоғары созып көрсетеді. Қояндар орнына барып отырады. Кірпілер тізерлеп кіреді, айналып жүреді, кетеді. Қояндар, қарғалар, кірпілер

	Жаттығуды бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтқызып үйрету. 4-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (.Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады. Аю,аю, аюдың Ақылы көп басында Ынтымақпен аңда жүр Тірлігін жасап қасында, Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді. Алманы кім түсірді? Алманы кім ұстап алды? Аю: Бәріндер, бәріндер, Бірдей бөліп көрейін, Бәрің де, бәрің де, Тату-тәтті жүіріңдер. «Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады. Қолын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады.	Жаттығуды бірте-бірте жоғары, Бірте-бірте төмен айтып Аюды шақырады. Балалар Бірінші қатты дауыспен, екінші бәсең дауыспен айтады. Балалар жемістер мен көкөністерді ұстап ажыратуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, өте кермет ойнадыңдар, «Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды.	Балалар жемістерді алып қуанады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды,дыбыстарды бірте-бірте көтеруді.

Игереді: музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды,әндетуді.

Меңгереді: аю болып қорбаңдап жүруді,қоян болып секіруді,кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 30.11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Орманға саяхат

Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы орман көрінісінің суреті.

Билингвалды компонент: Орман – лес.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орманның алыста екенін түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»-тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» отырады.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Жетекші «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Ән аяқталысымен Жетекші балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отқан аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян Жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді. «Қояндар биі» ойналып,балаларға өз еркінше секіруді ұсынады.	Балалар әнді бар ын- тасымен тыңдап, «пш-пш», «гу-гу» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, балалар қимылдарды қайталайды. Қоянды танығандарын айтып, оны қолмен ұстап, сипап көреді. Қоянша секіріп, қоянның қимылын жасайды.

	«Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог- аю шығады. Аю: Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде Бас қоямын ойланбай. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызығына тоймайық. Қоян, аю қуансын, Біз көңілді тойлайық. «Қояндар мен аю» ойыны.	Балалар қуана аюмен амандасады. Аюдың қимылын қайталап, «қорбаңдай» жүреді. Балалар қояндар рөлінде ойынға көңілді қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік.	Жетекші балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді Өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар қол бұлғап аюмен, қоянмен көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын көрсетуді (қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру, қорбаңдай жүру).

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 7-9. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан»

Мақсаты: Дыбыстардың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.

Көрнекілігі: Слайд көрсету.

Билингвалды компонент: Елім менің – Моя страна

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Атамекен» әнімен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір – екі, бір – екі, Адымдап біз жүреміз. «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарды ұсынады. «Қоңыраулар биі» (Н.Марченко) ойналып: 1 – бөлімінде қоңырауларды сыңғырлата жүгірулерін сұрайды. 2 – бөлімінде шеңбер бойымен тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатуды ұсынады.	Балалар шеңбер бойымен маршпен жүреді. Қоңырауларды қызыға алып қарап, қозғап, сыңғырлата ойнайды. Ырғақпен бірге қоңырауларды қозғайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға көгілдір экранға назар аудартады. Слайд көрсетіп, Астана қаласындағы үлкен ғимараттарды, Бәйтеректі және де көптеген әдемі қалаларды көрсетті. Ән тыңдау: «Туған жер» (Б. Бейсенова) Әнді тыңдап, көңілді немесе баяу екенін ажырату. Әнде не туралы екенін түсіндіру. «Гүлжазира – Қазақстан»(сөзі: Н.Әлімқұлов, әні: И. Нүсіпбаевтікі) орындайды. Жетекші бірнеше рет	Балалар көгілдір экранға назар аударады. Әнді шын ынталарымен тыңдайды. Әнді Жетекшімен қосылып, қайталайды.

	орындап береді. Мәтінге қарап, қимыл жасайды. Балаларға бірге қайталауды ұсынады. «Кім епті» ойыны ойнатылады.	Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар қандай ойыншықпен таныстыңдар? - Слайдтан не көрдіңдер? - Қандай ән тыңдадыңдар? - Қандай ән үйрендіңдер? - Ойын ұнадыма? Бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Қоңыраумен Астана қаласы, Бәйтерек. «Туған жер» «Гүлжазира – Қазақстан» Ұнады деп, көңілді күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, есте сақтауда, ырғақты сезінуді, ойынға белсене қатысуды.

Игереді: Қоңырауды ұстауды, оны сылдырлатуды қояды.

Меңгереді: Қоңырауды ырғақты сезіне қозғауды, маршпен жүруді, би қимылдарын бірге жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 14.12.2021.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Отаным»

Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау. Балаларды патриоттық сезімін ояту.

Көрнекілігі: Бубен, Еліміздің суреті

Билингвалды компонент: Отан - Родина

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен музыкалында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру, жеңіл секіру т.б. Жайнап өскен гүліндей, Ұлымын кең даланың. Өзім өскен үйімдей, Аунап – ойнап аламын.	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, жүреді, жүгіреді. Серіппелі тізе бүгеді, айналады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Атамекен» (сөзі: Е.Хасанғалиев) - Балалар, Отан деген сөздің мағынасы Өзіңнің кіндік тамған жерің деген сөз. Ескендір аталарың «Атамекен» әнінде өзіңнің туған жерің, жайлауың, өскен елің туралы айтылған. Ән айту: «Отаным» Жетекші әнді орындап береді. Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» Жаңа әнді Жетекші орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Ән баяу	Балалар музыка тыңдайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек – кезек көтеріп, аспада қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтінін қайталайды. Әуеніне қосылып бірінші шумақта бубенді жай соғады.

	айтылады, бубенді баяу ұрамыз. Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап, қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.	Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, бубенді жасырып, аяқтарын Топылдатады
Рефлексиялық –түзетушілік	- Қандай аспапбен таныстыңдар? - Қандай ән айттыңдар? Қорытындылау, мақтау, мадақтау.	Бубен Отаным Балалар қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгеруді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні : 21-23. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Тақырыбы: «Жасыл шыршы жанында»

Мақсаты: музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.

Көрнекілігі: шырша, шам, лента, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Билингвалды комп: Шырша- Ёлка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Қаршақызбен топтарды аралап, мерекеге шақыру. « Арша » (музыкасын жазған Б. Қыдырбек, сөзін жазған И. Сапарбай) әнімен балалар музыка залына қолдарына түрлі түсті әшекей-жылтырақтар ұстап кіреді, шырша айналасына тұрып билейді. Қаршақыз: Келіндер, келіндер! Ертегіге өлең айтып, би билеп, сыйлық алып көріңдер!	Балалар көптен күткен мерекеге сәнді киімдерімен келеді. Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға қарап, қуаныш сезімдері оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Кәнеки, балалар, шыршымыздың шамдары жана ма екен, сұрап көрейік. Қаршақыз: Шырша, шырша жана ғой, шамдарыңды жаға ғой! Балалардың шапалақты қатты ұруын сұрайды: Бір, екі, үш – әсем шырша, жана ғой! Қаршақыз: Келіндер, балалар, «Шыршамызға арнаймыз» әнін бірге айтып, бәріне сыйлайық (музыкасы Е. Тиличеева, сөзін жазған Г. Абдрахманова). Қаршақыз: балалар, қалың орманда «Түлкі мен қояндар» өмір сүріпті. Ендігі жүгіріп залға Түлкі кіреді. «Қояндар мен қу түлкі» әнін бірге айтуды ұсынады	Балалар қосыла қайталап, шапалақты бірге қағуға тырысады. Қаршақыз бен қояндар шеңберге тұрып, әуенді қимылдармен айтуға талпынады. Балалар әнді қосыла айтады.

	(музыкасын жазған Г. Филаровский, сөзін жазған Г. Абдрахманова). Соңғы шумағында қояндар қашады, түлкі қуады, бірақ жете алмайды. - балалар, «Аязата келіңіз, бізге сыйлық беріңіз!» - деп шақырайық. Аязата: Айналайын балалар! Кімде өлең, тақпақ бар? Қаршақыз: «Билейміз Аязатамен» әнін тыңдаймыз, билейміз», - деп балаларды ортаға шақырады. Аязата: менімен бірге жүріңдер, шыршаға жақындайық. Қаршақыз: менің дорбамда бір ойыншық қалып қойыпты. Кім ұстап көріп, атын айтса бізде қызық ойын басталайын деп тұр. Қаршақыз: Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз! Ойын-жарыс: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді».	Түлкі қуады, қояндар қашады. Балалар Аязатаны қуана шапалақ ұрып қарсы алады.
Рефлексиялық – түзетушілік	Аязата, Қаршақыз, Аққала: - Ал балалар, балалар! Сыйлықтарды алыңдар! – деп сыйлықтарды үлестіреді. - Сендерге келер жылы тағы да келеміз. Сау болыңдар! – деп балаларды өнерлері үшін мақтайды. Қоштасады.	Балалар ойынға белсене қатысады. Балалар сыйлыққа жақындап, қолдарына алады, ерекше сезімге бөленіп, рақмет айтады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағы арқылы әуендерді ажыратуды, тыңдап еске түсіруді, сөзіне мән беруді.

Игереді: музыка ырғағы арқылы лентаны ұстауды, шамдарды ұстауды, сәбіз, шелек, сыпырғыш ұстатуды.

Меңгереді: ертеңгілікке қойылған билерді еркін орындауды.

Ән-саз жетекшісі: Г. Сейділдаева.

Күні: 5-7. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.

Көрнекілігі:Көбелектің суреті

Билингвалды комп.: Көбелек - Бабочка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Зал ішінде гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды. Гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.	Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін тандап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. <i>Көктем қандай көріктк, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты! –</i> Деп, көбелекті гүлге қондырады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Көктем» (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған А. Асылбек) әннің 2ші шумағын орындап береді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл – қозғалыс жасауларын бақылайды.	Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады. Балалар әнді шаттана қабылдап, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.

	«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны. Көбелек ау, көбелек, <i>Ұшасың сен көлбеңдеп.</i> <i>Қызыл, жасыл керемет,</i> <i>Гүлге қоншы көбелек! –</i> Деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында: <i>Ақ қанатты көбелек,</i> <i>Көк қанатты көбелек,</i> <i>Бақшамызға қона кет! –</i> Деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.	Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектер қанатын бейнелеуге әрекеттенеді Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналып, гүлге жақындап отырады. Көбелектер «гүлге қонады».
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың қызығушылығын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. «Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс-әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.	Балалар көңілді, еркін қимылдап, шаттанады. Қабілеттеріне қарай жауап беруге тырысады. Көңілдене қоштасып, «ұшып» шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.

Игереді: музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.

Меңгереді: көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

Ән-сазжетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 12-14. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Төлдер

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі: Текшелер

Билингвалды компонент: Төлдер – детеноша животных

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	«Марш» (Е.Брусиловский) 1-2 тактілерде «Сәлем, сәлем, балалар!»- деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. Музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. - Балалар, орнымызға жайғасып отырайық. Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру». (Д.Ботбаев) Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру.	Балалар марш ырғағымен кіреді. «Сәлем,сәлем! Сәлемесізбе?»- деп амандасады. Балалар келіп отырады. Балалар төлдер текшелерін ұстап, дыбыстарын келтіріп жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Барлық төлдерді айтқызып, орындарын ауыстырып қайталалатады. «Төлдерді тап» ойыны. Балаларға төлдердің ежелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. - Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.	Бірінші топ: - Қойдан жуас бозымды шақырамын қозымды. Екінші топ: - Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге қарап, төлдер текшесін қолына алып,енесіне апаруға тырысады. Балалар әнге қосылады. Балалар биге қатысады.

	«Тұлпарым» әнініне қамшы ұстап билеуге үйрету.	
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы. - Келесі жолы төлдерді, ежелерін өздерін ойнайсыңдар. - Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман сау, болыңдар.	Балалар көңілдене топқа қайтты.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төменен» дыбыстарын айыруды.

Игереді: текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды.

Меңгереді: би ырғақтарын қайталауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 19-21. 01.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Торғайлар»

Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Көрнекілігі: Құстардың суреті

Билингвалды комп:. Торғай – воробей.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды. <i>Нық басып келеміз, Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады. <i>Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты, - деп таңқалған болады.</i>	Балалар ырғақты сезіне нық басып жүруге талпынады. «Бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға әрекеттенеді. Балалар жүгіре басып келіп, торғайды көріп, таңқалады, қызығушылық танытады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан) <i>Шиқ-шиқ етіп дауыстайды, Ешбір құстан қалыспайды, -</i> деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады. Тұмсығымен жем шоқып, Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.	Торғайлар даусын естіп, еліктеп қайталауға талпынады. Ойыншық торғайдың қимылына қарап, тізелерін бүгіп отырып, саусақтарымен торғайдың тұмсығын бейнелеп, «жерді шоқып» жем жеуін көрсетеді.

	«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды. «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. <i>Кәне, қанат жазайық, Көк аспанда самғайық,</i> - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.	«Шиқ-шиқ» сөзіне қосыла әндетуге тырысады. Балалар көңілдене торғай қанаттарын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, жеңіл жүгіреді.
Рефлексиялық-Түзетушілік	«Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды. <i>Шиқ –шиқ еткен торғайды Қорғамасақ болмайды,</i> - деп балаларға торғайды сипаттайды. <i>Қамқорлыққа алайық, Ұясына салайық!</i> – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.	Балалар торғайды сипап, қызықтайды. Торғайды ұясына жеткізіп, көмектесуге әрекеттенеді. Көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайдың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.

Игереді: сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.

Меңгереді: қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздеріне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 26.01.2022.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу. .

Көрнекілігі: Қыс көрінісінің суреті.

Билингвалды комп.: Қысқы әуен – Зимняя мелодия

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңіл күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады. <i>Міне сұлу шыршамыз, Қуанамыз баршамыз. Әсем сұлу жұлдызша, Жарқырайды құлпыра. Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса, - Деп шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақырады.</i>	Балалар залға тізіле кіріп амандасады. Балалар кішкентай шыршаға тамсана қарайды. Балалар шырша басына қарап қуанады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Кәне, балалар, мен сендерге «Шыршамызға арнаймыз» әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е. Тиличеева , сөзін жазған Г.Абдрахманова). Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады) Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (музыкасы Г. Филаровский сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, педагог ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды. Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусақ театрын көруге	Балалар әнді тыңдайды. Балалар шырша түбінде отырған қояндар мен түлкіге қарайды. Музыкасын тыңдап, ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар театр кейіпкерлеріне қызыға қарайды.

	шақыру. (Халық әні «Хайләйлім», музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). «қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертедегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу. Мысалы, Тышқан, Бақа қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.	Үстел үсті театрына қызыға қарап тыңдайды. Әнді тыңдап, ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосылып айтуға тырысады. Тышқан, бақа, т.б. қимылдарын қайталауға талпынады. Балалар жеңіл, аяқ ұшымен әуенге ілесіп жүгіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Сөйлейтін бубен» ойыны. Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаларға «Жарай-сың», «ө-те жақ-сы» деп жетекшісі бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауыстары мен қимылдарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. Қоштасады.	Балалар барлық кейіпкерлерді аянышын, қорқынышын, қуанышын сезіне қабылдауға талпынады. Балалар ойынға қызыға қатысады, ырғақты сезіне біледі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды

Меңгереді: аңдар жүрісін секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 28.01.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.

Көрнекілігі: Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.

Билингвалды комп: Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді: <i>Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды.</i>	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын ұнтаспадан тыңдатады). Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр» (Г. Абдрахманова). Балалар әнді тыңдап, соған лайық қимылдар жасайды. «Орамалмен билейміз» (Е. Брусиловский). - Балалар сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шықса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады). «Күн» (М.Т.Потапенко. көңілді шығарма) «Жаңбыр» (А.Меңжанова).	Балалар жауап береді. Балалар тыңдауға тырысады. Балалар шеңберге тұрады. Мәтінге қарай қимылдар жасауға тырысады. Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене қатысады. Музыка әуені басталғанда қуанады шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуға тырысады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар.	Балалар Күнге бас иеді.
---------------------------------	--	-------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көңілді әуенді сезінуге үйренеді.

Игереді: музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 1-3. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Пойыз»

Мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Пойыздың суреті

Билингвалды компонент: Пойыз - поезд

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжыққа жету үшін мына <i>«Көңілді пойызға»</i> отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді. <i>«Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық»</i> , - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<i>«Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух»</i> , - деп, «Пойыз» әнін (музыкасы К. Қуатбаев, сөзі Ж. Смаков) орындайды. Ән айтылғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар <i>«Көңілді пойыздан»</i> түсіп, қысқы орманда «қыдырады». - Балалар «Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтайық. «Сұр қоян» әнін (музыкасы А. Филиппенко, сөзі К. Үбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Әнді естеріне түсіріп Жетекшімен

	сұрайды. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен Жетекші ойыншық аюды алып шығады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. <i>«Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансын, Тату болып жүрейік», - деп, «Қояндар мен аю» ойынын ұйымдастырады.</i>	бірге орындауға тырысады. Қонжық пен бірге ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білуі, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 8-10 .02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақ, безендірілген қорап.

Билингвалды компонент: Сылдырмақ – погремушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Жетекші балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. «Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Красев) ойналып, 1-бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.	Қуанышты көңіл күймен өз еріктерінше еркін қимылдап, билейді. Балалар зал ішінде жұптаса, шашырап жүріп «серуендейді». Ырғақты тыңдап, бірге шапалақтауға талпынады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, қарандаршы мынау қорапқа ішінде не бар екен? Келіндер, бірге көрейік. Жетекші қораптан сылдырмақты алып : Қызыл, жасыл, сылдырмақ, Үн қатады сылдырлап. деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді. «Сылдырмақты серуен» (С.Тезекбаев) Сылдырмақты алайық, Әсем әнге салайық! Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (А.Токсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.	Ұнатқан сылдырмақтарын тандап алып, көреді, сілкіп дыбысын шығаруға тырысуға. Әуенді ұйып тыңдап, қосылып айтуға әректенеді. Ырғақты сезіне сылдырмақты сілкіп ойнап, шаттанады. Балалар тізлерлеп отыра қалып, беттерін жауып жасырынады.

	Ортада әлі ойын бар, Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Сылдырмақпен ойын» (А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады.	Шеңбер бойымен тұруға талпынады. Сылдырмақтарын жоғары көтеріп,сілкіп ойнап,зал ішінде шашырап жүреді. Арқаларына жасырып,ақырын басып ортаға жиналады. Әуен соңында шығыршықтарға тығылады.
Рефлексиялық түзетушілік	Апайларды тыңдаймыз, Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды. -Сылдырмақтардың даусы қандай? -Бүгінгі серуен ұнады ма? Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.	Балалар сылдырмақтарды қорапқа салады. Сылдыр-сылдыр. Иә, ұнады! Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді: сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 15-18. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Балдырғандар»

Мақсаты: Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды компонент: Бала – мальчик.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С.Керімбаев, І. Шұғаев). Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. Қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып, дөңгелене билейді.

Рефлексиялық түзетушілік	Оқу қызметін қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	Мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 22-25. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Билингвалды компонент: дыбыс - звук

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық Қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, әженің суретін көрсетіп, қонаққа баратындарын айту. - Әжеміздің ауылына құлыншаққа мініп барайық. Үнтаспада «Тұлпарым»(Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларға құлыншақ шабысын көрсетіп, қайталауларын сұрау.	Балалар қуана келісіп, «құлыншаққа отырып», әуен ырғағымен жүгіре басып, шабысын көрсетуге талпынады.
Ұйымдастыру шылық-ізденістік	Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, «Не қалай дыбыстайды?» ойыны (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды. <i>Секеңдеген лағым, Лағым менің, шұнағым Қалай дыбыстайды?</i> Балаларға карточкадан лақтың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі лақ маңырайды деп түсіндіреді. <i>Күзетші күшік – саққұлақ, Үй күзетіп шапқылап, Дыбыс шықса қаттырақ</i>	Ойынға көңілді қатысып, жауап беруге тырысады. Лақтың суретін көрсетіп, «мә-мә» деп маңырап дауысын салуға талпынады. Балалар күшіктің суретін тауып көрсетіп, «әуп-әуп» деп қуана дыбыстайды. Балалар өздері таңдаған ойыншықтарын

	<i>Қалай, қалай үреді?</i> (сұрақтар жалғасады) «Анасын тап» ойынын (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы: <i>Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не?</i> Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын әрі қарай жалғасады.	алып шеңбер бойымен отырады. Балалар ойынға қызығушылық танытып, көңілді қатысады. Төлдердің суреттерін дәл тауып, қимылын салып көрсетуге талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? Қандай төлдер бар екен? Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді. - Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар! Ұнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.	Балалар жауап береді. Төлдердің атын атап, жауап беруге тырысады. Әжемен қоштасып, әуен ырғағымен «шауып» шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды.

Игереді: ойын арқылы төлдер туралы біліп, лақ маңырайды, бұзау мөңіреді, күшік үреді сияқты түсініктерді.

Меңгереді: музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің қимылын сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 1-3. 03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Тауық бен балапандар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембірін айыру.Әнді орындауға баулу.

Көрнекілігі: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік,баскиімдер,көңілді текше.

Билингвалды компонент: тауық – курица.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Балаларды Қ.Қуатбаевтың «Бөбектер биі» әуенімен қарсы алу,балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау. Сәлем, сәлем, балалар! Ән айтамыз,би билейміз, алақай! «Орман шуы» әуені тыңдалады. Күн күледі,жадырайды, Құстар келіп сайрайды. Кел,балалар, келіңдер. Ертегіге еніңдер! - Балалар ,қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз,қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз.Арықтан аттаймыз, алысқа қараймыз.	Балалар залға қатарласып, аяқ ұшымен кіруге үйренеді, қатарласып тұрады. Құстардың сайраған дыбысын тыңдайды. Шеңбер бойымен жүреді,ұшады, қанаттарын қоғады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар ,мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балалаға қарайды. «Шашу» әуенімен (Е.Бусиловский) ортаға тауық келеді. - Балалар,біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз. «Тайтұяқ пен Асатаяқ» (музыкасын жазған	Балалар отырып, тыңдайды. Балалар әнді қызыға

	А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды. - Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естітіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н. Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарын үйрету. Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.	тыңдайды. Балалар жауап береді. Балалар аспаптарды алып, ұруды, қағуды, әнді қосыла айтуды үйренеді. Көрген жоқпыз. Би қимылдарын жасауға талпынады. Балалар текше суреттеріне қарап, аң, жануарларды есіне түсіреді.
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, біз бүгін қайда бардық? - Нені кездестірдік? - Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі Жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!	Балалар тоғайға барғанына, көргендеріне риза болады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембірін айыруды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні:10.03.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Ауылдағы той»

Мақсаты: әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат.

Билингвалды компонент: күй, той

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кеңес» күйі ойналып, жетекші балаларды карсы алып, ауылға, тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға «атпен» шабуды ұсынады.	Балалар күйді тыңдап, шеңбер бойымен калыспай жүруге үйренеді. Ұлдар қуана «аттарға» мінеді, қыздар аспаптарды алады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Ән тыңдау: «Айжан қыз» (Құрманғазы), «Қамажай», «Хайләйлім» әуендері (үнтаспада) орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды. -Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра	Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып, әңгімедейді. «Дығы-дығы, дың-дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді.

	түсейік, көтеріледі. -деп ойынға шақырады. Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап, өз беттерінше билеуге ерік береді. Би: «Асатаяқпен би», «Кел, билейік» билері қайталанады. билерін қайталанады. Балаларға ұнататын аспаптарын таңдап алуға мүмкіндік беріп, ұлттық ұрмалы аспаптардан өз оркестрін құрайды.	Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады, ойын шарттарын сақтап, ептіліктерін көрсетуге тырысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай ән, күйлер тыңдадық? -Кімге қандай ән ұнайды? - Музыкалық аспаптардың қайсысын ұнатасындар? - Қандай билер биледіндер? - деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс-әрекеттерін еске сақтауларына ықпал етеді. Бүгін тойға барып, өз әуенінің ырғағына өнерлеріңді көрсеттіңдер. Барлығың өнерпаз, өнерлі екенсіңдер, - деп мақтайды.	Қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өз ойларын, алған әсерлерін жеткізе әңгімелейді. «Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар «атқа мініп», шауып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

Игереді: ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдауды

Меңгереді: ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 15-17. 03.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Билингвалды комп: Көктем – весна.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!- Үнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады?	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды, қызығушылық сезімдері оянады.

	<i>Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.</i> «Көктем» әні (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: <i>Қызыл, сары, жасыл, көк Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.</i> <i>Достығымыз жарасып, Көңілді би билейік!</i> «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.	Қолдарын созып, «ұшуға» әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады. Жетекшідің жасаған іс- қимылын қайталап көрсетуге тырысады қолдарын көкке созып, Күнді, өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады. Шеңбер бойымен тұрып, Жетекшіге қарап, би қимылдарын қайталайды. Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып, ырғақпен билеуге талпынады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай?	Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге
қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді
сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен
шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 28.03.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер.

Билингвалды компонент: Гүлдер – цветы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!- Үнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады? <i>Қолымызды жасайық,</i>	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды, қызығушылық сезімдері оянады. Қолдарын созып, «ұшуға»

	<i>Құстай қанат қағайық!</i> – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды. «Көктем» әні (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: <i>Қызыл, сары, жасыл, көк</i> <i>Гүлдерді біз терейік, -</i> деп гүл жинауды ұсынады. <i>Достығымыз жарасып,</i> <i>Көңілді би билейік!</i> «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.	әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады. Жетекшідің жасаған іс-қимылын қайталап көрсетуге тырысады қолдарын көкке созып, Күнді, өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады. Шеңбер бойымен тұрып, Жетекшіге қарап, би қимылдарын қайталайды. Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып, ырғақпен билеуге талпынады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай?	Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіну көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенімен және табиғи дауыспен орындауды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 1.04.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау. Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.

Көрнекілігі: бұлт, күн, таяқшалар.

Билингвалды компонент: Күн – солнце, бұлт – облако, жаңбыр – дождь.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар залға кіреді. «Сәлем, сәлем, балақай» әнін айтып қарсы алу. Айналайын балалар, Маған қарап тұрындар. Аяқтары тік түзеп, Амандасып алындар. Сәлем, сәлем, балақай! Сәлем, сәлем, балақай! Музыка залының бір бұрышы көктем лайық көрнекі құралдармен жабдықталған. Айналаға қараңдар, Бұл қай мезгіл балалар? Балалардың назарын дайындаған көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды.	Балалар шеңбер бойымен жүріп келіп, бір қатарға тұрады әнді тыңдайды. «Сәлем, сәлем, сазды әуен, Сәлем, сәлем, әсем саз!»- деп жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі. Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың көңілін аударады. Музыка тыңдау: «Жаңбыр» (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын ала дайындап қою). Ән айту: «Күн мен жаңбыр». Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып, қозғалтып,	Балалар күркіреген дыбысты тыңдап, бұлтқа қарайды, көңілді әуенді тыңдайды. Балалар күнге қарайды, әннің мәтінін, әуенін тыңдап, қосылып қимыл жасауға тырысады. Балалар күн шуағын ұстап: «Күн күледі ля-ля-ля-

	қимылдарды үйретеді, қайталатады. -Балалар,балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимылдарды,козғалыстарды көрсетеді,қайталатады. Би: «Вальс» (А.Аренский) «Орамалмен билейміз», -деп,би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау.Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. «Жау,жаңбыр» ойыны. Әр балаға барабан таратылады, екі таяқшасымен барабанды соғып, «қатты», «жай» дыбыстарын тыңдатып, ажыратқызу. «Күн мен жаңбыр» әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады»деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, бірін бірін ұрады.Басқа қимылдарды музыка жетекшісінің қалауымен дамыта түсуге болады.	ля»деп айтуға талпынады. Орамалды алға-артқа, төмен жоғары бұлғау қимылдарын қайталауға тырысады. Ойынға көңілді қатысуға тырысады, қызығады. Балалар барабанды көрсетілгендей соғуға, жақсы орындауға талпынады және ырғақты дыбысты сезіне ойнауға тырысады.
Рефлексиялық Түзетушілік	-Жаңбыр қай мезгілде жауады, қалай жауатынын пысықтап айтып,көрсетеді. -Сендер белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар!-деп мақтайды.	Көктемде жауады. Қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдауды,айтуды.

Игереді: таяқшаларды ұстауды,барабанды ырғақпен соғуды.

Меңгереді: жүгіруді,ырғақпен шапалақтауды,қолдары мен саусақтарын қимылдатуды.

Музыкант: А.Ауезова.

Күні: 11.04.2022.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мысық қашады, күшік қуады»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: алақандар, ойыншық Ақтөс, Барыс.

Билингвалды компонент: Мысық – кошка, күшік – собачка.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды Е.Қасанғалиевтің «Атамекен» ырғағымен қарсы алу. - Сәлем,сәлем, балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру. Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар». Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау, ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді алақан суреттерін балаларға таратып береді. - Алақандар не істеп жатыр? - Алақандар не істей алады? Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін – бірі көргеніне қатты қуаныпты.	Балалар марш ырғағымен кіреді, қатарласа тұрады. Сәлемдеседі. Балалар ойын барысын тыңдап,қызығушылығын арттырады. Ұйықтап, қыдырып, билеп жатыр. Балалар қол шапалақтайды Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді. Алақандар бір- бірімен амандасып,бастарын иеді. Зал бойымен жүріп, алақандарын түйістіреді.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Ән тыңдау: «Әй- әй бөпем» (халық әні) - «Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен? «Балдырғандар маршы» (Қ. Қуатбаев) «Қуанамын» (М.Ержанов) музыкасын тыңдап,	Балалар әнді мұқият тыңдайды. Алақандарынан көрсетеді. Балалар тыңдап, алақандарын көрсетеді.

	алақандарын көрсетеді. - Балалар, жарайсындар, ал енді ертегі тыңдайық. Әуенді – қимылды қозғалыс: «Ақтөс пен Барыс» «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуенімен балаларды шақырып билету.	Балалар Ақтөс пен Барысқа қарап, қимылдарын бақылайды.
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, сендерге бүгін қандай қуыршақтар келді? - Келесі жолы өздерің ойнайсындар. «Ақтөс пен Барыс» әнін жаттап келіңдер. Сау болыңдар!	Ақтөс пен Барыс келді. Балалардың көңіл күйі көтеріңкі болып қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыка арқылы «ұйықтау», «қыдыру», «көңілді», «көңілсіз» сипаттарын ажырату.

Игереді: Алақандарды ұстап көрсету.

Меңгереді: Ырғақты қимылдарды.

Музыкант: А.Ауезова.

Күні: 15.04.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуе, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Қол - рука

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	«Көңілді би» (Ө Байділда) орындалып, балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Әуеннің екінші бөлімінде аяқты нық басып, адымдап жүрулерін бақылайды. Әуен аяқталысымен музыка жетекшісі қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады. - Балалар, бүін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Кәне, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.	Балалар жеңіл жүгіреді, аяқтарын ырғақпен нық басып жүреді. Қуыршаққа назар аударып, таңдана қарайды. Қолынан ұстап, амандасуға әрекеттенеді. Санамақты бірге айтады.
Ұйымдасушылық-ізденістік	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсете, дауыстап айтуларын қадағалайды. Қуыршақ- Айжан сендере «Бұл не?» деген ән-ойынын орындап бермекші. Мүкият тыңдаңдар! – деп қуыршақтың қолын қозғап, ән мазмұнын түсіндіреді. Ертемен күнде сен Қолыңа сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? - Балалар, кәне, Айжанға тап-таза қолдарымызды күнде сабынмен жуамыз. Міне, біздің қолымыз!	Балалар шеңбер бойымен тұрып, саусақтарын ашып, бүгіп көрсетуге тырысады. Ән мазмұнына сай қимылдады қайталап көрсетіп, «Бұл не?» деген сұраққа шамалары келгенше жауап береді. Екі қолдарын жоғары көтеріп, мақтанады. Балалар әнді ынта қойып тыңдайды.

	Енді отырып ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (музыкасын жазған Б. Дәлденбай, сөзін жазған А. Меңжанова) Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, педагогтың көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. - Қуыршақ Айжанмен ойын ойнайық. Әуенді –ырғақты ойын «Жай және жылдам» (музыкасын жазған Е. Хасанғалиев, сөзін жазған А. Асылбек).	Ән сұрақтарына жауап беруге талпынып, қолдарын, аяқтарын, құлақтарын көрсетеді. Қуыршақпен ойынға қуана келіседі. Ырғақты көрсете жай және қатты, тез және ақырын қимылдайды.
Рефлексиялық – Түзетушілік	- Балалар, қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? Қолы қалай екен? Аяқтары қалай топылдайды? Тез-тез қалай шапалақтайды екен? – деген сұрақтар қойып, жауаптарына ризашылығын білдіеді. Балаларды мақтап, көңілдерін көтеруге тырысады.	Балалар қуыршақтың және өздерінің қолдарын көрсетеді. Көңілдене қол шапалақтап, аяқтарын топылдатады. Қоштасып, шығады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты ажыратуды, әуенді тыңдап, сезіне білуді, би қимылдарын қайталап көрсетуді

Игереді: «жай» және «тез» ұғымын түсініп, әуенге ілесе сәйкес қимылдар жасай алуды.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес дене мүшелерін атап, көрсете алуды, ырғақты сезініп, тез және жай шапалақтауды, аяқтарын ырғақпен топылдатуды.

Музыкант: А.Ауезова.

Күні: 02.05.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан, Дос бауыр көп, туысқан. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы)	Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ, орыс, өзбек, тәжік т.б. Бірақ бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек. Музыка тыңдау: «Жайдарман» (халық әні) - ән көңілдеме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады. Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкиров, Ә. Дүйсенбиев) - Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған? Бәріміз	Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді. Балалар музыканы тыңдай отырып, жауап беруге талпынады. Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді.

	тату, дос болсақ,су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. «Қоңыраумен ойын» (Т.Ломова) Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Жетекші қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.Би: «Биге шақыру»(орыс халық әні)Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады.Осылайша бәрі түгел биге шығады.	Балалар «ортақ» деген сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады. Балалар қоңырауларды кезектесіп алып, сылдырлатып көреді, қызықтайды. Балалар музыканы мұқият тыңдап, сол музыкаға қоңырауды алып сылдырлатады. Балалар бір – бірін биге шақырады. Қимылды бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды марапаттау.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Музыкант: А.Ауезова.

Күні: 6.05.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Бейбітшіліктің суреті

Билингвалды компонент: күн - солнце

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Ақ кептерлер» (М.Мақатаев, Н. Тілендиев). Ән үйрену: «Әрқашан күн сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.

	қадағалау.	
Рефлексия лық түзетушілік	Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Музыкант: А.Ауезова.

Күні: 16.05.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Доптың суреті

Билингвалды компонент: Доп – мячъ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуені ілесе қимылдар жасайды. Доп шаршамайсың, шалдықпайсың, доп, қалай? Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыққанда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссе тағы батпайсың. (Р. Тышқанбаев)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, музыка залына келеді. Әуенге сай қимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдерме? Допты жерге ұрсақ, өзіне қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір –біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады. Музыка тыңдау: «Доп» (Т. Ломова) - Музыка қалай ойналды? Тез, көңілді, жеңіл балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. Ән айту: Өткен сабақтағы әнді қайталау. Жаңа ән: «Доп» (Б. Қадірбек, А. Асылбек)	Балалар жауап береді. Балалар Жетекшідің айтқанын қайталайды. Өткен әндердің мәтінін еске түсіреді.

	Әннің мәтінін үйретіп, әуенге қосылады. Жәй қатты деген жерінде дауысты бәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуға дағдыландыру. Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен Қимылдар жасап жалғастыру. «Допқа кім тез жетеді?» ойыны. Музыка ойналғанда Жетекші допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Қимылды – ырғақты қозғалыс: «Кішкентай би» (Н. Александрова) Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету.	Әнді көңіл қоя үйренеді, «жәй» деген жерінде дыбысты жій шығарып, «қатты» деген жерінде дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан қуады. Кім тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Қолдарын белдеріне ұстап, шеңбер жасап тұрады. Музыка ойналғанда екі қадам алға аттап, үш рет аяқты топылдатады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау, мақтау, мадақтау, марапаттау.	Екі қадам артқа шегініп, үш рет аяқты топылдатады. Екеуден қол ұстасып, жәй айналады.

Күтілетін нәтиже:


Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренеді.

Музыкант: А.Ауезова.

ЖШС «Ақсана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін.
«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
 Д.А. Темирова.



«Ән-саз»

Перспективалық жоспар

«Бөбек»

тобы.

2021-2022ж.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

«Бөбек» ерте жас

Мақсаты: Музыканы тыңдауға, ынтазарлықты, шығармада берілген көңіл-күйді, әуенді есту, сезіну, әнді табиғи дауыспен орындау.

Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
Қыркүйек «Менің балабақшам»	«Бақшаға барамын» «Көңілді достар» «Қуыршақ» «Сылдырмақ»	1
		1
		2
		2
Қазан «Менің отбасым»	«Менің отбасым» «Кәне қызық ойын бар» «Жау, жаңбыр» «Күзгі қойма»	1
		1
		2
		2
Қараша «Дені саудың- жаны сау»	«Мерекелік ән мен би» «Жемістер бағында» «Әй- әй ата» «Көңілді би»	1
		1
		2
		2
Желтоқсан «Менің Қазақстаным»	«Орманға саяхат» «Гүлжазира - Қазақстан» «Отаным» «Жасыл шырша жанында»	1
		1
		2
		2
Қаңтар Қызықты қыс мезгілі	«Әдемі көбелек» «Төлдер» «Торғайлар» «Қысқы әуен»	1
		1
		2
		2
Ақпан «Бізді қоршаған әлем»	«Күн мен жаңбыр» «Пойыз» «Ғажайып сылдырмақтар» «Балдырғандар»	1
		1
		2
		2
Наурыз «Салттар мен фольклор»	«Не қалай дыбыстайды?» «Тауық пен балапандар» «Ауылдағы той» «Шуақты көктем»	1
		1
		2
		2
Сәуір «Біз еңбекқор баламыз»	«Біз өмірдің гүліміз» «Бұл қай кезде болады?» «Мысық қашады, күшік қуады» «Қайсы екен қолымыз»	1
		1
		2
		2
Мамыр «Әрқашан күн сөнбесін»	«Ағайынбыз бәріміз» «Әрқашан күн сөнбесін» «Доп»	2
		2
		2
		54

Күні: 3-6 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Бақшаға барамын»

Мақсаты:Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу. Бізге тәртіп үйреткен, Ән салдырып билеткен, Әріптермен, суретпен Таныстырған біздерді Педагог тәтеміз. (О. Асқар)	Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) - Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? - Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов) Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады	Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады. Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады.
Рефлексиялық	Қорытындылау, балаларды мақтау,	Балалар қуана

түзетушілік	бағалау.	қоштасып шығады.
-------------	----------	------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 10-13 .09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Көңілді достар»

Мақсаты:Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.

Қуыршақ кеіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру,
шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру

Көрнекілігі: Балалалардың суреті

Билингвалды компонент: Дос - друг

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада «Кеш жарық»әні орындалады. Жетекші балаларды қорапқа салынған сылдырмақпен қарсы алады. Қарандаршы сылдырмаққа Сылдыр – сылдыр етеді, Қолымызға алып, ап. Ән шығардық билеп ақ. Деп ойынға шақырады.	Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп, шеңбер бойымен тұруға талпынады. Қолдарына сылдырмақты алып сылдырлатып көреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жетекші балалардан жан достарын сұрайды. Бір – біріне достарын айтады. Ән айту: «Бүлдіршіндер» әні Балалар көңілдене айта білді. Әуенді – ырғақты қимыл. «Биге шақыру» Жетекші бір баланы ортаға шақырып, өзіне сыңар іздетеді. Қимылды ойынды қайталап ойнады. Балаларға қонаққа Түлкі келеді. Сәлемдесіп, өзінің өлеңін айтады. Мен сұлу түлкімін, Жәй өтпес бір күнім. Ішінде жүремін, Айғай-шу, күлкінің! - Достар, бәріміз көңілді ойын ойнайық! «Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады.	Балалар өз достарын жасырмай айта білді. Әнді көңілдене айта білді. Әннің мәтінін жаттап, әуенмен айтуға тырысады. Бала қалаған досын биге шақырып,аяқтарын бірге топылдатады. Музыка тез ойнағанда бірге айналады. Музыка аяқталғанда, екеуі қайтадан екі баланы шақырады.Осылай балалар түгел биге қатысады. Түлкіні қуана қарсы алады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, қонақтармен қоштасып, шығарып салайық. - Балалар сендерге ән, ойындар ұнады ма? Балаларды мақтап, мадақтау.	Түлкімен қош айтыс-ды. Балалар шамасы келгенше жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді тыңдап, мазмұнын түсіну, қимылмен көрсете білу.

Игереді: Музыканың сипатын ажыратуды, ырғақты сезіне еркін қимылдауды.

Меңгереді: Өз еркінше кейіпкерлердің жүрісін, қимылын салуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 17-20 .09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қуыршақ»

Мақсаты: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті

Билингвалды компонент: Ойыншықтар - игрушки

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Қуыршақтың үсті-басы лас. Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов) Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Қуыршақты қызықтайды. Балалар өленді тыңдап, не туралы екенін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Музыка тындау: «Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы). Бесік жыры қай кезде айтылады? Оны орындағанда қалай отыру керек? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі. Баланы ұйқтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жәй тербетеді. «Кір қуыршақ» әні (И.Нүсіпбаев, Ж.Қашқынов) Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу. Әнді айта отырып, балаларға адамершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру.	Балалар музыка тыңдай отырып, тыныштық сақтауға тырысады. Әнді әуенмен дұрыс орындауға тырысады.

	Әрқашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек. «Бала уату» ойыны. (Е.Өміров). Балалар шеңбер жасап, тізені бүгіп отырады. Көздерін жұмады. Ортада 2-3 бала ойыншық ұстап тұрады. Әуен ойналғанда ортадағы балалар отырған балаларға білдірмей алдарына ойыншықтарды қояды. Алдында ойыншық тұрған бала ойыншықты алып, ортаға шығуы қажет. Ойын қайталанады.	Балалар шеңбер бойымен тізелерін бүгіп, көздерін жұмады. Көздерін ашқанда алдында ойыншық тұрған бала ортаға шығады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі іс-әрекетке белсене араласқан балаларға мақтау айтады, мадақтайды.	Балалар қол бұлғап қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді барынша таза айтуды.

Игереді: *бала уату, қуыршақ, бесік жыры* деген түсініктерді.

Меңгереді: шеңбер жасап отыруды, көздерін жұмып, музыка әуенін тыңдай білу дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 17-20 .09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Сылдырмақ»

Мақсаты: Балалар музыкалық аспаптарын ажыратады және атайды: металлофон, сылдырмақ, бубен, барабан, қоңырау. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.

Көрнекілігі: Сылдырмақтың суреті

Билингвалды компонент: Сылдырмақ - Погремушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыка үнімен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, т.б. Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. (Н. Әлімқұлов)	Балалар музыка әуенімен залға келіп, жүреді, жүгіреді. Серіппелі тізе бүгеді. Өлеңді тыңдайды
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Күз – жомарт» (Д.Ботбаев, Е.Өтетілеуұлы). Ән шумағы жай орындалады, ал қайырмасы өте көңілді, жылдамырақ орындалады. Ән айту: Өткен сабақта айтылған әдерді қайталау. Музыка жетекшісі әнді балалардың естеріне түсіре отырып орындайды. Ән ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. «Шар» әнін ортаға шеңберде тұрып, қимыл жасап айту. Ән үйрену: «Сылдырмақ» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің	Балалар музыканы тыңдайды. Шумағы мен қайырмасы арасындағы айырмашылықты ажырата тыңдауға тырысады. Өткен сабақтағы әнді еске түсіріп, орындайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек-кезек көтеріп, аспанда қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтінін қайталайды. Әуеніне қосылып, бірінші шумақтан соң

	сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Түгел шумақты үйреткен соң, «Шақ-шақ-шақ» деген жерде қолмен ұрады. Әнді түгел үйреніп болған соң, сылдырмақты таратады. Сылдырмақты ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Бәсең жерінде жай ұрып, ширақ жерінде қатты қағу. Бубенның, сылдырмақтың, барабанның дыбыстарын ажырата білу. «Сылдырмақпен ойын» (Б.Дәлденбай). Шеңбер жасап, қолдарына сылдырмақ алады. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.	сылдырмақты жай соғып, екінші шумақта қатты соғады. Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, сылдырмақты жасырып, аяқтарын топылдатады.
Рефлексиялық – түзетушілік	- Сонымен, қазір жылдың қай мезілі? - Қандай жемістерді білесіңдер? - Қандай ән айттық? Қорытындылау, бағалау, мадақтау.	Балалар қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: Музыкамен сылдырмақты жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгереді: Әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 24-27 .09.2021ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Дыбыстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру. Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу.

Көрнекілігі: Отбасының суреті

Билингвалды компонент: Отбасы - Семья

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Жауап беруге мүмкіндік жасау. Мамам, папам деген сөздерді алдымен айтқызып, әже, ата сөздерін айтуға жетелейді.	Балалар музыка залында күтіп отырған әженің айналасына жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің не туралы екенін айтасыңдар. Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (музыкасын жазған Ә.Бейсеуов, сөзін жазған Н.Арынова). -Сендердің ауылда әжелерің бар ма, келіп тұра ма? Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Өткен сабақта үйреткен «Кәне, қызық ойын бар» әнін қайталау. Әже балаларға жаңа ән ала келген екен. Жаңа ән: «Топ-топ, балақан» (музыкасын жазған М.Арынбаев, сөзін жазған А.Асылбек) әні	Балалар әнді тыңдап, не туралы айтылғанын айтады Әркім өз әжесі туралы айтады Өткен сабақтағы әнді қимылмен жасайды Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айтуға тырысады. Қайырмасында

	орындалады. -Ән кімдер туралы айтылған? Әже әнді алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдатып, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды. «Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде – екі қолды аспанға көтереді. «Айна» ойынын ойнау. Қазақтың халық әні «Қамажай» (өңдеген К.Қуатбаев) Балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басу, ұршық иіру, айнаға қарау қимылдарын көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. Ойынды балалар жалғастырады.	аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды. Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, әнді аяқтайды Балалар әженің көрсеткен қимылдарын: жүн сабауды, ұршық иіруді, айнаға қарауды қайталайды
Рефлексиялық-түзетушілік	Әже балалармен қоштасып, әже балаларды мақтайды, марапаттайды.	Әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін біледі.

Игереді: отбасы деген түсінікті.

Меңгереді: би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 1-4 10. 2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кәне, қызық ойын бар»

Мақсаты: Жоғары және төмен дыбыстарды ажырата біледі, оны ойын әрекеттерімен көрсетеді. Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету, музыкалық есту қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Ойын - Игра

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Моивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Музыка әуеніне ілесіп қимылдарды нақты, дәл жасауға талпыну.	Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, мына суреттерге қарандаршы, кімдерді көріп тұрсындар? - атқа мінген адамдар, ат шабысын көріп тұрсындар. Музыка тыңдау: «Төрттаған» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай). - аттың шабысына ұқсай ма? Аттың шабысын көз алдарыңа елестетіндерші. Аттың төрт аяғының шабысын музыка тілінде беруге тырысады. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында денені түзеп, басты тік ұстап, қатты айғайламай, әуенді дұрыс айтуға тырысу. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіріп, мәтінін анық, толық айту. Ән үйрену: «Кәне, қызық ойын бар» (эстонның халық әні, өңдеген А.Ромере, аударған И.Сапарбай) Әннің мәтінін жаттап, әуенін	Балалар суретке қарап, жауап беруге тырысады. Музыка тыңдайды. Сұраққа жауап беруге тырысады. Аттың шабысын музыка тілінде түсінуге әрекет жасайды. Өткен сабақтағы әндерді айтады. Балалар әннің мәтінін айта отырып, мәтініне

	үйрену. Әуенді айта отырып қимыл жасау. Қайырмасында қолдарын буыннан қозғалтып, орындарында тұрып айналу. «Қолымызды жаяйық, құстай қанат қағайық» деген жерінде қолды жайып, қанат секілді қағу керек. Қимылдарды бірдей жасауға үйрету. «Атжарыс» ойыны. «Төрттаған» музыкасымен балалар жарысып ойнайды. Екі-екі баладан жарысады, кім бірінші болып мәреге келсе, сол бала жеңіске жетеді.	сәйкес қимылдар жасайды. Балалар таяқты ат етіп мініп шабады, жарысады. Тезірек мәреге жетуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі сабақты қорытындылап, балаларды мақтайды, мадақтайды.	Қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнмен қосылып қимыл жасауды.

Игереді: төрттаған, атжарыс деген ұғымдарды түсінуді игеруді.

Меңгереді: аттың шабысын, атқа отырып шабу дағдыларын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі .Г.Сейділдаева.

Күні: 8-11. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жау, жаңбыр»

Мақсаты: Бір қарқында ән салу, ересектермен бәрге ән салу, аспаптармен қосыла отырып, оның даусына бейімделе отырып, ән салу дағдыларын қалыптастыру. Музыканы тыңдау, естесактау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.

Көрнекілігі: Жаңбырдың суреті

Билингвалды компонент: Жаңбыр – дождь

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Сәлем, сәлем, балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. Балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру.	Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді, қатарға тұрады. Әуеннің сәлем, келеміз, алақай сөздерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға « Күн мен жаңбыр » әнін (Г. Абдрахманова) қайталату. Зал іші күз мезгілі бейнеленген және Күннің жарқырап күліп тұрған суреттерімен безендіріледі. Күн жайлы айтылғанда шапалақ соғуды сұрау. Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету. Жаңбыр жайлы «тырс-тырс» деп айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдатуды естеріне түсіреді, үйретеді, қайталатады. Әнді еркін айтуды сұрайды. « Күн мен жаңбыр » ойыны («Ақ желкен»). Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасына жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталанады.	Балалар әуенді есіне түсіреді. Күз, Күн, жаңбыр, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға тырысады, талпынады. Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды. Күн күркірегенде қолшатыр астына тығылады. Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, сеіруге, бір орында айналуға машықтанады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, сендер қандай әуен естідіңдер? - Сендер жақсы ән айтып, билеп бердіңдер, - деп мақтайды. Қоштасады.	Балалар қоштасады.
---------------------------------	--	--------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

Игереді: әуеннің ыңғайына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғуды.

Меңгереді: шапалақ соғуды, шуақтарды ұстап сермеуге дағдыланады.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 15-18. 10.2021ж

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Күзгі қойма

Мақсаты:Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажыау. Музыкаы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбысарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.**Көрнекілігі:** Күзгі қойманың суреті

Билингвалды комп:Күзгі қойма- осеннее хранилище

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу. - Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық,ертегімізді бастайық.	Балалар әнді есіне түсіріп, қо сыла айтуға тырысады. Шығарманы тыңдауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік Балаларды үш топқа отырғызу. (Қояндар, кірпілер,қарғалар) «Балалар биі»(муз. А.Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу, қимылдату. Ән айту; «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз», 1-жаттығу ырғақтарын көрсету. Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны қысқа қайырып,төрттік нотада тұрып қалып, қолдарын жоғарыға көтереді. 2-жаттығу қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады. 3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді. Тағыда бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғары,	Қоян, қарға , кірпі. Балалар дауыс-қимыл жаттығуын қайталайды. Қояндар секіреді. Қолдарын Жоғары созып көрсетеді. Қояндар орнына барып отырады. Кірпілер тізерлеп кіреді, айналып жүреді, кетеді. Қояндар, қарғалар, кірпілер Жаттығуды бірте-бірте жоғары,

	бірте-бірте төмен айтқызып үйрету. 4-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (.Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады. Аю,аю, аюдың Ақылы көп басында Ынтымақпен аңда жүр Тірлігін жасап қасында, Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді. Алманы кім түсірді? Алманы кім ұстап алды? Аю: Бәріңдер, бәріңдер, Бірдей бөліп көрейін, Бәрің де, бәрің де, Тату-тәтті жүріңдер. «Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады. Қолын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады.	Бірте-бірте төмен айтып Аюды шақырады. Балалар Бірінші қатты дауыспен, екінші бәсең дауыспен айтады. Балалар жемістер мен көкөністерді ұстап ажыратуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, өте кермет ойнадыңдар, «Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды.	Балалар жемістерді алып қуанады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте – бірте көтеруді біледі.

Игереді: Музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді игеруді.

Меңгереді: Аю болып қорбаңдап жүруді, қоян болып секіруді, кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-8. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мерекелік ән мен би»

Мақсаты:Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау.Түрлі сипаттағы әдердің мазмұны мен күйін қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдар жасау үйрету.

Көрнекілігі: Бишілердің суреті

Билингвалды компонент:Мереке - Праздник

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Музыка залына қолдарына жалауша алып, көңілді маршпен кірген балаларды қарсы алады.Атша шабуға үйрету. Он аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын айту, қимылмен көрсету. Аттың шабысын салып жүгірту.	Балалар залға маршпен кіреді. Аттың шабысын салып көрсетеді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, біз аттың шабысын Салдық.Сендер кішкентай Адамсыңдар,яғни баласындар. Ал аттың кішкентайын құлыншақ дейді. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (муз. Қ.Шілдебаев,И.сапарбай) -Құлышақ өздеріндей балалардың досы әрі серігі. Ән айту: Өткен әндерді қайталау. Дауысты қатты айғайламай шығару. Ән үйрену: «Мерекелік ән мен би». Әннің мәтінін үйрету. Жалаушалармен жаттығу жасату. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру,қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп,денені оңға,солға иілу. 3.Жалаушаны ұстап жүру. Келесі сабақта қимыл түрлерін ауыстыру.	Балалар музыка тыңдайды. Құлыншақ туралы әңгімелейді. Өткен сабақтағы әндерді естеріне түсіреді. Балалар Жетекшіге қарап,көрсеткенін қайталап, бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық-	- Бүгін қандай ән айтылды,ән	Ия, ұнады.

түзетушілік	ұнады ма? - Қандай малдың төлі туралы ән тыңдалды? Қорытындылау, мақтау, мадақтау.	Қоштасады.
--------------------	--	------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Мерекелік көңіл күйді сезінуді.

Игереді: Мерекелік жалаушаның түсін ажыратуды.

Меңгереді: Жалаушалармен қимыл жасау дағдыларын меңгереді.

Музыкант: Г. Сейділдаева.

Күні: 12-15 11.2021ж

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:Жемістер бағында

Мақсаты:Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Ертегінің көңілді мазмұнына эмоцияны көңіл-күй танытады,музыкаға деген сезімін ояту.

Көрнекілігі: алма ағашы, алма, аю, қоян, кірпі, қарға жылжымалы суреттер, жемістер.

Билингвалды компонент: Жемістер – фрукты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен көңілді амандасу. Балалар, келіндер, Ертегі тыңдап көріңдер! («Алма» В.Сутеева) - Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жемістер жиналады. - Күздің соңында ағаштардың бәрі босаған, ал мына ағаштың басында жалғыз алма қалыпты. Қоян секіріп, алмаға жете алмайды. Содан кейін ұшып бара жатқан Қарғаға: «Маған алманы алып бер!» - деп бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда жерге түсіріп алады. Алма жорғалап барып жатқан кірпінің үстіне түсіп, оны Кірпі алып кетеді.	Балалар залға бірінің Соңынан бірі кіріп, қатарға тұрады. Амандасады. Көргендерін айтады: Қоян келді. Қарға ұшып Келе жатыр. Кірпі алманы алып кетті.
Ұйымдастырушылық-іздеістік	Ал, балалар, жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер,- Деп Г.Абдрахманованың ертегіге арнап жазылған «Алма, саған ризамыз дөңгелене қоршаймыз» әнін орындау. Балаларды шеңбермен алып жүру, қимылын көрсетіп, әнді айтуға үйрету. - Балалар, алманы алуға не келді? - Онда қоян болып секірейік. - Одан кейін не келді?	Балалар шеңбермен жүріп, музыканы тыңдайды. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын қайталайды. Қоян келді. Қоян болып секіреді. Қарға келді. Қарға болып қанат қағады.

	- Кәне, кәне, ұшайық, қанатымызды қағайық. - Тағыда не келді? - Алманы қайсысы алып кетті? Музыка тыңдау: «Күз»(С.Кибирова) Балалар, ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап, не болғанын білейік. Бұл шығарма өте баяу, созыңқы, нәзік екен. Сөйтіп, Кірпі алманы алып бара жатса, Қоян мен Қарға жібермей «Менікі, менікі», -деп аласыпты. Осы кезде алдынан Аю шыға келіпті. - Мені оятып жіберген кім, а-а-а?! - Балалар, кәне бәріміз орнымыздан тұрып, Аюмен бірге қорбаңдап жүріп ән айтайық. Музыка тыңдау: «Қоңыр аю қорбаңбай»(Муз.Б.Дәлденбай) Аю ойланып алманы бәріне бөліп береді. Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз.	Кірпі келді. Алма Кірпінің үстіне түсті. «Алмаға таласып жатыр» деп айуға тырысады. Балалар Аюға алманың оқиғасын айтып береді. Ойнаймыз.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Қандай жеміс жетпейді?» ойынын ойнайды. Бұл есте сақтау қабілетіне арналған ойын. - Балалар, ойынға өте жақсы қатыстыңдар, келесі келгенде жемістердің бәрін естеріне түсіріңдер. Жарайсыңдар!	Алма, алмұрттарды балалар көріп, келесі ойнағанда есіне сақтап қалуға тырысады. Қош айтысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, әңгімелеп айтуды.

Игереді: музыка әуенімен Аю, Қоян, Қарға қимылдарын жасауды, жемістерді ұстауды.

Меңгереді: Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 19-22 11.2021ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әй –әй ата»

Мақсаты: Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Киелі домбыра аспабымен таныстыру. Күй жанры туралы мағлұмат беру.

Көрнекілігі: домбыра аспабы, арқан.

Билингвалды компонент: аспап – инструмент

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка әуенмен қарсы алу. Шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Амандасу, музыка әуеніне сай қимылдар жасау. Күй ойналып, ішке ата кіреді, балалармен амандасып, келген себебін айтады.	Балалар музыка үніне ілесіп Залға келеді. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, қимылдар Жасайды. Атаны қарсы алады
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Ата: Балалар, бүгін мен ауылдан әдейі сендердің балабақшада не үйренгендеріңді көру үшін келдім. Ал балалар, мен сендерге құралақан келген жоқпын, өзім қолдан жасаған киелі домбырамды да, ала келдім. Бұл домбыра арқылы халқымыз қуанышпен, қайғысын бөлісіп отырған. Ата домбыраны шертіп көрсетеді. Музыка тыңдау: «Қосалқа» күйі (Даулеткерей) Бұл күйде қыздың әдемі жүрісін, сыңғырлаған сырғаларын бейнелеп отыр. Жетекші атаға балалардың әнін тыңдауды ұсынады. Ана туралы, әже туралы әндерін айтып береді. - Ата бүгін біз өзіңіз туралы ән айтуды үйренеміз.	Атаның әңгімесін тыңдайды. Балалар домбыра аспабымен танысады. Әрқайсысы ұстап, шертіп көреді. Балалар өткен сабақтарды үйренген әндерін естеріне Түсіріп айтады. Жаңадан ән үйренеді. Әннің

	Ән айту: «Әй-әй ата» (Муз.Ө.Байділда,сөзі Ж.Смақов.) Жетекші әнді орындап береді. Балалардан ән кім туралы екенін сұрайды. Алдымен мәтінін қайталап, әуенді бөліп үйретеді. Әуенді мәтінімен қосып айтады. Ата өзі туралы айтылған әнге алғысын білдіреді. - Рахмет,балалар, өнерлерің өрге сүйресін. Енді күштеріңді сынап көрейін. Өзіммен бірге арқан алып келдім. Бала кезімде арқан тартысып, күш сынасатын едік. Кәне, екіге бөлініп арқанды тартайық. «Арқан тартыс» ойыны	кім туралы айтылып отырғанын аңғарады. Балалар екі жаққа бөлініп, арқан тартысады. Бірін-бірі жеңуге тырысады.
Рефлексиялық – түзетушілік	Ата балаларға ризашылығын білдіріп, мақтау, мадақтауларын жеткізіп, қоштасады.	Атамен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың киелі аспабы домбыра туралы білулері керек.

Игереді: күй деген ұғымды игереді.

Меңгереді: арқан тарту дағдыларын меңгереді.

Музыкант:Г.Сейділдаева.

Күні: 26-29. 11.2021ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді би»

Мақсаты:Аспаптарды тыңдау және олардың дыбыстық диамикасын ажырату. Музыкаы тыңдата отырып, ішкі сезімін ояту. Дыбыстарды бірте-бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау

Көрнекілігі: Балалардың билеген суреті

Билингвалды комп: Би – танец

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды «Салем, балақай» әнімен қарсы алу. - Балалар, «Алма» ертегісіне барғанымыз естеріңде ме? Енді бүгін өздерің сол кейіпкерлерді ойнайсыңдар, келістік пе? - Олай болса, бәріміз отырып, «Куз» атты шығарманы тыңдайық,ертегімізді бастайық.	Балалар әнді есіне түсіріп, қо сыла айтуға тырысады. Шығарманы тыңдауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, «Алма» ертегісін есімізге түсірейік Балаларды үш топқа отырғызу. (Қояндар, кірпілер,қарғалар) «Балалар биі»(муз. А.Майкапар) Балаларға жаттығуларын айтқызу, қимылдату. Ән айту; «Қоянның келуі», «Қарғалардың әуені», «Кірпіні шақырамыз», 1-жаттығу ырғақтарын көрсету. Алма, алма түсеғой. Сегіздік нотаны қысқа қайырып,төрттік нотада тұрып қалып, қолдарын жоғарыға көтереді. 2-жаттығу қояндарды отырғызып, ортаға қарғаларды шақырады. «Алма» әнін айтады. 3-жаттығу «Кірпінің келуімен» басталады, кірпілер тізерлей жүріп кіреді. Тағыда бір айналып, орындарына барады. Жаттығуды бірте-бірте жоғары,	Қоян, қарға , кірпі. Балалар дауыс-қимыл жаттығуын қайталайды. Қояндар секіреді. Қолдарын Жоғары созып көрсетеді. Қояндар орнына барып отырады. Кірпілер тізерлеп кіреді, айналып жүреді, кетеді. Қояндар, қарғалар, кірпілер Жаттығуды бірте-бірте жоғары,

	бірте-бірте төмен айтқызып үйрету. 4-жаттығу «Аюдың келуі» әнін (Н.Гуваджи. Ж.Қалжанова) айады. Аю,аю, аюдың Ақылы көп басында Ынтымақпен аңда жүр Тірлігін жасап қасында, Педагог Аю рөлінде ойнап кіреді. Алманы кім түсірді? Алманы кім ұстап алды? Аю: Бәріңдер, бәріңдер, Бірдей бөліп көрейін, Бәрің де, бәрің де, Тату-тәтті жүріңдер. «Сиқырлы дорба» ойыны. Балалардың көзін байлауға болады. Қолын дорбаға салып, қарамай, нені ұстағанын айтады.	Бірте-бірте төмен айтып Аюды шақырады. Балалар Бірінші қатты дауыспен, екінші бәсең дауыспен айтады. Балалар жемістер мен көкөністерді ұстап ажыратуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, өте кермет ойнадыңдар, «Сиқырлы дорба» сендерге жемісін сыйлайды. Мақтайды, мадақтайды.	Балалар жемістерді алып қуанады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, дыбыстарды бірте-бірте көтеруді.

Игереді: музыка ырғағымен кейіпкерлердің дауысын салуды, әндетуді.

Меңгереді: аю болып қорбандап жүруді, қоян болып секіруді, кірпі болып тізерлеуді, шеңбермен жүруді.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 29.11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Орманға саяхат

Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы орман көрінісінің суреті.

Билингвалды компонент: Орман – лес.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орманның алыста екенін түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»-тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» отырады.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Жетекші «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Ән аяқталысымен Жетекші балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отқан аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян Жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді. «Қояндар биі» ойналып,балаларға өз еркінше секіруді ұсынады.	Балалар әнді бар ын- тасымен тыңдап, «пш-пш», «гу-гу» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, балалар қимылдарды қайталайды. Қоянды танығандарын айтып, оны қолмен ұстап, сипап көреді. Қоянша секіріп, қоянның қимылын жасайды.

	«Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен педагог- аю шығады. Аю: Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде Бас қоямын ойланбай. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызығына тоймайық. Қоян, аю қуансын, Біз көңілді тойлайық. «Қояндар мен аю» ойыны.	Балалар қуана аюмен амандасады. Аюдың қимылын қайталап, «қорбаңдай» жүреді. Балалар қояндар рөлінде ойынға көңілді қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік.	Жетекші балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді Өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар қол бұлғап аюмен, қоянмен көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын көрсетуді (қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру, қорбаңдай жүру).

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 3-6 .12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Гүлжазира – Қазақстан»

Мақсаты: Дыбыстардың біріңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу. Әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіру.

Көрнекілігі: Слайд көрсету.

Билингвалды компонент: Елім менің – Моя страна

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды «Атамекен» әнімен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір – екі, бір – екі, Адымдап біз жүреміз. «Музыка ырғағымен жаттығамыз» ырғақты қимылдарды ұсынады. «Қоңыраулар биі» (Н.Марченко) ойналып: 1 – бөлімінде қоңырауларды сыңғырлата жүгірулерін сұрайды. 2 – бөлімінде шеңбер бойымен тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатуды ұсынады.	Балалар шеңбер бойымен маршпен жүреді. Қоңырауларды қызыға алып қарап, қозғап, сыңғырлата ойнайды. Ырғақпен бірге қоңырауларды қозғайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға көгілдір экранға назар аудартады. Слайд көрсетіп, Астана қаласындағы үлкен ғимараттарды, Бәйтеректі және де көптеген әдемі қалаларды көрсетті. Ән тыңдау: «Туған жер» (Б. Бейсенова) Әнді тыңдап, көңілді немесе баяу екенін ажырату. Әнде не туралы екенін түсіндіру. «Гүлжазира – Қазақстан»(сөзі: Н.Әлімқұлов, әні: И. Нүсіпбаевтікі) орындайды. Жетекші бірнеше рет	Балалар көгілдір экранға назар аударады. Әнді шын ынталарымен тыңдайды. Әнді Жетекшімен қосылып, қайталайды.

	орындап береді. Мәтінге қарап, қимыл жасайды. Балаларға бірге қайталауды ұсынады. «Кім епті» ойыны ойнатылады.	Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар қандай ойыншықпен таныстыңдар? - Слайдтан не көрдіңдер? - Қандай ән тыңдадыңдар? - Қандай ән үйрендіңдер? - Ойын ұнадыма? Бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Қоңыраумен Астана қаласы, Бәйтерек. «Туған жер» «Гүлжазира – Қазақстан» Ұнады деп, көңілді күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, есте сақтауда, ырғақты сезінуді, ойынға белсене қатысуды.

Игереді: Қоңырауды ұстауды, оны сылдырлатуды қояды.

Меңгереді: Қоңырауды ырғақты сезіне қозғауды, маршпен жүруді, би қимылдарын бірге жасауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 10-13 .12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Отаным»

Мақсаты: Музыканың сипатын сезінеді, ән, марш. Төменгі және жоғары дыбыстарды ажырата біледі. Бубенді ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасау. Балаларды патриоттық сезімін ояту.

Көрнекілігі: Бубен, Еліміздің суреті

Билингвалды компонент: Отан - Родина

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен музыкалында қарсы алады. Шеңбер бойыменен жүру, жүгіру, жеңіл секіру т.б. Жайнап өскен гүліндей, Ұлымын кең даланың. Өзім өскен үйімдей, Аунап – ойнап аламын.	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, жүреді, жүгіреді. Серіппелі тізе бүгеді, айналады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Атамекен» (сөзі: Е.Хасанғалиев) - Балалар, Отан деген сөздің мағынасы Өзіңнің кіндік тамған жерің деген сөз. Ескендір аталарың «Атамекен» әнінде өзіңнің туған жерің, жайлауың, өскен елің туралы айтылған. Ән айту: «Отаным» Жетекші әнді орындап береді. Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету. Балалар кезекпен бубенді алып, әнді айта білді. Ән үйрену: «Отаным» Жаңа әнді Жетекші орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Бубенді ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Ән баяу	Балалар музыка тыңдайды. Шеңбер бойында тұрып, қолдарын кезек – кезек көтеріп, аспада қалықтаған қимылдар жасайды. Балалар әннің мәтінін қайталайды. Әуеніне қосылып бірінші шумақта бубенді жай соғады.

	айтылады, бубенді баяу ұрамыз. Балалар қызыға ойнайды. «Бубенмен ойын» Шеңбер жасап, қолдарына бубенді алады. Музыка ырғағына сай бубенді сылдырлатып, арттарына жасырып, шеңбер бойымен жүгіреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалады.	Балалар музыка ырғағына сай қимылдар жасайды. Шеңбер бойымен жүгіреді, бубенді жасырып, аяқтарын Топылдатады
Рефлексиялық –түзетушілік	- Қандай аспапбен таныстыңдар? - Қандай ән айттыңдар? Қорытындылау, мақтау, мадақтау.	Бубен Отаным Балалар қоштасып, топқа оралады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, әнді есте сақтауды.

Игереді: музыкамен бубенді жоғары көтеруді, артына жасыруды, отыра қалуды.

Меңгеруді: әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні : 17-20 .12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Тақырыбы: «Жасыл шыршы жанында»

Мақсаты: музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау.

Көрнекілігі: шырша, шам, лента, сәбіз, сыпырғы, шелек.

Билингвалды комп: Шырша- Ёлка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Қаршақызбен топтарды аралап, мерекеге шақыру. «Арша» (музыкасын жазған Б. Қыдырбек, сөзін жазған И. Сапарбай) әнімен балалар музыка залына қолдарына түрлі түсті әшекей-жылтырақтар ұстап кіреді, шырша айналасына тұрып билейді. Қаршақыз: Келіндер, келіндер! Ертегіге өлең айтып, би билеп, сыйлық алып көріңдер!	Балалар көптен күткен мерекеге сәнді киімдерімен келеді. Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға қарап, қуаныш сезімдері оянады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Кәнеки, балалар, шыршымыздың шамдары жана ма екен, сұрап көрейік. Қаршақыз: Шырша, шырша жана ғой, шамдарыңды жаға ғой! Балалардың шапалақты қатты ұруын сұрайды: Бір, екі, үш – әсем шырша, жана ғой! Қаршақыз: Келіндер, балалар, «Шыршамызға арнаймыз» әнін бірге айтып, бәріне сыйлайық (музыкасы Е. Тиличеева, сөзін жазған Г. Абдрахманова). Қаршақыз: балалар, қалың орманда «Түлкі мен қояндар» өмір сүріпті. Ендігі жүгіріп залға Түлкі кіреді. «Қояндар мен қу түлкі» әнін бірге айтуды ұсынады (музыкасын жазған Г.	Балалар қосыла қайталап, шапалақты бірге қағуға тырысады. Қаршақыз бен қояндар шеңберге тұрып, әуенді қимылдармен айтуға талпынады. Балалар әнді қосыла айтады.

	Филаровский, сөзін жазған Г. Абдрахманова). Соңғы шумағында қояндар қашады, түлкі қуады, бірақ жете алмайды. - балалар, «Аязата келіңіз, бізге сыйлық беріңіз!» - деп шақырайық. Аязата: Айналайын балалар! Кімде өлең, тақпақ бар? Қаршақыз: «Билейміз Аязатамен» әнін тыңдаймыз, билейміз», - деп балаларды ортаға шақырады. Аязата: менімен бірге жүріңдер, шыршаға жақындайық. Қаршақыз: менің дорбамда бір ойыншық қалып қойыпты. Кім ұстап көріп, атын айтса бізде қызық ойын басталайын деп тұр. Қаршақыз: Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз! Ойын-жарыс: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді».	Түлкі қуады, қояндар қашады. Балалар Аязатаны қуана шапалақ ұрып қарсы алады. Балалар ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық – түзетушілік	Аязата, Қаршақыз, Аққала: - Ал балалар, балалар! Сыйлықтарды алыңдар! – деп сыйлықтарды үлестіреді. - Сендерге келер жылы тағы да келеміз. Сау болыңдар! – деп балаларды өнерлері үшін мақтайды. Қоштасады.	Балалар сыйлыққа жақындап, қолдарына алады, ерекше сезімге бөленіп, рақмет айтады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағы арқылы әуендерді ажыратуды, тыңдап еске түсіруді, сөзіне мән беруді.

Игереді: музыка ырғағы арқылы лентаны ұстауды, шамдарды ұстауды, сәбіз, шелек, сыпырғыш ұстатуды.

Меңгереді: ертеңгілікке қойылған билерді еркін орындауды.

Музыкант: Г. Сейділдаева.

Күні: 8-11 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: көркем – ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.

Көрнекілігі:Көбелектің суреті

Билингвалды комп.: Көбелек - Бабочка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Зал ішінде гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды. Гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.	Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерін тандап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет жасайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. <i>Көктем қандай көріктк, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты! –</i> Деп, көбелекті гүлге қондырады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Көктем» (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған А. Асылбек) әннің 2ші шумағын орындап береді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл – қозғалыс жасауларын бақылайды.	Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады. Балалар әнді шаттана қабылдап, мәтінге сай қимылдарды көрсетеді.

	«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны. Көбелек ау, көбелек, <i>Ұшасың сен көлбеңдеп.</i> <i>Қызыл, жасыл керемет,</i> <i>Гүлге қоншы көбелек! –</i> Деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында: <i>Ақ қанатты көбелек,</i> <i>Көк қанатты көбелек,</i> <i>Бақшамызға қона кет! –</i> Деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.	Балалар гүлдерге бөлініп, жүгіреді, қуанады. Қолдарын созып, көбелектер қанатын бейнелеуге әрекеттенеді Әуенмен ілесе жеңіл жүгіріп, бір орында айналып, гүлге жақындап отырады. Көбелектер «гүлге қонады».
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардың қызығушылығын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. «Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс-әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.	Балалар көңілді, еркін қимылдап, шаттанады. Қабілеттеріне қарай жауап беруге тырысады. Көңілдене қоштасып, «ұшып» шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.

Игереді: музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.

Меңгереді: көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 15-18 .01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Төлдер

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу, тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру, екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі: Текшелер

Билингвалды компонент: Төлдер – детеноша животных

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	«Марш» (Е.Брусиловский) 1-2 тактілерде «Сәлем, сәлем, балалар!»- деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету. Музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әрі қарай маршты жалғастыру. - Балалар, орнымызға жайғасып отырайық. Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру». (Д.Ботбаев) Текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру.	Балалар марш ырғағымен кіреді. «Сәлем,сәлем! Сәлемесізбе?»- деп амандасады. Балалар келіп отырады. Балалар төлдер текшелерін ұстап, дыбыстарын келтіріп жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Балаларды екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Барлық төлдерді айтқызып, орындарын ауыстырып қайталалатады. «Төлдерді тап» ойыны. Балаларға төлдердің ежелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою. - Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.	Бірінші топ: - Қойдан жуас бозымды шақырамын қозымды. Екінші топ: - Пүшәйт, пүшәйт! Балалар суреттерге қарап, төлдер текшесін қолына алып,енесіне апаруға тырысады. Балалар әнге қосылады. Балалар биге қатысады.

	«Тұлпарым» әнініне қамшы ұстап билеуге үйрету.	
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы. - Келесі жолы төлдерді, ежелерін өздерін ойнайсыңдар. - Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман сау, болыңдар.	Балалар көңілдене топқа қайтты.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстардың айтылуын тыңдауды, «жоғары», «төменен» дыбыстарын айыруды.

Игереді: текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды.

Меңгереді: би ырғақтарын қайталауды.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 22-25 . 01.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Торғайлар»

Мақсаты: әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Көрнекілігі: Құстардың суреті

Билингвалды комп:. Торғай – воробей.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды. <i>Нық басып келеміз, Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады. <i>Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келінті, Үй үстіне қоныпты, - деп</i> таңқалған болады.	Балалар ырғақты сезіне нық басып жүруге талпынады. «Бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға әрекеттенеді. Балалар жүгіре басып келіп, торғайды көріп, таңқалады, қызығушылық танытады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан) <i>Шиқ-шиқ етіп дауыстайды, Ешбір құстан қалыспайды, -</i> деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады. Тұмсығымен жем шоқып, Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды. «Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып,	Торғайлар даусын естіп, еліктеп қайталауға талпынады. Ойыншық торғайдың қимылына қарап, тізелерін бүгіп отырып, саусақтарымен торғайдың тұмсығын бейнелеп, «жерді шоқып» жем жеуін көрсетеді.

	торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды. «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. <i>Кәне, қанат жазайық, Көк аспанда самғайық,</i> - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.	«Шик-шиқ» сөзіне қосыла әндетуге тырысады. Балалар көңілдене торғай қанаттарын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, жеңіл жүгіреді.
Рефлексиялық-Түзетушілік	«Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды. <i>Шик –шиқ еткен торғайды Қорғамасақ болмайды,</i> - деп балаларға торғайды сипаттайды. <i>Қамқорлыққа алайық, Ұясына салайық!</i> – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.	Балалар торғайды сипап, қызықтайды. Торғайды ұясына жеткізіп, көмектесуге әрекеттенеді. Көңілді қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайдың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.

Игереді: сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.

Меңгереді: қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздеріне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

Музыкант: Г.Сейділдаева.

Күні: 29.01.2022ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу. .

Көрнекілігі: Қыс көрінісінің суреті.

Билингвалды комп.: Қысқы әуен – Зимняя мелодия

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңіл күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады. <i>Міне сұлу шыршамыз, Қуанамыз баршамыз. Әсем сұлу жұлдызша, Жарқырайды құлпыра. Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса, -</i> Деп шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақырады.	Балалар залға тізіле кіріп амандасады. Балалар кішкентай шыршаға тамсана қарайды. Балалар шырша басына қарап қуанады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Кәне, балалар, мен сендерге «Шыршамызға арнаймыз» әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е. Тиличеева , сөзін жазған Г.Абдрахманова). Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады) Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (музыкасы Г. Филаровский сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, педагог ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды. Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусақ театрын көруге	Балалар әнді тыңдайды. Балалар шырша түбінде отырған қояндар мен түлкіге қарайды. Музыкасын тыңдап, ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар театр кейіпкерлеріне қызыға қарайды.

	шақыру. (Халық әні «Хайләйлім», музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). «қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертедегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу. Мысалы, Тышқан, Бақа қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.	Үстел үсті театрына қызыға қарап тыңдайды. Әнді тыңдап, ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосылып айтуға тырысады. Тышқан, бақа, т.б. қимылдарын қайталауға талпынады. Балалар жеңіл, аяқ ұшымен әуенге ілесіп жүгіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Сөйлейтін бубен» ойыны. Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаларға «Жарай-сың», «ө-те жақ-сы» деп жетекшісі бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауыстары мен қимылдарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. Қоштасады.	Балалар барлық кейіпкерлерді аянышын, қорқынышын, қуанышын сезіне қабылдауға талпынады. Балалар ойынға қызыға қатысады, ырғақты сезіне біледі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды

Меңгереді: аңдар жүрісін секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 31.01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты:Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.

Көрнекілігі: Үлкен Күн, үлкен бұлт, бала санына қарай шуақтар.

Билингвалды комп: Күн – Солнце, Жаңбыр – Дождь.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен амандасу. Күн шуағын көрсетіп, әндетеді: <i>Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды.</i>	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Бұлт суретін көрсетеді. Күркіреген найзағай, жаңбыр тырсылын ұнтаспадан тыңдатады). Музыка тыңдау: «Балалар мен жаңбыр» (Г. Абдрахманова). Балалар әнді тыңдап, соған лайық қимылдар жасайды. «Орамалмен билейміз» (Е. Брусиловский). - Балалар сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Әуен көңілді ойнағанда, көңілді секіріп ойнаймыз, ал Күн тығылып бұлт шықса, бәріміз отыра қаламыз, екі қолымызды жоғары көтеріп түйістіреміз (Қолшатырды пайдалануға болады). «Күн» (М.Т.Потапенко. көңілді шығарма) «Жаңбыр» (А.Меңжанова).	Балалар жауап береді. Балалар тыңдауға тырысады. Балалар шеңберге тұрады. Мәтінге қарай қимылдар жасауға тырысады. Қолдарына орамал алып, би ырғақтарына ілесе орындауға талпынады. Ойынға көңілдене қатысады. Музыка әуені басталғанда қуанады шаттанады. Жаңбыр әуеніне қолдарын шатыр жасап отыра қалуға тырысады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, Күн шуағы сендерге рақмет айтып, келесі жолы тағы да келіндер деп шақырып жатыр. Күнмен қоштасайық. Сендер өте жақсы қатыстыңдар.	Балалар Күнге бас иеді.
---------------------------------	--	-------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көңілді әуенді сезінуге үйренеді.

Игереді: музыка әуенімен күннің шуақтарын ұстауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен би қимылдарын жасауды

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-8 .02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Пойыз»

Мақсаты:Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажырата біледі және атын атай алады. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Пойыздың суреті

Билингвалды компонент: Пойыз - поезд

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжыққа жету үшін мына <i>«Көңілді пойызға»</i> отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді. <i>«Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық»</i> , - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<i>«Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық»</i> , - деп, «Пойыз» әнін (музыкасы К. Қуатбаев, сөзі Ж. Смаков) орындайды. Ән айтылғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар <i>«Көңілді пойыздан»</i> түсіп, қысқы орманда «қыдырады». - Балалар «Сұр қоян» әнін еске түсіріп, ән айтайық. «Сұр қоян» әнін (музыкасы А. Филиппенко, сөзі К. Үбанұлы) орындап, балаларға би қимылдарын көрсетулерін	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды. Әнді естеріне түсіріп Жетекшімен

	сұрайды. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен Жетекші ойыншық аюды алып шығады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. <i>«Қонжық және қоянмен Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансын, Тату болып жүрейік», - деп, «Қояндар мен аю» ойынын ұйымдастырады.</i>	бірге орындауға тырысады. Қонжық пен бірге ойынға белсене қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. «Пойыз» әні қайтадан орындалады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады. Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білуі, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 12-15 .02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақ, безендірілген қорап.

Билингвалды компонент: Сылдырмақ – погремушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Жетекші балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. «Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Красев) ойналып, 1-бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.	Қуанышты көңіл күймен өз еріктерінше еркін қимылдап, билейді. Балалар зал ішінде жұптаса, шашырап жүріп «серуендейді». Ырғақты тыңдап, бірге шапалақтауға талпынады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, қарандаршы мынау қорапқа ішінде не бар екен? Келіндер, бірге көрейік. Жетекші қораптан сылдырмақты алып : Қызыл, жасыл, сылдырмақ, Үн қатады сылдырлап. деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді. «Сылдырмақты серуен» (С.Тезекбаев) Сылдырмақты алайық, Әсем әнге салайық! Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (А.Токсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынды.	Ұнатқан сылдырмақтарын тандап алып, көреді, сілкіп дыбысын шығаруға тырысуға. Әуенді ұйып тыңдап, қосылып айтуға әректенеді. Ырғақты сезіне сылдырмақты сілкіп ойнап, шаттанады. Балалар тізлерлеп отыра қалып, беттерін жауып жасырынады.

	Ортада әлі ойын бар, Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Сылдырмақпен ойын» (А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады.	Шеңбер бойымен тұруға талпынады. Сылдырмақтарын жоғары көтеріп,сілкіп ойнап,зал ішінде шашырап жүреді. Арқаларына жасырып,ақырын басып ортаға жиналады. Әуен соңында шығыршықтарға тығылады.
Рефлексиялық түзетушілік	Апайларды тыңдаймыз, Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды. -Сылдырмақтардың даусы қандай? -Бүгінгі серуен ұнады ма? Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.	Балалар сылдырмақтарды қорапқа салады. Сылдыр-сылдыр. Иә, ұнады! Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

Игереді: жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

Меңгереді: сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 19-22. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Балдырғандар»

Мақсаты: Әр түрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды компонент: Бала – мальчик.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С.Керімбаев, І. Шұғаев). Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. Қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып, дөңгелене билейді.

Рефлексиялық түзетушілік	Оқу қызметін қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	Мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 26-28. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: аула көрінісі, үйшік алдында күшік, мысық, жайылып жүрген ойыншық үй жануарлары.

Билингвалды компонент: дыбыс - звук

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық Қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, әженің суретін көрсетіп, қонаққа баратындарын айту. - Әжеміздің ауылына құлыншаққа мініп барайық. Үнтаспада « <i>Тұлпарым</i> »(Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларға құлыншақ шабысын көрсетіп, қайталауларын сұрау.	Балалар қуана келісіп, «құлыншаққа отырып», әуен ырғағымен жүгіре басып, шабысын көрсетуге талпынады.
Ұйымдастыру шылық-ізденістік	Музыка жетекшісі әжеге балалардың үй жануарлары туралы білгісі келетінін айтады. Әже үй жануарлары туралы өлең оқып, «Не қалай дыбыстайды?» ойыны (жинақта) арқылы балаларға сұрақтар қояды. <i>Секеңдеген лағым, Лағым менің, шұнағым</i> Қалай дыбыстайды? Балаларға карточкадан лақтың суретін көрсетіп, дауысын салып берулерін сұрайды. Музыка жетекшісі лақ маңырайды деп түсіндіреді. <i>Күзетші күшік – саққұлақ, Үй күзетіп шапқылап,</i>	Ойынға көңілді қатысып, жауап беруге тырысады. Лақтың суретін көрсетіп, «мә-мә» деп маңырап дауысын салуға талпынады. Балалар күшіктің суретін тауып көрсетіп, «әуп-әуп» деп қуана дыбыстайды. Балалар өздері таңдаған

	<i>Дыбыс шықса қаттырақ Қалай, қалай үреді? (сұрақтар жалғасады)</i> «Анасын тап» ойынын (жинақта) ұйымдастырып, үй жануарлары туралы түсініктерін бекітеді. Балаларға «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, карточкадағы төлдің суретін анасының суретінің қасына тауып қоюларын сұрайды. Мысалы: <i>Қара көзі мөлдіреп, Жібек жүні үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не?</i> Дұрыс жауап берген бала әуенге ілесе төлдің қимылын салады. Ойын әрі қарай жалғасады.	ойыншықтарын алып шеңбер бойымен отырады. Балалар ойынға қызығушылық танытып, көңілді қатысады. Төлдердің суреттерін дәл тауып, қимылын салып көрсетуге талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, әжеміздің ауылы ұнады ма? Қандай төлдер бар екен? Олар қалай дыбыстайды? Қалай жүреді екен? – деген сұрақтар қойып, еске сақтауларына ықпал етеді. - Әжемізге рақмет айтып, қоштасып, тобымызға барайық. Құлыншаққа мініп, тез жетіп алыңдар! Ұнтаспада «Тұлпарым» әні ойналады.	Балалар жауап береді. Төлдердің атын атап, жауап беруге тырысады. Әжемен қоштасып, әуен ырғағымен «шауып» шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сөздерін анық айтуды, хормен айта білуді, төлдердің дыбысын салуды.

Игереді: ойын арқылы төлдер туралы біліп, лақ маңырайды, бұзау мөңіреді, күшік үреді сияқты түсініктерді.

Меңгереді: музыка сипатына сәйкес қозғалып, еркін қимылдайды, төлдердің қимылын сахналайды, ауыспалы ән сипатын ажырата алады.

Ән саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-8 .03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Тауық бен балапандар»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Дыбыс әуезділігін қалыптастыру. Аспаптардың дыбысталу тембірін айыру.Әнді орындауға баулу.

Көрнекілігі: тайтұяқ, асатаяқ, үйшік,баскиімдер,көңілді текше.

Билингвалды компонент: тауық – курица.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Балаларды Қ.Қуатбаевтың «Бөбектер биі» әуенімен қарсы алу,балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау. Сәлем, сәлем, балалар! Ән айтамыз,би билейміз, алақай! «Орман шуы» әуені тыңдалады. Күн күледі,жадырайды, Құстар келіп сайрайды. Кел,балалар, келіңдер. Ертегіге еніңдер! - Балалар ,қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз,қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз.Арықтан аттаймыз, алысқа қараймыз.	Балалар залға қатарласып, аяқ ұшымен кіруге үйренеді, қатарласып тұрады. Құстардың сайраған дыбысын тыңдайды. Шеңбер бойымен жүреді,ұшады, қанаттарын қоғады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар ,мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балалаға қарайды. «Шашу» әуенімен (Е.Бусиловский) ортаға тауық келеді. - Балалар,біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз. «Тайтұяқ пен Асатаяқ» (музыкасын жазған	Балалар отырып, тыңдайды. Балалар әнді қызыға

	А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды. - Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естітіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға ұрмалы аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады). Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары баскиімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады. Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады. «Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н. Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев). Би қимылдарын үйрету. Тауық: Балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп, кетеді.	тындайды. Балалар жауап береді. Балалар аспаптарды алып, ұруды, қағуды, әнді қосыла айтуды үйренеді. Көрген жоқпыз. Би қимылдарын жасауға талпынады. Балалар текше суреттеріне қарап, аң, жануарларды есіне түсіреді.
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, біз бүгін қайда бардық? - Нені кездестірдік? - Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі Жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз. Жарайсыңдар! Қош болыңдар!	Балалар тоғайға барғанына, көргендеріне риза болады, қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дыбыстарды қалыптастыруды, аспаптардың тембірін айыруды.

Игереді: аспапты ұстауды, қағуды, текшені үлестіруді.

Меңгереді: музыка әуенімен қанаттарын қағуды, аяқ ұшымен жүруді.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні:12-15 .03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Ауылдағы той»

Мақсаты: әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат.

Билингвалды компонент: күй, той

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кеңес» күйі ойналып, жетекші балаларды карсы алып, ауылға, тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға «атпен» шабуды ұсынады.	Балалар күйді тыңдап, шеңбер бойымен калыспай жүруге үйренеді. Ұлдар қуана «аттарға» мінеді, қыздар аспаптарды алады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Ән тыңдау: «Айжан қыз» (Құрманғазы), «Қамажай», «Хайләйлім» әуендері (үнтаспада) орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды. -Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра	Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып, әңгімедейді. «Дығы-дығы, дың-дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді.

	түсейік, көтеріледі. -деп ойынға шақырады. Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап, өз беттерінше билеуге ерік береді. Би: «Асатаяқпен би», «Кел, билейік» билері қайталанады. билерін қайталанады. Балаларға ұнататын аспаптарын таңдап алуға мүмкіндік беріп, ұлттық ұрмалы аспаптардан өз оркестрін құрайды.	Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады, ойын шарттарын сақтап, ептіліктерін көрсетуге тырысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай ән, күйлер тыңдадық? -Кімге қандай ән ұнайды? - Музыкалық аспаптардың қайсысын ұнатасындар? - Қандай билер биледіндер? - деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс-әрекеттерін еске сақтауларына ықпал етеді. Бүгін тойға барып, өз әуенінің ырғағына өнерлеріңді көрсеттіңдер. Барлығың өнерпаз, өнерлі екенсіңдер, - деп мақтайды.	Қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өз ойларын, алған әсерлерін жеткізе әңгімелейді. «Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар «атқа мініп», шауып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

Игереді: ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдауды

Меңгереді: ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезов.

Күні: 18.03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Билингвалды комп: Көктем – весна.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!- Үнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады?	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды, қызығушылық сезімдері оянады.

	<i>Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.</i> «Көктем» әні (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: <i>Қызыл, сары, жасыл, көк Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.</i> <i>Достығымыз жарасып, Көңілді би билейік!</i> «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.	Қолдарын созып, «ұшуға» әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады. Жетекшідің жасаған іс- қимылын қайталап көрсетуге тырысады қолдарын көкке созып, Күнді, өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады. Шеңбер бойымен тұрып, Жетекшіге қарап, би қимылдарын қайталайды. Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып, ырғақпен билеуге талпынады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай?	Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге
қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді
сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен
шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 28.03.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз, өмірдің гүліміз!»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Көктем көрінісін бейнелейтін суреттер.

Билингвалды компонент: Гүлдер – цветы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балалардың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен!- Үнтаспадан құстардың даусы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). - Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың даусы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады? <i>Қолымызды жасайық,</i>	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды, қызығушылық сезімдері оянады. Қолдарын созып, «ұшуға»

	<i>Құстай қанат қағайық!</i> – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды. «Көктем» әні (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: <i>Қызыл, сары, жасыл, көк</i> <i>Гүлдерді біз терейік, -</i> деп гүл жинауды ұсынады. <i>Достығымыз жарасып,</i> <i>Көңілді би билейік!</i> «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.	әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады. Жетекшідің жасаған іс-қимылын қайталап көрсетуге тырысады қолдарын көкке созып, Күнді, өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады. Шеңбер бойымен тұрып, Жетекшіге қарап, би қимылдарын қайталайды. Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып, ырғақпен билеуге талпынады.
Рефлексиялық түзетушілік	- Балалар, сендерге бақ ұнады ма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай?	Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіну көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенімен және табиғи дауыспен орындауды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 1.04.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Музыка шығармаларын эмоциямен қабылдау. Әуенді сергек айту, тыңдау, ойын – қимыл арқылы ырғақты сезіндіру.

Көрнекілігі: бұлт, күн, таяқшалар.

Билингвалды компонент: Күн – солнце, бұлт – облако, жаңбыр – дождь.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Колхоздағы той» әуенінің ырғағымен балалар залға кіреді. «Сәлем, сәлем, балақай» әнін айтып қарсы алу. Айналайын балалар, Маған қарап тұрындар. Аяқтары тік түзеп, Амандасып алындар. Сәлем, сәлем, балақай! Сәлем, сәлем, балақай! Музыка залының бір бұрышы көктем лайық көрнекі құралдармен жабдықталған. Айналаға қараңдар, Бұл қай мезгіл балалар? Балалардың назарын дайындаған көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды.	Балалар шеңбер бойымен жүріп келіп, бір қатарға тұрады әнді тыңдайды. «Сәлем, сәлем, сазды әуен, Сәлем, сәлем, әсем саз!»- деп жауап беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі. Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың көңілін аударады. Музыка тыңдау: «Жаңбыр» (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын ала дайындап қою). Ән айту: «Күн мен жаңбыр». Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып, қозғалтып,	Балалар күркіреген дыбысты тыңдап, бұлтқа қарайды, көңілді әуенді тыңдайды. Балалар күнге қарайды, әннің мәтінін, әуенін тыңдап, қосылып қимыл жасауға тырысады. Балалар күн шуағын ұстап: «Күн күледі ля-ля-ля-

	қимылдарды үйретеді, қайталатады. -Балалар,балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимылдарды,козғалыстарды көрсетеді,қайталатады. Би: «Вальс» (А.Аренский) «Орамалмен билейміз», -деп,би ырғақтарын әдемілеп орындау, орамалымыздың әдемі екенін көрсету, оңға-солға бұлғау.Орамалды қолға ұстап, алға-артқа, төмен-жоғары көтеріп желпілдету. Шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. «Жау,жаңбыр» ойыны. Әр балаға барабан таратылады, екі таяқшасымен барабанды соғып, «қатты», «жай» дыбыстарын тыңдатып, ажыратқызу. «Күн мен жаңбыр» әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда таяқшамен барабанды жай соғып, «бұлттар төніп тұрады»деген жерінде барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, бірін бірін ұрады.Басқа қимылдарды музыка жетекшісінің қалауымен дамыта түсуге болады.	ля»деп айтуға талпынады. Орамалды алға-артқа, төмен жоғары бұлғау қимылдарын қайталауға тырысады. Ойынға көңілді қатысуға тырысады, қызығады. Балалар барабанды көрсетілгендей соғуға, жақсы орындауға талпынады және ырғақты дыбысты сезіне ойнауға тырысады.
Рефлексиялық Түзетушілік	-Жаңбыр қай мезгілде жауады, қалай жауатынын пысықтап айтып,көрсетеді. -Сендер белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар!-деп мақтайды.	Көктемде жауады. Қол бұлғап қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдауды,айтуды.

Игереді: таяқшаларды ұстауды,барабанды ырғақпен соғуды.

Меңгереді: жүгіруді,ырғақпен шапалақтауды,қолдары мен саусақтарын қимылдатуды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова

Күні: 11.04.2022

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Мысық қашады, күшік қуады»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: алақандар, ойыншық Ақтөс, Барыс.

Билингвалды компонент: Мысық – кошка, күшік – собачка.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды Е.Қасанғалиевтің «Атамекен» ырғағымен қарсы алу. - Сәлем,сәлем, балалар! Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру. Музыкалық дидактикалық ойын: «Көңілді алақандар». Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау, ынтасын тәрбиелеу. Картон қиындыларынан жасалған көңілді алақан суреттерін балаларға таратып береді. - Алақандар не істеп жатыр? - Алақандар не істей алады? Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін – бірі көргеніне қатты қуаныпты.	Балалар марш ырғағымен кіреді, қатарласа тұрады. Сәлемдеседі. Балалар ойын барысын тыңдап,қызығушылығын арттырады. Ұйықтап, қыдырып, билеп жатыр. Балалар қол шапалақтайды Музыка әуенімен қолдарын жоғары көтеріп жүреді. Алақандар бір- бірімен амандасып,бастарын иеді. Зал бойымен жүріп, алақандарын түйістіреді.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Ән тыңдау: «Әй- әй бөпем» (халық әні) - «Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен? «Балдырғандар маршы» (Қ. Қуатбаев) «Қуанамын» (М.Ержанов) музыкасын тыңдап,	Балалар әнді мұқият тыңдайды. Алақандарынан көрсетеді. Балалар тыңдап, алақандарын көрсетеді.

	алақандарын көрсетеді. - Балалар, жарайсындар, ал енді ертегі тыңдайық. Әуенді – қимылды қозғалыс: «Ақтөс пен Барыс» «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуенімен балаларды шақырып билету.	Балалар Ақтөс пен Барысқа қарап, қимылдарын бақылайды.
Рефлексиялық-Түзетушілік	- Балалар, сендерге бүгін қандай қуыршақтар келді? - Келесі жолы өздерің ойнайсындар. «Ақтөс пен Барыс» әнін жаттап келіңдер. Сау болыңдар!	Ақтөс пен Барыс келді. Балалардың көңіл күйі көтеріңкі болып қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыка арқылы «ұйықтау», «қыдыру», «көңілді», «көңілсіз» сипаттарын ажырату.

Игереді: Алақандарды ұстап көрсету.

Меңгереді: Ырғақты қимылдарды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 15.04.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қайсы екен қолымыз»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы тыңдап, сезініп, шаттана білуе, дене мүшелерін атап, көрсете алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Қол - рука

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	«Көңілді би» (Ө Байділда) орындалып, балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Әуеннің екінші бөлімінде аяқты нық басып, адымдап жүрулерін бақылайды. Әуен аяқталысымен музыка жетекшісі қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады. - Балалар, бүін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Кәне, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.	Балалар жеңіл жүгіреді, аяқтарын ырғақпен нық басып жүреді. Қуыршаққа назар аударып, таңдана қарайды. Қолынан ұстап, амандасуға әрекеттенеді. Санамақты бірге айтады.
Ұйымдасушылық-ізденістік	Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсете, дауыстап айтуларын қадағалайды. Қуыршақ- Айжан сендере «Бұл не?» деген ән-ойынын орындап бермекші. Мүкият тыңдаңдар! – деп қуыршақтың қолын қозғап, ән мазмұнын түсіндіреді. Ертемен күнде сен Қолыңа сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? - Балалар, кәне, Айжанға тап-таза қолдарымызды күнде сабынмен жуамыз.	Балалар шеңбер бойымен тұрып, саусақтарын ашып, бүгіп көрсетуге тырысады. Ән мазмұнына сай қимылдады қайталап көрсетіп, «Бұл не?» деген сұраққа шамалары келгенше жауап береді. Екі қолдарын жоғары көтеріп, мақтанады.

	Міне, біздің қолымыз! Енді отырып ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (музыкасын жазған Б. Дәлденбай, сөзін жазған А. Меңжанова) Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, педагогтың көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. - Қуыршақ Айжанмен ойын ойнайық. Әуенді –ырғақты ойын «Жай және жылдам» (музыкасын жазған Е. Хасанғалиев, сөзін жазған А. Асылбек).	Балалар әнді ынта қойып тыңдайды. Ән сұрақтарына жауап беруге талпынып, қолдарын, аяқтарын, құлақтарын көрсетеді. Қуыршақпен ойынға қуана келіседі. Ырғақты көрсете жай және қатты, тез және ақырын қимылдайды.
Рефлексиялық – Түзетушілік	- Балалар, қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? Қолы қалай екен? Аяқтары қалай топылдайды? Тез-тез қалай шапалақтайды екен? – деген сұрақтар қойып, жауаптарына ризашылығын білдіеді. Балаларды мақтап, көңілдерін көтеруге тырысады.	Балалар қуыршақтың және өздерінің қолдарын көрсетеді. Көңілдене қол шапалақтап, аяқтарын топылдатады. Қоштасып, шығады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты ажыратуды, әуенді тыңдап, сезіне білуді, би қимылдарын қайталап көрсетуді

Игереді: «жай» және «тез» ұғымын түсініп, әуенге ілесе сәйкес қимылдар жасай алуды.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес дене мүшелерін атап, көрсете алуды, ырғақты сезініп, тез және жай шапалақтауды, аяқтарын ырғақпен топылдатуды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 02.05.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан, Дос бауыр көп, туысқан. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы)	Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ, орыс, өзбек, тәжік т.б. Бірақ бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек. Музыка тыңдау: «Жайдарман» (халық әні) - ән көңілдеме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады. Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров, Ә. Дүйсенбиев) - Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған? Бәріміз	Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді. Балалар музыканы тыңдай отырып, жауап беруге талпынады. Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді.

	тату, дос болсақ,су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. «Қоңыраумен ойын» (Т.Ломова) Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Жетекші қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек – кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.Би: «Биге шақыру»(орыс халық әні)Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады.Осылайша бәрі түгел биге шығады.	Балалар «ортақ» деген сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады. Балалар қоңырауларды кезектесіп алып, сылдырлатып көреді, қызықтайды. Балалар музыканы мұқият тыңдап, сол музыкаға қоңырауды алып сылдырлатады. Балалар бір – бірін биге шақырады. Қимылды бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды марапаттау.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 6.05.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Бейбітшіліктің суреті

Билингвалды компонент: күн - солнце

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Ақ кептерлер» (М.Мақатаев, Н. Тілендиев). Ән үйрену: «Әрқашан күн сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару. Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.

	қадағалау.	
Рефлексия лық түзетушілік	Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 16.05.2022.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Доп»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Доптың суреті

Билингвалды компонент: Доп – мячъ

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, музыка әуені ілесе қимылдар жасайды. Доп шаршамайсың, шалдықпайсың, доп, қалай? Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыққанда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссе тағы батпайсың. (Р. Тышқанбаев)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, музыка залына келеді. Әуенге сай қимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдерме? Допты жерге ұрсақ, өзіне қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір –біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады. Музыка тыңдау: «Доп» (Т. Ломова) - Музыка қалай ойналды? Тез, көңілді, жеңіл балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. Ән айту: Өткен сабақтағы әнді қайталау. Жаңа ән: «Доп» (Б.Қадірбек, А. Асылбек)	Балалар жауап береді. Балалар Жетекшідің айтқанын қайталайды. Өткен әндердің мәтінін еске түсіреді.

	Әннің мәтінін үйретіп, әуенге қосылады. Жәй қатты деген жерінде дауысты бәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуға дағдыландыру. Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен Қимылдар жасап жалғастыру. «Допқа кім тез жетеді?» ойыны. Музыка ойналғанда Жетекші допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын бірнеше рет қайталанады. Қимылды – ырғақты қозғалыс: «Кішкентай би» (Н. Александрова) Ырғақты сезіне аяқтарын топылдатуға, алға, артқа жүруге, қол ұстасып айналуға үйрету.	Әнді көңіл қоя үйренеді, «жәй» деген жерінде дыбысты жій шығарып, «қатты» деген жерінде дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан қуады. Кім тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Қолдарын белдеріне ұстап, шеңбер жасап тұрады. Музыка ойналғанда екі қадам алға аттап, үш рет аяқты топылдатады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау, мақтау, мадақтау, марапаттау.	Екі қадам артқа шегініп, үш рет аяқты топылдатады. Екеуден қол ұстасып, жәй айналады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге қосылып қимыл жасауды.

Игереді: доп туралы түсініктерді.

Меңгереді: би элементтерін жасап үйренеді.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

ЖШС «Ақсана» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Ақсана» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
 Д.А.Темирова.

«Ән-саз»

Перспективалық жоспар

«Қарлығаш» ересек тобы.

2021-2022ж.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

«Қарлығаш» ересек тобы

Мақсаты: Музыканың сипатын ажырату, салыстыру, әнді асықпай, сөздерін анық айтуға үйрету.

Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
Қыркүйек Менің балабақшам	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	2
	«Тату доспыз бәріміз»	2
	«Менің балабақшам»	2
	«Көңілді ырғақтар»	2
Қазан Менің отбасым	«Атамның киіз үйі»	2
	«Орманға саяхат»	2
	«Күз жомарт»	2
Қараша Дені саудың- жаны сау	«Кел, билейік»	2
	«Күз байлығы»	2
	«Біздің атай»	2
Желтоқсан Менің Қазақстаным	«Қазақстан – кең, байтақ елім»	2
	«Менің отаным»	2
	«Біздің Астана»	2
Қаңтар Табиғат әлемі	«Қыс өрнегі»	1
	«Жайлаудағы төлдер»	1
	«Құстар біздің досымыз»	2
	«Қысқы әуен»	2
Ақпан Бізді қоршаған әлем	«Әуенді – сиқырлы ормандағы кұртақандар»	2
	«Пойыз»	2
	«Бесік жыры»	2
Наурыз Салттар мен фольклор	«Наурызым, армысың»	2
	«Әуенді сандықша»	2
	«Көктем»	2
Сәуір Біз еңбекқор баламыз	«Шуақты көктем»	2
	«Ас атасы-нан»	2
	«Әнші балапан»	2
Мамыр Әрқашан күн сөнбесін	«Ағайынбыз, бәріміз»	2
	«Отан – ортақ үйіміз»	2
	«Әрқашан күн сөнбесін»	2
		54

Күні: 1-3. 09.2021ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілігі: Ойыншықтардың суреті.

Билингвалды компонент: Ойыншықтар – игрушки.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау.	Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келеді. Амандасады. Бір-біріне тілек айтып, алақандарының жылуын береді. Жеңіл әуенмен аяқтарын жеңіл басып жүгіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С. Керімбаев, І.Шұғаев). Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Музыка тыңдау: «Би» (Е.Андосов). Ән үйрену: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) Музыка жетекшісі әнді мәтініне мән бере орындап, әуенін үйретеді. Әуенді-қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді.	Ән ырғағына сай қимылды жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік	Қорытындылау. Балаларды бағалау, марапаттау.	Қоштасады.
---------------------------------------	---	------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді айта отырып қимыл жасай білуді.

Игереді: іркілмейік, деген сөздерді әннің мағынасына сай айтуды.

Меңгереді: әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауға.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: . 8-10. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз»

Мақсаты:Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілігі: Көңілді балақайлардың суреті.

Билингвалды компонент: Достық - дружба

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Амандасады. Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын кез келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, балақай!	Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Достық» (И.Нүсіпбаев, Е.Елубаев) - Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір- бірімізбен дос болуымыз керек. Ән үйрету: «Тату доспыз бәріміз» (Е.Меңдешев, Ф.Оңғарсынова). Ән айтар алдында ережелерді еске түсіру. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенмен айтқызады. Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (А.Тоқсанбаев). Әуен ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету.	Балалар ережелерді еске түсіріп, оларды сақтайды. Қол ұстасып айналады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мадақтау, көтермелеу.	Балалар қош, айтысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білу.

Игереді: татулық, достық түсініктерін.

Меңгереді: әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні:15-17.09.2021ж

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу. Бізге тәртіп үйреткен, Ән салдырып билеткен, Әріптермен, суретпен Таныстырған біздерді Педагог тәтеміз. (О. Асқар)	Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов) - Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе? - Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов). Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады. Әуенді қимыл-қозғалыс: «Дастастық» (Р. Рустамов) Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп,	Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады. Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын

	өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады	шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау.	Балалар қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

Ән-саз жетекшісі: Г. Сейділдаева.

Күні: 22-24. 09.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»

Мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Бақытты балалардың суреті

Билингвалды компонент: Көңілді ырғақ – весёлый ритм

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді. Камзол киген қынай бел Толған ою-өрнекке. Билеші деп сұрайды ел, Өнерімді көрмекке - Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан Көріп жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.	Балалар әуенмен залға келеді. Қайырлы таң, алтын күз! Қайырлы таң, Жер-ана! Қайырлы таң, туған жерім! Қайырлы таң, жан досым!
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай». Вальс – жұптасып, үдемелі айналада өтетін би. Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі. Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды. Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту.	Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды.

	Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау. Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы) Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту. Ойын: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова, А. Асылбек). Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады. Әуенді-қимылды қозғалыс: Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату.	Дауыс тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады. Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық? - әнде не туралы айтылды? Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қорытындылау, бағалау.	Қамажай әнін тыңдадық. Жүн түту, ұршық иіру, киіз басу. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.

Игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.

Меңгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 6-8. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Атамның киіз үйі»

Мақсаты: «Өртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.»

Көрнекілігі: Атаның суреті

Билингвалды компонент: Ата - дедушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды қарсы әшенов, Ә. Тәжібаев) алып, « Марш » (Л.Хамиди) әуеніне, жүруді ұсынады. <i>Бір, екі, үш, төрт, Аяқты нық басайық Бір, екі, үш, төрт, Асулардан асайық,</i> деп әуен сипатын бере, ырғақты сезіне қозғалуларын бақылайды. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп, « Жайлау таңы » (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады. Балалармен « Жайлауда » атты әңгіме-сұхбат жүргізеді.	Әуеннің сипатын беруге тырысып, тізелерін көтере, нық басып жүреді. Екпіннің тез және жай түрін қимылме көрсетеді. Жайлау туралы әңгімеге қосылып, сұрақтарға жауап береді, қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<i>Атамызды қуантып, Жайлауға біз барамыз Құлыншақпен шабамыз, Бұған жетер шамамыз,</i> - деп « Құлыншақ » (Е. Тәнінің) екпіндеп құлыншақ шабысын келтіріп жүруді ұсынады. Залға ата киімін киген жетекші кіреді. Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Жетекші киіз үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді. Киіз үйдің	«Құлыншаққа отырып», шаттана шауып, шеңбер бойымен жүреді. Екі қолдың жұдырығын түйіп, үзеңгіден ұстаған болып, қолдарын алға созады. Тізені серпе көтеріп, жеңіл жүгіреді. Атамен амандасып, кілемге жайғасып

	жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, көрпе, т.б.). Домбыраның сүйемелдеуімен ән айтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойны, шертіп ойнайтын екі ішегі бар, - деп мағлұмат береді. Ән үйрену: «Домбыра» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) балалардың ән сөздерін дұрыс, анық айтуын қадағалайды. Ойын ойнайық: «Киіз үй» Музыка жетекшісі балаларды ойынға шақырады. <i>Дөңгелене тұрайық,</i> <i>Киіз үйді құрайық,</i> - деп ойынның мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, бақылайды.	отырады. Киіз үй ішіндегі жиһаздарды, заттарды көріп, атап айтуға тырысады. Әнді зейін қоя тыңдап, қызығушылықтары артады. Әннің сипатын ажыратып, әңгімелейді. Жаңа әнді тыңдап, сөздеріне мән береді. Әннің авторлары туралы естіп біледі. Әуенді ырғақпен шапалақтап, екінін сезіне көрсетеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай заттарды көрдіңдер? - Қандай аспаппен таныстық? - деген сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды құлыншақ шабысымен топтарына шығарып салады.	Сұрақтарға көңілдене, зор ықыласпен жауап береді Қоштасып, «Құлыншақ» әуенінің ырғағымен шауып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды, таныс әуендерді ажыратуды.

Игереді: музыканы тыңдап, домбыра аспабымен танысады.

Меңгереді: домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді. Әнді жеке және хормен орындай алуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 13-15. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Орманға саяхат

Мақсаты: Ән мазмұнымен байланысты дыбыстаудың түрлі сипатын беру, бір қарқында ән салу. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Сюжеттік ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы орман көрінісінің суреті.

Билингвалды компонент: Орман – лес.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орманның алыста екенін түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына пойызбен барамыз. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық. Балалардың «вагондарға»-тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Қуана келісіп, «вагондарға» отырады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық. Пыш- пыш, пух- пух. Жетекші «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смаков) орындайды. Ән аяқталысымен жетекші балаларға орманда аралауды ұсынады. - Балалар, қараңдаршы, мынау тығылып отқан аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Ақ қоян- ау, ақ қоян Жүйрік қоян, сақ қоян.- деп қоянды алып, балаларға көрсетеді.	Балалар әнді бар ынтасымен тыңдап, «пш-пш», «гу-гу» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, балалар қимылдарды қайталайды. Қоянды танығандарын айтып, оны қолмен ұстап, сипап көреді.

	«Қояндар биі» ойналып,балаларға өз еркінше секіруді ұсынады. «Ақ қоян» әнін (Б.Аманжол, Н.Жанаев) Балалармен хормен айтады. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, үйшіктен аю шығады. Аю: Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде Бас қоямын ойланбай. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызығына тоймайық. Қоян, аю қуансын, Біз көңілді тойлайық. «Қояндар мен аю» ойыны.	Қоянша секіріп, қоянның қимылын жасайды. Балалар қуана аюмен амандасады. Аюдың қимылын қайталап, «қорбаңдап» жүреді. Балалар қояндар рөлінде ойынға көңілді қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік.	Балалардың «Көңілді пойызға» отырып, «Пойыз» әнінің ырғағымен жолға шығатындарын ескертеді. Бүгінгі күннің көңілді Өткенін айтып,балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып», жолға шығады.Балалар қол бұлғап аюмен, қоянмен көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді естіп, сезінуді, ойын барысындағы әнді, би қимылдарын есте сақтауды.

Игереді: пойызға ұқыпты отыруды, қоян, аюмен достықты, бірге қуануды, ойын шарттарын сақтауды.

Меңгереді: Музыканы сезініп, әнге қосыла айтуды, қайталауды, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын көрсетуді(қосаяқтап секіру, әуенге жылдам жүгіру,қорбаңдап жүру.

Ән –саз жетекшісі:Г.Сейділдаева.

Күні: 20.22. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күз жомарт»

Мақсаты: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктермен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.

Көрнекілігі: Күз мезгілінің суреті

Билингвалды компонент: Жомарт - щедрый

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Ән тыңдау: «Тамшылар» (М.Жәутіков) Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді. Би элементтеріне, өз орындарына тұруды қалыптастырады. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап!» Бұл балаларды ойлау қабілеттеріне дағдыландырады, зейінін оятады. «Өз жұбыңды тап!» ойыны да осылай ұйымдастырылады. «Музыка бояулары» ойынында балаларды музыка тембрі, ырғағы, мажор, минор ладтары мен ойын арқылы музыка бояуларын білуге баулимыз.	Балалар қатармен кіреді, тұрады. Балалар музыка ырғағымен секіруді, жүруді, жанымен, алға-артқа, аяқ ұшы қимылдарын жасауға талпынады. Балалар шеңбер бойымен билеп жүреді, белгі берілгенде үйреткен орнына тұруға тырысады. Балалар мұқият тыңдайды, отырады. Балалар еркін ойнауға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға музыканың, әртүрлі бояулардан құралатынын түсіндіреді. Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды. Ән тыңдау: - Е. Брусиловский «Би», - М. Глинка «Полька» - Қазақтың халық әні «Қамажай»	

	(өңдеген Н.Меңдіғалиев) Балалардың қолына түрлі түсті желпуіштер таратады. Өте баяу музыка – сары түс. Баяудан бірте- бірте көтеріледі – ақшыл жасыл. Көтеріңкі – жасыл. Жоғары дыбыс – қызыл. Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген) Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. Ән үйрену: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов). Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді. Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев) Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген)	Желпуіш түстері арқылы музыканы, күй түстерін көрсетуге тырысады. Жоғары, төмен дыбыстарға арналған жаттығуды қайталайды. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Әнді тыңдайды, үйренеді. Би қимылдарын қайталап, айтуға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- балалар, біз қандай музыка бояуларын кездестірдік? - Қандай би түрлерін көрдіңдер? - Сендер өте керемет қатысыңдар, рақмет. Сау болыңдар!	Көк, сары, жасыл, қызыл. Вальс, полька, марш, қазақ әнін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды.

Игереді: Музыканы тыңдап, түстері арқылы табуды.

Меңгереді: «Кел, билейік» би элементтерін жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 27-29. 10.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі: Бишілердің суреті.

Билингвалды комп: Би - Танец

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді. <i>«Келіңдер, келіңдер, Шеңбер құрып беріңдер!»</i> - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. <i>«Орамалмен билейміз»</i> әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді. <i>«Қызыл, жасыл, сары, көк, Орамалды алайық, Қолды көкке созайық, Қозғап, қозғап қалайық!»</i> - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды.	Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады. Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді. Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады. Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: <i>«Орамалды аламыз, Сандықшаға саламыз»</i> , - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп:	Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі. Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды сандықшаға салуға тырысады. Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды.

	- Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды. - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен жетекші Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. «Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді».	Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ: - балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады	Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 3-5. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Күз байлығы

Мақсаты: Күш салмай ән айту,хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек,сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі: «Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар

Билингвалды комп: Күз байлығы- осенни богатства.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды амандасу жаттығуын жасап қарсы алу. Ө.Байділдаевтың «Көңілді би» шығармасымен балаларды қарсы алады, жүреді, әртүрлі ырғақты қимыл жасап үйретеді. -Балалар,біз өткен жолы «күзгі орманға» барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз «Бақша сыйын» тамашалаймыз. «Жеміс бағында»дейтін әдемі өлеңді суреттен оқып көруге шақырамын. -Балалар,жемістер қай кезде піседі? -Қандай жемістерді білсіңдер?	Балалар амандасу жаттығуын қосылып әндете айтуға тырысады. Қимылдарды қайталап, айтуға тырысады. Балалар ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді. Жемістер жазда,күзде піседі. Алма,алмұрт,жүзім,өрік,сары өрік.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Жеміс бағында» (Ж.Қалжанова)өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады. Екінші рет суретке қарап,әнді балаларға қайталапғайтуды ұсынады. Енді «Бұл қай кезде болады? «Күз» әнін (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов)есімізге түсірейік. Дидактикалық ойын: Қоңыраулардың дыбысын ажырат. Тыңдату. -Айтыңдаршы, балалар қандай дыбыс естідіңдер.	Балалар тыңдайды. Суретке қарап,көрсетіп айтуға талпынады. Балалар өткен әнді тыңдап,есіне түсіруге тырысады. Балалар берілген дыбыстарды тыңдап ажыратуға тырысады. Жіңішке кішкенай қоңырау,орташа-орташалау қоңырау,

	Балаларға берілген текше арқылы қоңыраулардың түрін, дыбысын ажыратуды түсіндіреді. Ән үйрену: «Жаңбыр» (Ә.Телгозиев, Қ.Мүсірепов) Би: «Аңдар» биі. «Кел билейік» биін қайталап айту.	жуан дыбыс-үлкен қоңырау. Балалар әнді тыңдап, айтуға тырысады. Балалар қасқыр мен қояндар қимылын жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ойын: «Саусақ сезімін оят» дорбаның ішіне салып алмұрт, қара өрік, сары өрік салып қояды. Балалар қарамай, қолмен ұстап сезіну арқылы қандай жеміс екенін табуы керек. -Балалар, бүгін қай мезгілге арналған әнді айттыңдар.? -Қандай ойын ойнадыңдар.? -Сендер өте жақсы қатыстыңдар. -Сау болыңдар!	Балалар ойынға қатысып, жемістердің атын айтуға тырысады. Күз мезгілінің әні. Қоңыраулардың дыбысын ажыратуды. Балалар қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың сабырлы, мұңды, ширақ, сергек сипатын ажыратуды.

Игереді: қоңыраулардың дыбысын ажыратуды, әнді суретке қарап көрсетіп есте сақтауды.

Меңгереді: би қимылдарын ажыратуды, сюжеттік рөлдерде ойнауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 10.12. 11.2021ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:Музыка

Тақырыбы: «Біздің атай»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білуі. Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды отбасы мүшелеріне жеткізуге білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға үйрену.

Көрнекілігі: отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар, құлыншақтың суреті.

Билингвалды комп: Менің атам- мой дедушка

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка бөлмесіне «Марш» (Е.Андасов) музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізу. Шапқылауға тоймайды Жүйрік құлын бұл неткен Тыным таппай ойнауды Өзіне кім үйреткен. (Е.Ескендіров)	Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, шеңбер бойымен жүреді. Шаттық шеңберінде жылы лебіздерін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, бұл өлеңде не жайында айтылып отыр (фланеграфқа шауып келе жатқан құлыншақтың суретін ілу). -Құлын қай жануардың төлі. Жауап беруге көмектесу. Құлыншақ күні бойы шапса да шаршамайды. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (Ж.Тұрсынбаев) -Балалар, көздеріңді жұмып, тыңдаңдаршы, нені елестеттіңдер. Дұрыс,	Өлеңді тыңдап, музыка жетекшісінің сұрақтарына жауап береді. Музыканы тыңдай отырып, алған әсерлерін білгендерінше жеткізуге тырысады. Әнді ар ынталарымен тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Әнді үйреніп әуенімен қосылып

	аттың шабысын. Ат (жылқы) қайда өмір сүреді, қалада ма, әлде ауылда ма. Жылқыға көбінесе аталар күтім жасайды. Енді сол аталар туралы ән үйренейік. Ән үйрену: «Біздің атай» (К.Қуатбаев, Ә.Дүйсенбиев). -Атаның қолынан бәрі келеді: егін де егеді, мал да бағады, үй де салады. Ол кісіні барлығы жақсы көреді. Ән көңілді атаға арналған. Сендердің аталарың бар ма? Аталарың сендерді қалай атайды? Әннің мәтінін тыңдаған соң, әуенге қосылып айтуды үйренеді.	айтады. Өз аталары туралы айтады. Ойыншық ағаш атқа мініп, аттың шабысын салып жарысады. Балалар ойынды аса құлшыныспен ойнайды. Оларға атқа шапқан ұнайды. Би элементтерін дәл қайталауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Біз бүгін қандай жануар туралы музыка тыңдадық. -Құлыншақ қай малдың төлі. Сабақты қорытындылау, мадақтау	Құлыншақ туралы. Жылқының төлі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ата туралы үй жануары жылқының төлі құлыншақ туралы.

Игереді: қамқор, бағбан, ұста сөздерінің мағынасын.

Меңгереді: аттың шабысын салып жарысу дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 17.13 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қазақстан – кең, байтақ елім»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: Қазақстан рәміздерінің суреті, сәулетті қалалардың суреті.

Билингвалды компонент: Кең байтақ – широки край.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Қазақстан» (Қ.Есмуратов, Х.Балшабеков) Әнін ойнатып, балаларды көңілді қарсы алады. Балаларға қолдарына жалаушаны таратып беріп, әуенді- қимылға шақырады. Босқа қарап тұрмаймыз, Ән айтамыз, жырлаймыз Жалаушаны көгілдір Оңды – солды бұлғаймыз. Біздің еліміз өз гербі,туы, гимні бар егеменді ел.	Балалар қуана келісіп, жалаушаларды алады, дұрыс Ұстауға талпынады. Рәміздердің суретін көріп ту, герб, гимн туралы тыңдап, әңгімелейді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Біздің Қазақстанымыз кең – байтақ жері бай өте үлкен мемлекет. Әдемі қалалары бар, табиғаты сұлу, таулары, өзендері көрікті. Ән тыңдау: «Қазақстан» (С.Мұхамеджанов,Ғ.Жұмабаев) - Әннің сипаты қандай? - Әнде не туралы айтылады? Сендерді Қазақстанымызды аралап, танысуға саяхатқа шақырамыз. Пойызбен барамыз. «Пойыз» (Ж.Тұрсынбаев, А. Асылбек) әннің	Суреттерді тамашалап, қызығушылық тарын артады. Әңгімені қызыға тыңдайды. Әнді бар ынталармен тыңдайды. Көңілді пойызға жайғасып

	ырғағымен вагондар қозғалады. Мен,паровоз,от алам. Астанаға бет алам, Пуп-пуп, пыш-пыш. Міне Түркістан қаласы! – деп қабарлайды. Үнтаспадан «Түркістан» әні (Р.Рымбаеваның орыдауында) естіледі. Қаладан көп өтеміз, Астанаға жетеміз. Пуп – пуп, пыш –пыш. Саяхат әрі қарай жалғасады. - Міне, Астанаға да жеттік. (Суреттер көрсетіледі) Көшелері қандай әдемі! Биік үйлері көп екен. Ал мынау жарқырап тұрған «Бәйтерек» кешені, - деп таныстырады. Біз көңілді баламыз, Ойнап асыр саламыз. Ән де айтып, көңілді, Би де билей аламыз. Би: «Кел, билейік» биін билеуге шақырады.	отырады. Паровоз дауысын салып, көңілденеді. Түркістан қаласының суретін көріп, тамашалайды. Әнді тыңдап әсерленеді. Көңілді пойызбен саяхаттарын жалғастырады. Қала суретін тамашалайды. Астананың сәулетті көшелерінің суреттеріне таңырқай қарайды. Би қимылдарын бірге жасауға, ырғақпен қозғалуын әрекет етеді.
Рефлексиялық – түзетушілік	- Қандай рәміздерді білесіңдер? - Қай мемлекетте тұрасыңдар? - Қандай қалаларға бардық? - Кімге қай қала ұнады? – деген сұрақтар арқылы оқу іс- әрекетін қорытындылайды.	Балалар естіп білгендерін, көргендерін айтып жауап береді. Қуанышты күйде қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді сезіне тыңдауды, мәтінін әңгімелей білуді.

Игереді: жалаушалармен еркін жаттығулар жасауды, ойын саяхатын белсене қатысуды, ән әуенін, ырғағын шапалақпен келтіруді.

Меңгереді: мемлекеттік рәміздермен танысып, Қазақстан туралы мәліметтерді ұғынуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 24.26. 11.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің Отаным»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттғу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу.

Көрнекілігі: Еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер.

Билингвалды компонент: Менің Отаным – Моя Родина.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Марш» (А.Затаевич) әуценін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. <i>Бір, екі, үш!</i> <i>Бойға жинап күш,</i> <i>Ағалардай Отанға,</i> <i>Ұлан болам мен ертең!</i> Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.	Әуен екпенімен нық басып, ырғақты сезіне жүруге талпынады. Тізелерін көтере, мақтанышпен жүріп өлең жолдарын қосыла айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді. «Жалаушамен би» (Е.Брусиловский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды. Қалалардың еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке карап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. <i>Жайнаған сансыз қаласы,</i> <i>Жайқалған жомарт даласы,</i> <i>Ел-Отан біздің кең-байтақ</i> <i>Отанның біздер баласы.</i> (Қ.Шаңғытаев)	Жалаушаларды ұстап, 4-5 қатарға тұрады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Жалаушаны желбірте жоғары көтереді, оңға, солға бұрылып, бірге қимылдауға тырысады.

	Балалардан Отан туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап, белсене қатысқан балаларды мақтайды. - Кең-байтақ Отанымыз туралы ақын ағаларымыз осылай жырлайды. Ән тыңдау: «Отан-ортақ үйіміз» (Д. Ботбай, Е. Өтетілеуұлы). - Бұл әннің көңіл күйі қандай? - Ән мазмұнында не туралы айтылады? - Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе? - деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік ұғымын кеңейте түседі. Ән үйрену: «Менің Отаным» (Ө. Байділдаев, Б. Ысқақов). Әнді орындап сипатын мәтінін әңгімелеуге ықпал етеді. - Ән не туралы? - Сендерге ән ұнады ма? Бірге айтуды ұсынады. Қысылып еш саспайық, Қызық ойын бастайық! Ойын: «Тақия тастамақ»	Балалар жатқа білетін тақпақ, өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды. Әнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады. Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтап дауыстарын соза әндетеді. Тез жүгіріп, ойында жеңімпаз атануға тырысады.
Рефлексиялық – Түзетушілік	Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. - Туған жерің қандай? - Қай қалада тұрасың? - Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Қызығушылықтары артып, көтеріңкі көңіл күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманы сезіне тыңдап, әнді табиғи дауыспен орындай білуді.

Игереді: әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды

Меңгереді: әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Ән-саз жетекшісі: Г. Сейділдаева.

Күні: 1.3. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біздің Астана»

Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету.

Көрнекілігі: «Астанам» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус макеті.

Билингвалдықomp: Менің Астанам – Астана моя

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Үнтаспада «Астанам» әні орындалып, жетекші балаларды қарсы алады. -Балалар, бүгін біз әсем қала Астананы аралап қыдырайық. Қала өте үлкен. Сондықтан да көлікке отыруды ұсынамын. Ал ондай болса бірінші көгілдір экранға назар аударыңдар. (слайд көрсету) Қандай көлікке отырамыз, жұмбақтың шешуін табыңдар: <i>Дыз- дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не ал кім біледі?</i> (Троллейбус) Балаларға троллейбус макетіне жалғастыра қойылған орындықтарға отыруын ұсынады.	Балалар әуен ырғағымен кіріп, «Сүйікті Астанам» атты сурет көрмесін немесе слайдты тамашалайды. Астана туралы білетін тақпақтарын айтады. Қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелейді. Жасырылған жұмбақ шешеуін табуға тырысады. Троллейбустан орын алып, жайғасады. Жүргізуші тағайындылады. Суреттерге слайдқа қарап әңгімелеуге, көргендерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Бәрі: <i>Дыз дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді.</i> Бип-бип! Міне циркке де жеттік. (Суретін көрсетеді). -Циркте не көруге болады? Сендерге цирк ұнады ма?	Көлікке қайта отырып, көңілді әндетеді. Суретті тамашалайды.

	Бізде сүйікті қаламыз туралы ән тыңдайық. Ән тыңдау: «Астана» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). -Әнде Астана қаласы туралы не айтылған?-деп, балаларды әңгімеге тартады. -Қала көшелерін аралап, қызықтадық. Енді көңілді әнге кезек берейік. Ойын: «Жұбыңды тап!» (орыс халық әуені). Ойынды 6,8 жұпқа бөлініп ойнайды. Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді, әуеннің басталуы мен аяқталуына сай бірге қимылдауларына мән беріп қадағалайды. -Енді троллейбусқа отырып, бақшамызға оралайық,-деп көлікке отырады. Бақшамызда арайлы, Күн шуағы тарайды. Апайлар мен балалар, Қол бұлғап бізге қарайды.	Әнді тыңдап, түсінгенін, мазмұнын айтады. Ұлдар өздеріне жұп таңдап, қыздарды ойынға шақырады. Музыка ырғағын тыңдап, бірге қозғалып, ойын шартын сақтауға машықтанады. Троллейбусқа отырып, әндетеді.
Рефлексиялық – түзетушілік	-Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма? -Қандай көлікке отырдық? -Қайда бардық? -Нелерді көрдік? Жауаптарын тыңдап, балаларды мадақтайды.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, қалаға жасаған саяхатты естеріне түсіреді. Қуана қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен екіпінін сезіну, әнді сипатына сәйкес айту, әуенді таза айта білуді.

Игереді: музыканы тыңдай отырып, көлікте жүруді әуенге сәйкес қимыл жасауды, түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

Меңгереді: сүйікті қаласы туралы, сәулетті жерлері туралы біледі, әңгімелей алады, әнді нақышына келтіре айтуды.

Музыкант: О.Усербаева

Күні: 8-10. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қыс өрнегі»

Мақсаты: Өнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағыландыру.

Көрнекілік: « Қысқы ойындар» суретері, Қыс табиғатының суретері.

Билингвалды компонент: Қыс табиғаты. Ауа, су, күн, жұлдыз, жел, бұлт.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	Балаларды көңілді қарсы алу. Амандасу. Музыка залына марш әуенімен кіреді. Шеңбер бойымен жүріп, жаттығулар жасайды. (жүреді, секіреді, айналады, аяқ ұшымен жүреді т. б).	Балалар залға кіреді, амандасады. Музыкамен жүреді, жаттығулар жасайды.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Балалар бүгінгі оқу қызыметің тақырыбы « Қыс өрнегі» деп аталады. Қыста табиғат өте сұлу, күн суық, айналаны қар басып, мұз қатып, қырау басады. (суретпен жұмыс жүргізу). Бүгінгі оқу қызыметі жұмбақ жасырудан бастайық. Ақ сақалды атаны ай, Мінезінің шатағы ай! (Қыс) Қол созсаң, ақ күміс Алақанға толады. Ашып- жұмсаң, із- түссіз Лезде жоқ болады. (Қар) Балалар қыс мезгілі барлық адамға ұнайды. Табиғат ауасы таза, жақсы демалып, таза ауа жұтасың. Ауладағы немесе көшедегі ағаш, шыршалары қар басады.Балалар қандай қысқы ойындарды білесіңдер? Балалар аулаға шығып қармен қандай ойындар ойнауға болады?	Балалар Суреттерді қарап, әңгімелеуге тырысады. Жұмбақтың шешуін табуға тырысады.

	(Аққала жасау, Шаңғы тебу, Қар атысу, Шырша безендіру) т. б. Міне осындай көптеген ойындар бар. Осы ойының біреуін тандап ойын ойнайық. Ойын: «Шаңғы тебу» Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақтармен қозғалып, Жаттығуды бастаймыз. Ойының шарты: Балалар Екі топқа бөлініп, Аяқа шаңғыны байлаймыз. Белгіленген мәре болады сол мәреге кім тез немесе бірінші жетсе сол жеңімпаз болады. Ойынды бастаймыз. Әуенді қимыл: « Көңілді полька» (И. Штраус) орындалып, би қимылындарын көрсетіп, қайталауларын сұраймын.	Балалар ойын түрлерін жетекшімен бірге айтуға тырысады. Балалар ойынға белесене қатысады Балалар ойынды тез және жылжам ойнауға тырысады. Екеуден қол ұстасып, жеңіл секіреді, айналады, отырып тұрады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Қыста ауа райы қандай болады? -Қыс мезгіліндегі қандай ойындар ойналады? -Сендерге ойын ұнады ма? Мақтап мадақтау. Осымен бүгінгі оқу қызыметі аяқталды. Сау болыңдар балалар. Марш пен шығады.	Қыста суық, аяз болады. Балалар өз ойларын айтып, жауап беруге тырысады. Балалар көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді

Игереді: Әуенге ілесе би қимылдарын еркін жасауды.

Меңгереді: Ойынға белсене қатысуды. Жұмбақ шешімін табуды.

Ән-саз жетекшісі: ГСейділдаева.

Күні: 15-17. 12.2021ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдасырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:«Жайлаудағы төлдер»

Мақсаты: музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу.

Көрнекілігі: бұзау, қозы, құлыншақ.

Билингвалды комп: Төлдер – детенуша животный.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Жетекші балаларды көңілді қарсы алады. Амандасу жаттығуы айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді. Үнтаспада орындалған М.Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.	Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге өз орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға шумақтың қайырманың қимылдарын білуге дағдыланады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Б.Дәлденбай өңдеген «Хайләйлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады. <i>Құлындарым кісінен, Боталарым боздайды. Бұзауларым мәңіреп, Қойым ерте қоздады.</i> -Балаларды музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады. Дидактикалық ойын: «Анасын тап!» <i>Ән салайық, шырқатайық, Әуеніне тамсанайық Ойыншықтар әнін біз Үйренейік, айтайық.</i>	Жайлауға ұлдар мен қыздар қол ұстасып, ауыспалы адыммен жүріп билеп барады. Шығармаларды отырып тыңдайды. «Ойыншықтар» әнін үйренеді. Қыздар «Шөжелерім» биінің ырғақтарын жасай білуге талпынады, бас-қолдарын қимылдатады. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері

	Би: «Шөжелерім» (Қыздарға), «Тұлпарым» (ұлдарға, «Б.Бисенова жинағынан») биін үйретеді («Билеп үйренейік» жинағында үлгілері көрсетіледі). Қимылды ойын: «Кімге қай төл ұнайды?»Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді. Бұл ойынды қайталап үйретіп, төлдер жарысын өткізуге болады. Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып, белгіні айналып келіп орнына тұрады.	көтеріледі, эмоциялар ы білінеді. Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп, даусын, қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалардан қайда барғанын сұрайды. -Хайләйлім шығармасының композиторы кім? -Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар? -Бүгін қандай ән үйрендік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.	Жайлауға бардық Композиторын бірнеше суреттің ішінен тауып айтуға тырысады. Сабырлы, жігерлі, көңілді «Шөжелерім» «Тұлпарым».

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

Меңгереді: музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, «Шөжелерім», «Тұлпарым» биін билеуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 22-24. 12.2021ж.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:: Музыка

Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз»

Мақсаты: вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру.

Күйші композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын,әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап,қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі:құстардың суреті,ойыншық құстар,құстарға ұя жасау.

Билингвалды компонент:Құстар - птицы

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Марш әуенімен кіріп,шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады. Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық. Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып,құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады.	Маршпен шеңбер бойымен жүреді,аяқтарын нық басады. Құстардың қанатын көрсете,қолдарын екі жаққа созып,аяқ ұшымен жүгіреді. Бір орында айналады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	-Көктем мезгілі келіп,құстар да орала бастады. Ендеше,құстар туралы жұмбақ шешейік. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады. Тұмсығын ояды, Ағаш құртын жояды. Көктемгі тоғайға серуенге шақырады. «Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.	Жұмбақтардың жауабын ойлана қызыға шешіп табады. Шешуі: Бұлбұл Шешуі: Көкек Шешуі:Тоқылдақ Балалар әуен ырғағымен секіру,аттау қимылдарын көрсетеді,бірге жасайды.

	Тоғай, тоғай, көк тоғай, Көк тоғайда көп торғай, Тоғай іші қапырық, Демалайық отырып- деп,балаларға отырып , жайғасуларын сұрайды. Ұнтаспадан құстар даусы естіледі («Табиғат үндері» жинағынан). Құстар дауысын ажыратуларын сұрайды. Музыка тыңдау: «Көкек» (Х.Мұхамедова,А.Рахмат,аудар ған М.Әлімбаев)әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. Би: «Аққу» күйі (Н.Тілендиев) ұнтаспада немесе домбыра аспабында орындалады.Күйдің көркемділігін,үндестігін, сезініп, түсінулеріне ықпал етеді. «Аққу» күйіне қыздарға би қимылдары үйретіледі. «Аққу» биінің («Билеп үйренейік»жинағынан) элементтерін көрсетеді	Отырып демалуға жайғасады.Құстар үнін естіп елеңдейді,қызығушы лықпен тыңдайды. Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады. Әнді тыңдап, көкектің даусына бірге қосыла әндетеді. Өздері көрген, білетін құстары туралы әңгімелейді. Аққу құсы туралы біліп,суретін көреді. Күйді тыңдап,әсер алады,қызығушылық тары оянады.Би элементтерін нәзік,баяу көрсете,мәнерлеп билеуге талпынады,үйренеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	-Қандай құстың даусын ұнатасың? -Сенің ауланда қандай құстар бар? -Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?	Қойылған сұрақтарға жауап беріп,құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу,күйші-композитор

Н.Тілендиев туралы түсінік алу.

Игереді: құстар туралы біліп, мағлұмат алады. «Аққу» биінің элементтерін игереді.

Меңгереді: әннің музыкасын әндете айтуды,дұрыс тыныс алуды,өз мәнінде нақышына келтіре отырып орындауды,құстардың дауысын ажыра білуді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 5-7. 01.2022.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: қысқы әндерге деген қызығушылығын ояту, дамыту, музыканы тыңдауға талпындыру. Театр кейіпкерлерін көруге шақыру. Ойындарға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу.

Көрнекілігі: Қыс көрінісінің суреті.

Билингвалды комп.: Қысқы әуен – Зимняя мелодия

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Балаларды көңіл күймен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаны ортаға әкеліп қояды. Балаларды шыршаның әшекейлерін көруге шақырады. <i>Міне сұлу шыршамыз, Қуанамыз баршамыз. Әсем сұлу жұлдызша, Жарқырайды құлпыра. Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса, -</i> Деп шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақырады.	Балалар залға тізіле кіріп амандасады. Балалар кішкентай шыршаға тамсана қарайды. Балалар шырша басына қарап қуанады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	- Кәне, балалар, мен сендерге «Шыршамызға арнаймыз» әнін айтып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. (Музыкасы Е. Тиличеева , сөзін жазған Г.Абдрахманова). Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару (олар шырша түбінде отырады) Әуенді-қимылды ойын: «Қояндар мен қу түлкі» (музыкасы Г. Филаровский сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). Балаларды ойынға әндете шақырады. Балаларға қоянның атрибутын кигізеді, жетекші ойыншық түлкі кейпінде өзі ойнайды.	Балалар әнді тыңдайды. Балалар шырша түбінде отырған қояндар мен түлкіге қарайды. Музыкасын тыңдап, ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды.

	Үстел үстіне шыршаны қойып, балаларды саусақ театрын көруге шақыру. (Халық әні «Хайләйлім», музыкасын лайықтаған Б. Дәлденбай, сөзін лайықтаған Г. Абдрахманова). «қолғап» орыс халық ертегісін айтып беру, әр кейіпкердің әуенін қосыла айтуға үйрету. Ертедегі Тышқан, Бақа, Көжек, Түлкі, Бөлтірік, Қабан, Аю кейіпкерлерінің бейнесін саусаққа киіп, дыбыстарын және қимылдарын көрсетіп, әндете айтып жеткізу. Мысалы, Тышқан, Бақа қимылдарын секіріп, дыбыстарын келтіріп көрсету. Балалардан дыбыстарды, қимылдарды қайталап жасауды сұрау.	Балалар театр кейіпкерлеріне қызыға қарайды. Үстел үсті театрына қызыға қарап тыңдайды. Әнді тыңдап, ертегі кейіпкерлеріне қызығушылықтары арта түседі, қосылып айтуға тырысады. Тышқан, бақа, т.б. қимылдарын қайталауға талпынады. Балалар жеңіл, аяқ ұшымен әуенге ілесіп жүгіреді.
Рефлексиялық-түзетушілік	«Сөйлейтін бубен» ойыны. Бубен балаларды мақтайды, дұрыс жауап берген тапсырмаларға «Жарай-сың», «ө-те жақ-сы» деп жетекшісі бубенді ырғақпен ұрады. Балалардың ырғақты сезінуін дамытады. «қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауыстары мен қимылдарын музыка сөзімен жеткізуге үйретеді. Қоштасады.	Балалар барлық кейіпкерлерді аянышын қорқынышын, қуанышын сезіне қабылдауға талпынады. Балалар ойынға қызыға қатысады, ырғақты сезіне біледі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл-әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды

Меңгереді: аңдар жүрісін секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 12-14. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әуенді- сиқырлы ормандағы құртақандар»

Мақсаты: тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемедей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арқасында анықтау. Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылыққабілетін дамыту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.

Көрнекілігі: жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар, қоңырау, бубен, маракас, металлофон.

Билингвалды компонент:Жәндіктер- насекомы.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады. «Табиғат құбылысы» (үнтаспадан тыңдатады). Балаларға жауып тұрған қар ұшқындарын көз алдарына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқындарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен Жетекші жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді. - Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады, Орманға барамыз, Құртақандарды табамыз. Жылдам жүгіреміз, Адымдап жүреміз, - деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады	Балалар залға кіріп, бірінің артынан бірі тізіліп тұрады. Балалар вальс ырғағымен жүреді, қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады. Балалар музыка әуенімен, көз алдына жауып тұрған қарды елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға, және алақанымен қағып алуға тырысады. Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, адымдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ» (Е.Тиличеева). жаттығуды айтқызады, үйретеді. Балаларды	Балалар дауыс жаттығуын тыңдай жүріп айтуға талпынады.

	отырғызып, демалуын сұрайды. Ән үйрету: «Қыс» (Б.Жүсібалин, А.Асылбек) Балаларға әнді жаттатып үйретеді. Әуенді-қимылды қозғалыс: «Қоңыраулармен билейміз». Балаларды жеке жеке шығарып айтқызады. 1-бала: Келіндер, келіндер, Бізбен ойнап көріңдер. 2-бала: Келіндер, келіндер, Бізбен ойнап көріңдер. 3-бала: Шапалақтап қағыңдар, Айналыңдар, билеңдер. 4-бала: Топылдатып аяқты, Кезек-кезек соғыңдар!	«Қыс» әнін еркін қайталап айтуға тырысады. Балалар жеке дауыспен айтуға талпынады. Бірге қол шапалақтауға тырысады Балалар музыканы тыңдап, қимылдарды қайталауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ойын: «Шаңғы тебеміз» (Е.Тиличеева). Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақпенен қозғалып, Жаттығуды жасаймыз. - Бүгін бізге кімдер келді? - Сендерге аспапта ойнаған ұнады ма? Балаларды мадақтайды.	Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын барысында әуенді, ырғақты сезінеді. Құртақандар ұнады. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы сезіне тыңдауды, ән айтуды.

Игереді: музыкалық аспаптарда ойнауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ ұруды, аяқ топылдатуды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейдаілдаева.

Күні: 19 -21. 01.2022.

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Пойыз

Мақсаты: Өртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру.Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: Пойыздың суреті

Билингвалды компонент: Пойыз – поезд

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа пойызбен барамыз. Қоңыр қонжық орманда тұрады. Кәне бәріміз пойызға мінеміз. «Пойызға біз барайық , Вагоннан орын алайық»,- деп «вагондарға»- тізбектелген орыдықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	«Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш,пух-пух, Ән айтып біз қостайық»,- деп. «Пойыз» әнін (Қ.Қуатбаев, Ж.Смаков) - Ал,балалар міне бізде орманға келіп жеттік. Пойыздан түскенде бізді ойыншық қоян қарсы алады. Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзде жинап қоямын,- дейді. Балалар қоянша секіріп,қимыл жа-	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы оманды» аралайды. Балалар қоянды көріп қуанады. Қоянды ұстап, сипап көреді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады. Балалар аюға көңіл аударып, қызығушылық танытады.

	сайды. Ән тыңдау: «Сұр қоян» (А.Филипенко, Қ.Ұбанұлы) Ән айту: «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай) әуені орындалып, Үйшіктен Жетекші ойыншық аюды алып шығады. Аю: «Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас қоямын ойланбай». (А.Асылбек) -Сәлеметсіңдер ме, балалар Әуен қайта ойналып, ойыншық аюды қозғап қимыл жасайды.Музыка жетекшісі балалаға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға шақырады. «Қонжық және қоянмын Ойын ойнап күлейік. Достарымыз қуансын, Тату болып жүрейік.»- деп «Қояндар мен аю»ойынын ұйымдастырады.	Балалар қуана аюмен амандасады. Аю қимылдарын қайталап, «қорбаңдай» жүреді,бір орында айналады. Әуеннің ырғағына сай қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға» отырып жолға шығатындарын айтты. Саяхаттың аяқталғанын,бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.	Балалар пойызға «отырып»,жолға шығады. Қуанып қол шапалақайды.Қол бұлғап,қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз,пойыз туралы ұғынып білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу,бірге қуану,риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту,қайталау.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 26-28. 01.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Бесік жыры

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ата – анасын сыйлай, қастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету.

Көрнекілігі: Қуыршақ, қуыршақтың төсегі.

Билингвалды компонент: Бесік жыры – колыбельная музыка

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар музыка залымен марш әуенімен кіреді. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне сәттілік тілеп, қолдарының жылуына береді. Қуан, шаттан, балақай! Жарқырайды аспанда күн, алақай! Атқан таңға, шыққан күнге сәлем беріп, Тілейік бақыт баршамызға осындай. Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі. Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Біз келгенде, күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба, қуыршақ? Р.Тышқанбаев	Балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Бүгін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, күлмейді, жүгірмейді. Бірақ сендер не істесеңдер де, тамашалап қарайды. Әндеріңді тыңдап, билеріңді қызықтайды. Анасы бөпесін бесікке жатқызып ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан. Ән тыңдау: «Әлди, әлди, бөпем-ай» (Б.Аманжол)	Балалар Айгүл қуыршақпен амандасады. Бесік жырын тыңдайды.

	Ән үйрену: «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Ал біз анамызға арнап ән айтамыз. Ойын: «Кешікпе» Әуенге ілесіп, балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отырып қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтеп, Өнер көрсетеді. Би: «Сайыс би»	Бұл ән қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады. Би қимылдарын бірге жасап үйренеді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Қуыршақ Айгүл балаларға рахметін айтады. Балаларды мақтау, мадақтау.	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ананы қастерлей білуді.

Игереді: Әнді тыңдай отырып, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

Меңгереді: музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 2-4. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Наурызым – армысың!»

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеу отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт – дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.

Көрнекілігі: Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер.

Билингвалды компонент: Салт-дәстүр – традиция

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды ұнтаспада орындалған «Сарыарқа» күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін айтады. Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда жүрсең жол болсын!	Балалар залға келеді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тыңдайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, наурыз- жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурызкөже даярланады. Жұрт бір-бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салады би билейді. - Сендер наурыз туралы не білесіңдер? - Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Жетекші музыка тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау: «Қамажай» Ән үйрену: «Наурыз» (А. Досмұғамбет, Ж.Мұхамеджанов) Әнді айтып болған соң әже балаларды	Балалар әжеге наурыз туралы өздерінің білгендерін айтып беруге тырысады. Балалар музыка тыңдайды.

	ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады. Ойын: «Сылдырмақтар» (С.Майкапар) Балалар музыкаға ілесіп, залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді. Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарынан тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты жасырып, жайлап әжеге жақындайды. Музыка соңында әже балаларды куады, балалар қашады. Би «Қамажай» Әнге ілесіп, әже би қимылдарын көрсетеді. Қыздар қайталайды: қолды білезік буынынан бұрау, жүн сабау, айнаға қарау.	Ойынды қызығып, ойнай білді. Сылдырмақты әуенге ілесіп, сылдырлатуға тырысады. Ойын соңында әжеден қашады. Қыздар әже көрсеткен қимылдарды жасауға талпы- нады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Әже балаларға риза болып, рахмет айтып, мақтайды.	Әжемен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт – дістүр туралы

Игереді: Наурыз, наурызкөже туралы түсініктіреді.

Меңгереді: Қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды меңгерді.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 9-11. 02.2022ж.

Білім саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Музыка»

Тақырыбы: «Әуен сандықша»

Мақсаты: түрлі сипаттағы музыканы тыңдатып айтқызу. Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажаратуға үйрету. Аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.

Көрнекілік: ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар.

Билингвалды компонент: сандықша, полька, вальс, марш.

Іс-әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Көңілді музыкамен қарсы алады. «Серуендейміз, демаламыз» (М.Красев) Көңілді музыка әуеніне қыдыруға шақырады. Қол ұстасып, зал ішінде еркін журу. Әуен соңында шеңбер бойымен тұруды сұраймын. Ал, кәнекей, тұрайық, Шеңбер құрып тұрайық. Ғажайып сандықшаны көрсетеді. Аспаптарды алайық, Біз оркестр құрайық,-деп «Барабаншы» (М.Красев) әуеніне аспаптарда ойнауға үйретмін.	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен залға келеді. Амандасады Шеңбер құрып тұрды. Ғажайып сандықшаны қызыға ашып, ішіндегі музыкалық аспаптарға атайды.(барабан, бубен, қоңырау)
Ұйымдастырушылық-іздігі	-Жарайсындар балалар! Аспаптарды жинайық, Отырып демалайық! -Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі. Сандықшаға құлақ тосып тындайды, онда тапсырма берілгенін айтады. «Әуенді тындап, ажырат»-деген тапсырма ұсынады. Әуенді-дидактикалық ойын: «Ырғағын ажыратады», «Итальяндық полька» (С.Рахманинов), «Бесік жыры»	Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдады. Сандықшаның әсем әуен тындады. Әртүрлі сипаттағы жанрларды тындап, ажыратады.

	(Халық әні), «Жалаушамен жаттығу» (Е.брусиловский) музыкалары ойналып, ырғағын ажыратуға тапсырма береді. Дауыс жаттығуы: «Сағат пен елек» Айтылып балалардың дауыс ырғағы байқалады. Ғажайып сандықшаны қолына алып келесі тапырмана айтады. Мен өнерпаз баламын, Шырқап әнге саламын. Өскенде ертен –ақ, Әнші, биші боламын Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» (Е.Хасенғалиев, А.Асылбек). Шарты: Қуыршақтарды жай, ақырын, ашықжарқын дауыспен әндете тербетуін сұраймын.	Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді. Тапсырманы орындайды. Қуыршақтарды алып жайғаса отырады. Әнді жай, ақырын, ашықжарқын дауыспен әндете айтады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Би: «Біздің ойыншықтар» Би қимылдарының дұрыс жасауын көрсетемін. -Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар берді? -Әуені қандай екен? -Бүгін сендерге не ұнады?	Қалаған ойыншықтарын алып, қатарласа тұрып, би қимылдарын жасайды. Балалардың еркін жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түрлі сипаттағы әндерді орындауды, музыкалық шығармаларды сезінуді, әнді сезіне айтуды.

Игереді: сылдырмақтар, бубендер, қоңырау аспаптарында әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимылдар жасауды.

Меңгереді: әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді, ырғақтарын сезіне би қимылдарын жасауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 16-18. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көктем»

Мақсаты: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту.

Көрнекілігі: көктем көріністерінің суреттері.

Билингвалды компонент: Көктем - весна

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберіне тұрғызады. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Келіп шыққан күнге, Күніміз жарық болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мөлдір болсын! Көктем, көктем, көктемде Құстар келіп жеткенде, Біз қуанып қаламыз, Әнмен қарсы аламыз. Көктем көріністері бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жыл мезгілі бейнеленгенін сұрайды.	Балалар көңілді әуенмен кіреді. Шаттық шеңберін жасап, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады. Көктем» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов). -Балалар, қазір қандай жыл мезгілі? -Көктемде қандай құбылыстар болады? -Қар, мұз қай кезде ериді? Ағаштар қай кезде бүршік атады? Сендер тағы қандай құбылыстарды байқадыңдар?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Көктем Көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік атады. Сұраққа толық жауап беруге тырысады.

	-Дұрыс айтасындар,күн жылиды, мал төлдейді, жауын жауады. Ән үйрену: «Көктем» (К.Қуатбаев,А.Асылбек). Музыка жетекшісі әнді нақышына келтіріп орындап береді. Алдымен мәтінін қайталап, содан кейін әніне қосып айтады. Жетекші балалардан ән не туралы екенін сұрайды. Ән көңілді,жеңіл орындалады.	Балалар жаңа әннің не туралы екенін түсініп,әуенін секе сақтауға тырысады.
Рефлексиялық -түзетушілік	-Сонымен,бүгін қандай жыл мезгілі туралы сөз болды? Балаларды мадақтайды,қоштасады.	Көктем туралы. Көңілді әуенмен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктем құбылыстарын айта біледі.

Игереді: бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

Меңгереді: Әнді нақышына келтіріп орындауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 23-25. 02.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Шуақты көктем»

Мақсаты: музыкалық шығарманың қарқынын айыра алу. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.

Көрнекілігі: көктем көрінісін бейнелейтін суреттер, биге қолданылатын гүлдер.

Билингвалды компонент: Көктем – весна.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балалар әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. («Марш» М.Раухвергер) <i>Біз адымдап жүреміз, Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз, Бір, екі, үш! –</i> Деп балаладың қосыла айтуын сұрайды. - Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л. Вишкарёва) әуен ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.	Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Әуен соңында: Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық,- деп, балаларды көктемгі бақ Бейеленген көрініске жақындатады. - Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, Алуан гүлдер жайнап тұр екен!-	Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Гүлдеге таңырқай қарап, ұстап көреді.

	Деп балалардың назарын аударуға тырысады. <i>Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып! –</i> Деп демалуға жайғастырады. <i>Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде. Гүл тереміз алуан Шығып алып бөктерге, - деп</i> «Көктем» әнінің (музыкасын жазға К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағы орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға Жетекші мәтінге сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады.	Кілеме жайғасып отырады. Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге алпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Көктем келіп шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай, Құстар сайрап, Бақтар жайнап, гүл атты! - Балалар, сендерге бақ ұнады ма? -Құстар қалай әндетеді екен? - Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.	Балалар қуанып, қол шапалақайды. Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді. Балалар рақмет айтып, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

Игереді: әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

Меңгереді: гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналу, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Ән-саз жетекшісі: Г.Сейділдаева.

Күні: 8.03.2021.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ас атасы - нан»

Мақсаты: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша ат.

Билингвалды компонент: Нан – хлеб

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кеңес» күйі ойналып, Жетекші балаларды қарсы алып, ауылға тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздарға асатаяқ ұстатылады. Ұлдар ат шабу биін көрсетсе, қыздар асатаяқ биін көрсетеді.	Балалар күйді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйренеді. Ұлдар қуана атқа мініп, қыздар аспаптарды алады. Қыздар залдың екі жақ шетінде тұрып, асатаяқты келтіре ойнайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. Үнтаспадан «Ғажап көбелек» әні орындалады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды. Дауысымыз ашылды, Бұл-бұлдай сайраймыз. Көңілді ән айтып, Жадырап жайнаймыз. Ән айту: «Домбыра» (Ж.Тұрсынбаев)	Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып, әңгімелейді. «Дығы-дығы, дың-дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді. Көңілді әнді айтып шаттанады

	Ойын: «Тақия тастамақ»,»Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Би: «Асатаяқпен би» «Кел,билейік» билері қайталанады. Балаларға теледидардан далада өсетін гүлдермен таныстырды. Суретте гүлге қонып тұрған көбелектің суретімен таныстырды.	Ойынды қызыға ойнап,белсене қатысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды. Гүлге қонған көбелектің қимылын бимен көрсете алды.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Қандай ән, күйлер тыңдадыңдар? - Қандай би биледіңдер? - Қандай ойын ойнадыңдар? - Қандай гүлдермен таныстыңдар?	Қойылған сұраққа жауап беруге тырысады. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

Игереді: Гүлге қонған көбелектің қимылын билеуді игерді.

Меңгереді: ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды.

Ән-Саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 2-4. 03.2022ж.

Білім саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әнші балапан»

Мақсаты: тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдеп отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Ән арқылы балапанның қимылын жасауды үйрету.

Көрнекілігі: Балапанның суреті.

Билингвалды компонент: Балапан – цыпленок.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс- әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау, жүрту, би қимылдарынан үзінділер жасату. Балалар мына суретке көңіл бөліндерші, суретте нені көріп тұрсыңдар. Бұл балалапан кәдімгі балапан емес, әнші балапан. Кәне балалапаннан ән сұрайық. Балала балапаннан ән сұрамай тұрып, балапан туралы тақпақ айтып беіңдерші. Балапан ау, балапан, Айтқанымды ұқпайсын. Жем берейін өзіңе, Ақылды болып тұрғайсың.	Балалар көңілді әнмен залға кіреді. Амандасып шаттық шеңберін жасайды. Балапанның суретін. Балалардың тақпағы.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Ән тыңдау: «Әнші балапан» (сөзі: Қ. Қалыбеков, М. Омаров) Музыканы естіп, балапанның қимылын жасайды. Ән үйрену: «Әнші балапан» Бұл ән көңілді ме, немесе баяу ма? Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталату. Әуенді – қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді» жалғастыру. Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді. Әнді үйренеміз.	Әнді тыңдайды. Би билейді. Көңілді

	Әнші балапан. Білім, ғылым, өнерге, Қанат қағар кездерің. Ата салтын ертеңге, Жеткізетін өздерің. Қ – сы Әнші, биші, әнші, балапан. Әнші, жыршы, күйші, бала – балапан. Әнші, биші, әнші, балапан. Әнші, жыршы, күйші балапан.	Балалар ән айтып үйренеді. Балапанның қимылын салып, билейді.
Рефлексиялық- Түзетушілік	Қорытындылау. Балаларды бағалау, марапаттау.	Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді айта отырып, қимыл жасай білуді.

Игереді: Балапанның қимылын жасауды игереді.

Меңгереді: Әуенге ілесе отырып ырғақпен қимылдар жасауды.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 20-22. 04.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғынан қабылдай салыстыра білу. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілігі. Ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын – родственник.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан, Дос бауыр көп, туысқан. Отан – ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз. (Е.Өтетілеуұлы)	Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттық балалары бар: қазақ,орыс,өзбек,тәжік т.б. Бірақ бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек. Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М.Әубәкиров, Ә. Дүйсенбиев) - Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, - деп не үшін айтылған?	Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді. Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді. Балалар «ортақ» деген

	Бәріміз тату, дос болсақ,су да, жер де бәрімізге жетелі, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр. Би: «Биге шақыру» (орыс халық әні) Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылайша бәрі түгел биге шығады.	сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады. Балалар бір – бірін биге шақырады. Қимылды бірге жасауға тырысады.
Рефлексиялық түзетушілік	Қорытындылау, балаларды марапаттау.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қазақтың халық әнінен қабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ,ақпыз, сары, қарамыз, достық деген түсініктерді.

Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата биге шақыру дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: А.Ауезова.

Күні: 27.04.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Отан - біздің үйіміз»

Мақсаты: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіне арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу.

Көрнекілігі: Қалалардың көрнекі жерлерінің, еліміздің табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер. Түрлі түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Отан – Родина

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушылық	«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. Бір, екі, үш! Бойға жинап күш. Шынығамыз таңертең Ағалардай Отанға Ұлан болам мен ертең! Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.	Әуен екпінімен нық басып, ырғақты сезіне жүруге талпынады. Тізелерін көтере, мақтанышпен жүріп, өлең жолдарын қосыла айтады.
Ұйымдастырушылық - ізденістік	Балаларға түрлі түсті жалаушалар береді. «Жалаушамен би» (Е.Брусиловский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды. Қалалардың, еліміздің сұлу табиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке қарап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. Жайнаған сансыз қаласы, Жайқалған жомарт даласы, Ел-отан біздің кең-байтақ	Жалаушаларды ұстап, 4-5 қатарға тұрады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Жалаушаны желбіретсе жоғары көтереді, оңға, солға бұрылып, бірге қимылдауға тырысады. Өздері білетін қалалар немесе өзі туған ауыл, қала туралы әңгімелейді.

	Отанның біздер баласы. (Қ.Шаңғытбаев) Балалардан Отан,туған жер туралы білетін өлеңдерін сұрап,белсене қатысқан балаларды мақтайды. Отан-менің ата анам, Отан-досым,бауырым. Отан-өлкем,астанам, Отан-туған ауылым. Ән тыңдау: «Отан-ортақ үйіміз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы). -Бұл әннің көңіл күйі қандай? -Ән мазмұнында не туралы айтылады? -Сен өз Отаныңды жақсы көресің бе?-деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік-ұғымын кеңейте түседі. Даусымыз әдемі, Шықсын созыла Әндетейік енді біз. Бірге қосыла! Ойын: «Тақия тастамақ».	Балалар жатқа білетін тақпақ,өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды.Тақпақты қайталап айтады. Әнді ықыласпен тыңдап,әсерленеді.Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады. Тез жүгіріп,ойында жеңімпаз атануға талпынады.
Рефлексиялық-ізденістік	Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. -уған жерің қандай? -Қай қалада тұрасың? Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.	Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Қызығушылықтары артып,көтеріңкі көңіл күймен қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:шығарманы сезіне тыңдап,әнді табиғи дауыспен орындай білуді.

Игереді: әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды.

Меңгереді: әнді тыңдап,мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Ән-саз жетекшісі: А.ауезова.

Күні: 5.05.2022ж.

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Бейбітшіліктің суреті

ә күн - солнце

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін жасау. Жүгірту, би қимылдарынан үзінді жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б.)	Балалар тізбектеліп, көңілді музыкамен алға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберінде жылы лебіздер айтады. Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ән тыңдау: «Ақ кептерлер» (М.Мақатаев, Н. Тілендиев). Ән үйрену: «Әрқашан күн сөнбесін» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров) Ән айту ережелерін еске түсіреді. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді. Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді. Әуенді- ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу» (Литваның халық әні) Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соққызып, қол ұстатып, дөңгелетіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.	Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді. Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді. қарама қарсы тұрып, аяқты топылдатады, қол ұстасып дөңгелене билейді.

Рефлексиялық-түзетушілік	Сабақты қорытындылау, белсене араласқан балаларды ерекше атап өту.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка арқылы өз балабақшасына деген сүйіспеншілікті сезініп, жеткізе білулері керек.

Игереді: достық, әдептілік, батылдық деген түсініктерді.

Меңгереді: әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасау дағдыларын.

Ән-саз жетекшісі: А.ауезова.